Учитывая достаточно оправданный риск страхования урожая сельскохозяйственных культур, страховые (перестраховочные) организации не заинтересованы в возмещении данных убытков с высокой долей вероятности. Помимо этого, значительно сократилось количество заключаемых договоров обязательного страхования: с 3194 договоров в 2014 году до 400 в 2018 году, при этом количество объектов страхования сократилось с 144522 до 400 (Таблица 2).

Таблица 2

Основные показатели страхования в растениеводстве

	2014	2015	2016	2017	2018
Количество договоров страхования	3 194	1 755	1 630	829	400
Количество объектов страхования по заключенным договорам	144 522	1 755	97 227	39 257	400
Страховые премии, тыс. тенге	482 485	394 312	419 174	390 643	299 164
Страховые выплаты, тыс. тенге	1 065 762	157 995	21 702	76 550	29 581
Убыточность, в %	220,89	40,06	51,77	19,60	9,9

Примечание: Данные приведены на основе источника [3].

Таким образом, сельскохозяйственным товаропроизводителям можно рассчитывать на обеспечение и гарантию имущественных интересов только со стороны государства, но не страховых организаций.

Выводы

С целью совершенствования системы субсидирования сельскохозяйственного страхования, которая отвечала бы интересам всех участников страхования, на основе изучения зарубежного опыта, в том числе и Китая, мы предлагаем:

1. пересмотреть программу субсидирования страхования сельскохозяйственной продукции с учетом природно-климатических условий (в Китае в разной провинции размеры субсидии разнятся). Участие региональной провинции в финансировании стимулирует заинтересованность местных органов власти в развитии сельского хозяйства. Правительственные мероприятия и государственная поддержка за счет премиальных субсидий за 10 лет способствовали значительному росту в охвате различных зерновых культур и рисков по всей стране.

В настоящее время в Казахстане субсидирование страховых выплат зависит только от вида выращиваемой продукции;

2. субсидирование части страховых премии предусмотреть за счет местных бюджетов, таким образом, во-первых, заинтересовать и местные органы власти в развитии страховании рисков в растениеводстве, во-вторых, на местах это влечет за собой сокращение приписок и, соответственно, повысится прозрачность, отпадет необходимость лишней бумажной волокиты;

3. создания национального пула перестрахования катастрофических рисков в стране. В данном случае все страховые компании, работающие по программе субсидирования страхования, могли бы перестраховывать часть катастрофических рисков. Кроме того, это позволило бы страховым компаниям перестраховать свои риски на международном рынке, так как международные перестраховочные компании предпочитают осуществлять сотрудничество с компаниями из стран, в которых часть катастрофических рисков перестраховывается на внутреннем рынке. Непрерывное увеличение проникновения на рынок агрострахования в Китае привлекли все больше и больше внимания крупнейших мировых пере-

страховщиков, что сделал его в один из наиболее привлекательных рынков в мире.

Таким образом, разработка и внедрение эффективной системы страхования – потребность не только сельского хозяйства, но и всего государства в целом, а внесенные изменения позволят в первую очередь, вывести страхование в растениеводстве на качественно новый уровень, во-вторых, усилить интерес к данному виду страхования как страхователей в лице сельхозпроизводителей, так и страховщиков.

Исследование развития страхования в Китае наглядно иллюстрирует существенную роль и значение государственной поддержки, и структурированных усилий государственно-частного партнерства, наряду с долгосрочной стратегией и политическими шагами в развитии национальной системы сельскохозяйственно-го страхования. Эффективность модели ГЧП и государственной поддержки была доказана различными примерами в разных странах мира, в то время как китайский опыт следует подчеркнуть, среди других случаев, своим масштабом поддержки, достигнутыми результатами и уровнем устойчивого развития рынка.

Литература:

1. Ажибаева А.А. Проблемы и перспективы развития обязательного страхования в растениеводстве в Республике Казахстан / Проблемы агрорынка №1 2009, стр.58-62
2. Баймагамбетова З.А., Касимбекова М.А. Совершенствование методов управления рисками страхования в растениеводстве / Экономика и статистика № 2 2019, стр.60-66
3. Исмаилова Р.А., Баймагамбетова З.А., Мисник О.В. Субсидирование страхования сельскохозяйственных культур: зарубежный и отечественный опыт / Экономика и статистика №1 2019, стр.31-36
4. Калан Д. Система сельскохозяйственного страхования в США / <https://agroinsurance.com/ru/743/> (дата обращения: 15.04.2020)
5. Кусаинов Т. А. др. Сельскохозяйственное страхование в Казахстане: проблемные аспекты / Экономика и статистика №2 2008, стр.53-56
6. Кришевска Л., Шинкаренко Я., Шинкаренко Р. Сельскохозяйственное страхование в Китае: История, развитие и факторы успеха / <https://allinsurance.kz/articles/analytical/5780-selskokhozyajstvennoe-strakhovanie-v-kitae> (дата обращения: 18.05.2020)
7. Шестакова М.В. Опыт субсидирования страхования сельскохозяйственной деятельности за рубежом / Вестник КрасГАУ №2 2013, стр.166-168
8. Шинкеева Г. Анализ страхового сектора Республики Казахстан в 2017 году / АО «Рейтинговое Агентство РФЦА» / Алматы 2017
9. Ассоциация страховщиков Казахстана. Страхование в растениеводстве: история с продолжением / Рынок страхования №3 2016
10. Государственная поддержка сельского хозяйства развитые и развивающиеся страны / Евразийская экономическая политика. Департамент агропромышленной политики / Москва 2017
11. Зарубежный опыт страхования в сельском хозяйстве / ФГБУ ФАГПССАП, 2008, стр.47

Резюме:

Қытайда қабылданған сақтандыру бойынша жаңа бағдарлама санаулы жылдар арасында елді ауыл шаруашылық тәуекелдерін сақтандыру нарығының көшбасшысына айналдырды. Мақалада сол тәжірибе тереңірек қарастырылды. Отандық ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қолдау құралы ретінде, өсімдік шаруашылығындағы тәуекелдерді сақтандыруды субсидиялау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Негізгі сөздер: ауыл шаруашылығы, субсидиялау, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, өсімдік шаруашылығы, мемлекеттік қолдау, сақтандыру.

В статье рассматривается опыт сельскохозяйственного страхования в Китае с целью подробного изучения новой программы страхования, которая за считанные годы вывела страну в число лидеров рынка страхования сельскохозяйственных рисков. Даны предложения по совершенствованию системы субсидирования страхования рисков в растениеводстве, как инструмента государственной поддержки отечественных сельскохозяйственных производителей.

Ключевые слова: сельское хозяйство, субсидирование, сельхозтоваропроизводитель, растениеводство, государственная поддержка, страхование.

The article discusses the experience of agricultural insurance in China in order to study in detail the new insurance program, which in a few years has made the country one of the leaders in the agricultural risk insurance market. Suggestions are given to improve the system of subsidizing insurance of risks in crop production as an instrument of state support for domestic agricultural producers.

Keywords: agriculture, subsidies, agricultural producers, crop production, state support, insurance.

Сведения об авторах:

Баймагамбетова З.А. – к.э.н., заведующая кафедрой «Финансы» Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (г.Нур-Султан)

Баймагамбет Н.Ж. - докторант 2 курса специальности «Финансы» Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (г.Нур-Султан)

JEL: Q12, Q17

Жұртшылық шаруашылықтарындағы сүт өндірісінің қазіргі кездегі жағдайы мен өзекті мәселелері

Г. Шінет, А. Купешева, Е. Тулбасиев

Кіріспе

Сүт адам баласының туғаннан бастап және өмір бойы күнделікті ас-ауқат рационының негізгі өнімі болып табылады. Сүт және сүт өнімдері нарығы - Қазақстанның азық-түлік нарығының жаппай өндірілетін өнім түрі. Осы сала мамандарының бағалауы бойынша, қазақстандық нарықтың сыйымдылығы бүгінде жылына 40 мың тоннаны құрайды. Ішкі тұтындағы отандық өндірістің үлесі 65%-ды құрайды, ал қалған 35%-ы импортталады. Осылайша, сүтті қайта өңдеуде өндірісті ұлғайту және импортты ығыстыру үшін айтарлықтай перспективалар бар. Қазақстанда сүт өндірісінің айтарлықтай өсуі 2011-2018 жылдар аралығында байқалады. Қазақстанда сүт өндірумен барлық облыстардың жұртшылық шаруашылықтары, ауыл шаруашылық кәсіпорындары, фермерлік шаруашылықтары айналысады.

Сүт және сүт өнімдері жеке қосалқы шаруашылықтарда ең кеңінен өндірілетін өнім түрлері болып табылады. Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің статистикалық жинақтарында жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығы «жұртшылық шаруашылығы» деген атаумен беріліп жүр. Жұртшылық шаруашылығына халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтар мен бақшалар, саяжай учаскелері жатады. Жеке қосалқы шаруашылықтарға жер ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін пайдалануға, иеленуге және меншікке беріледі.

Жеке қосалқы шаруашылық туралы отандық бірқатар ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргіздіріп, келесідей пайымдауларын айтқан. Мәселен, В.В. Григорук «жеке қосалқы шаруашылық – бұл қол еңбегі мен төмен деңгейлі еңбек өнімділігіне, жер мен малдың төмен деңгейлі өнімділігіне, жеңілдетілген технология қолдануға негізделген ұсақтау арлы экстенсивті өндіріс. Жұртшылық шаруашылығын жүргізудің табиғи және жартылай табиғи жүйелерінің кең таралуы да осы себептен» дей келе жұртшылық шаруашылығының мәнін түсіндірген [1].

Әдістері

Зерттеу жұмыстарының теориялық және әдістемелік негіздері ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың жұртшылық шаруашылықтары және олардағы азық-түлік өнімдерінің өндірісі, әсіресе, сүт және сүт өнімдері өндірісі жайлы еңбектері, ой-пікірлері мен зерттеулері қарастырылды. Мақаланың мақсатына сәйкес таңдалған әдістемелік құралдар ретінде ақпараттарды іріктеудегі жүйелік ұстаным, ағымдағы ахуалды зерттеп, сипаттаудағы сандық және сапалық әдістер қолданылды.

Теориялық ережелерді негіздеу жалпы ғылыми әдістер мен тәсілдерді, талдау және синтездеу әдісін, жүйелі және кешенді тәсілдерді қолдану негізінде жүзеге асырылды, ресми статистикалық материалдар мен интернет желісінің ақпараттық әлеуетінен жеке бақылаулардың қорытынды деректері қарастырылды.

Зерттеуде жұртшылық шаруашылықтарының қазіргі жай-күйін, әлеуетін, олардың өндірістік қуаттарын талдау және бағалау кезінде – экономикалық-статистикалық әдіс қолданылды; ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілердің өзара іс-қимылының қалыптасқан нысандарының салалық және аймақтық ерекшеліктерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен халық шаруашылықтары арасындағы экономикалық өзара қарым-қатынастардың тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау үшін абстрактылы-логикалық әдіс қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

2011-2018 жылдардағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, сүт өндірісінде өсім байқалады. 2018 жылғы көрсеткішті 2011 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 8,7%-ға артқаны белгілі болып отыр, алайда кейбір өңірлерде көлемдері төмендеуде. Мысалы, теріс серпіні бар өңірлерге Қостанай облысы мен Нұр-Сұлтан қаласын атап өтуге болады. Жамбыл, Қарағанды, Түркістан облыстары сүт өндіруде айтарлықтай өсімге қол жеткіздіргені белгілі болып отыр (1 кесте).

1 кесте

Шаруашылық жүргізуші барлық санаттардағы сүттің барлық түрлерін өндіру

мың теңге

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	5 232	4 851	4 930	5 067	5 182	5 341	5 503	5 686
Ақмола	362,4	305,7	329,4	351,4	360,6	378,6	385,3	387
Ақтөбе	325,2	328,8	301,4	301,8	302,0	307,1	315,4	327
Алматы	668,6	670,2	672,2	663,5	672,2	684,2	696,9	758
Атырау	55,5	56,6	57,3	57,6	65,7	58,8	61,3	63

Жалғасы

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Батыс Қазақстан	226,7	223,6	224,7	224,6	226,4	227,6	231,9	234
Жамбыл	279,3	284,1	284,2	290,1	294,7	297,6	306,2	314
Қарағанды	352,7	357,9	374,5	388,4	408,7	436,2	456,7	472
Қостанай	580,6	332,3	341,1	359,6	375,7	380,2	384,1	410
Қызылорда	79,0	78,3	83,3	85,8	87,5	88,6	89,8	91
Маңғыстау	7,7	9,1	8,9	8,8	9,2	10,9	11,7	12
Түркістан	662,1	660,7	679,5	699,9	710,6	721,7	734,4	706
Павлодар	348,4	351,4	351,8	355,0	361,7	364,4	371,0	383
Солтүстік Қазақстан	555,1	447,8	458,5	473,3	504,1	525,6	546,1	555
Шығыс Қазақстан	723,8	740,1	758,2	778,1	792,4	839,3	879,6	917
Нұр-Сұлтан қаласы	1,9	1,8	2,3	1,7	0,6	0,5	0,5	0,3
Алматы қаласы	0,8	0,5	11,4	11,5	5,2	5,1	5,2	5
Шымкент қаласы	-	-	-	31,6	45,0	47,1	47,3	45

Дереккөз: автормен [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

Қазіргі кезде Қазақстанның аграрлық саласында шаруашылық жүргізуші субъектілердің үш нысаны әрекет етуде:

- ауыл шаруашылық кәсіпорындар;
- шаруа (фермер) қожалықтары;
- жұртшылық шаруашылықтар.

Жұртшылық шаруашылығы – аграрлық экономика саласының құрамдас бөлігі. Ол ауыл отбасыларының ресурстарды қолдануы мен еңбек әлеуетіне негізделеді [3].

Жұртшылық шаруашылықтарда өндірілген сүт нарыққа түспейді, сондықтан нарықтағы жағдайды талдау және болжау кезінде осы көрсеткішті есепке алу нақты көріністі бұрмалайды [4]. Әйтсе де, статистикалық мәліметтердегі жұртшылық шаруашылығында өндіріліп жатқан сүт өндірісінің көрсеткіштерін жинақтап, салыстыру жұмыстарын жүргіздірілді (2 кесте).

2 кесте

Жұртшылық шаруашылықтарындағы сүттің барлық түрлерін өндіру

мың теңге

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Қазақстан Республикасы	4 612	4 141	4 129	4 148,9	4 125,9	4 121,7	4 103,8	4 181
Ақмола	338	275,7	294,6	305,7	304,5	293,8	294,5	296,9
Ақтөбе	306	307	266,5	262,6	261	260,7	260,8	268,7
Алматы	587	587,8	587,9	579,9	580,9	580	561,7	0,5
Атырау	50	50	50,5	57	49	49	49,7	50,6
Батыс Қазақстан	192,9	186	182	172,6	171,7	169,9	170	167,9
Жамбыл	253	257,7	255	254,7	245,8	242,9	239	241
Қарағанды	266	242	241	243,7	240	243	250	258,7
Қостанай	528	272,9	275,7	280,7	288,9	289,9	288	305
Қызылорда	73,6	72	74,7	74,7	74,7	75	75,7	77
Маңғыстау	5,9	6,3	5,6	5,7	5,8	7	7,6	8
Түркістан	643	640,7	658	673,6	678,9	684	696	266
Павлодар	288	286	283,9	275,6	273,6	269	265,9	377
Солтүстік Қазақстан	510	384	385	389,7	390,9	387	371,8	676
Шығыс Қазақстан	566	569,5	566,9	561	553,7	562	566	578,5
Нұр-Сұлтан қаласы	0,6	0,5	0,5	0,5	0,4	0,4	0,3	0,3
Алматы қаласы	0,8	0,4	0,3	10	4	0,5	5	5
Шымкент қаласы	-	-	-	26,9	38,7	38,8	39	39

Дереккөз: автормен [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

Сүттің барлық түрлері бойынша сегіз жыл бойғы көрсеткіштердің орта есебін алып, жалпы шаруашылық жүргізуші санаттардың ішінде жұртшылық шаруашылығының үлесі 80%-ды құрап отыр. Яғни сүт өндірісінде жұртшылық шаруашылығы жетекші болып отыр. Жоғарыдағы кестеде әрбір облыстағы көрсеткіштер ұсынылып отыр. Бұл дегеніміз, жұртшылық шаруашылығы ауыл шаруашылық өнімдерінің, азық-түлік өнімдерінің, соның ішінде сүт өндірісінде орны орасан үлкен болып отыр.

Жұртшылық шаруашылықтары мен шаруа қожалықтарының иелері негізінен ауыл тұрғындары, бау-бақша телімдерінің иелері мен пайдаланушылары, сондай-ақ мал шаруашылықтары серіктестіктерінің мүшелері – қалалық үлгідегі кенттердің тұрғындары. Яғни ауыл халқы ауыл шаруашылық өнімдерін өздерінің жеке жер телімдерінде өндіріп отыр деген сөз.

Келесі кестеде өндірушілер категориясындағы сиырлардың өнімділігі ұсынылады (3 кесте).

2017 жылда бір сауынды сиырдың бір жылдағы орташа сүт сауыны

кг

	Шаруашылық жүргізуші санаттардың барлығы	Ауыл шаруашылық кәсіпорындар	Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары немесе фермерлік шаруашылықтар	Жұртшылық шаруашылығы
Қазақстан Республикасы	2 337	3 876	1 854	2 410
Ақмола	3 063	3 914	2 991	2 913
Ақтөбе	1 933	4 951	1 191	2 090
Алматы	2 742	5 421	2 705	2 673
Атырау	1 031	7 134	568	1 089
Батыс Қазақстан	1 529	459	963	2 040
Жамбыл	2 714	4 938	2 708	2 687
Қарағанды	2 064	2 130	1 858	2 265
Қостанай	2 757	5 261	2 405	2 558
Қызылорда	1 281	10 941	1 216	1 196
Маңғыстау	616	-	617	615
Түркістан	2 316	5 394	2 321	2 283
Павлодар	2 569	4 367	2 150	2 568
Солтүстік Қазақстан	3 153	4 076	2 896	3 079
Шығыс Қазақстан	2 204	2 462	1 728	2 532
Нұр-Сұлтан қаласы	2 404	-	2 988	2 235
Алматы қаласы	1 533	-	139	1 595
Шымкент қаласы	1 816	5 830	4 536	1 592

Дереккөз: автормен [2] әдебиет негізінде құрастырылған.

Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының сиырлары барынша өнімді, жылына 3 мың кг астам сүт береді. Сүт сауыны бойынша ең жоғары нәтижеге Түркістан және Атырау облыстарының ауыл шаруашылығы кәсіпорындары ие. Фермерлік шаруашылықтар мен ауыл тұрғындары орта есеппен алғандағы сүт сауыны бойынша ауыл шаруашылығы өндірушілерінен артта қалып отыр. Егер ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен халық арасындағы сүттің ең жоғары мөлшерін салыстырсақ, ірі өндірушілердің сүт өндірісі 3 есеге артық болып отыр. Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының жұртшылық шаруашылықтары сауылған сүт бойынша ең көп көрсеткішке ие болып отыр.

Сүт өнімдерін өндіру үшін жұртшылық шаруашылығы және өзге шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірген сүтін жинақтап, арнай өнеркәсіп әрекет етеді. Онда сүт қнімдерін өндіре отырып, оны тұтынушылар қолына жеткенге дейін жарамдылығын сақтау және буып-түю шаралары жасалынуы да шарт. Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің өзіндік құнының құрылымында буып-түю материалдарына жұмсалатын шығындар өндірілетін өнімге байланысты шамамен 10-30%-ды алады. Бүгінгі күні тауарды буып-түю материалдарының импорты

жоғары болып қалуда. Сонымен қатар, бұл материалдардың импорттық бағасы ұлғаюда, бұл өнімнің өзіндік құнына әсер етеді және оны баға бойынша бәсекеге қабілетті етеді [5]. Осыған байланысты тауарды буып-түю және қосалқы материалдарды өндіруге жаңа зауыттар салу немесе Еуразиялық Экономикалық Одақтың жұмыс істеуі жағдайында және Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі шеңберінде қайта өңдеу кәсіпорындарын Отандық бәсекеге қабілетті қосалқы материалдармен қамтамасыз ете алатын қуаттардың жүктемесін ұлғайту мәселесін қарау орынды болып табылады [6].

Жұртшылық шаруашылығы жеке меншік пен жеке еңбекке негізделеді, оның мақсаты – халықтың өз тіршілік етуі үшін өзін-өзі қамтамасыз ету. Дәл осы себептен жұртшылық шаруашылығы тұрақтылығы жоғары шаруашылық құрылым болып табылады. Жұртшылық шаруашылығы халықтың қажеттілігін сапалы азық-түлікпен қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады [7].

Жүргізілген сауалнама нәтижесінде Түркістан облысының тұрғындары арасында отбасының орташа мөлшері, мал басы, азық шығыны және басқа да көрсеткіштер (4 кесте) анықталды.

Жұртшылық шаруашылығының экономикалық профілі

Сиыр саны, бас	3-4
Азықтандыру, рет	Қыста 3 рет, жазда 1 рет
Сабан, кг	5-6
Дәнді жем, кг	5-6
Азық-түлік қалдығы, л	3-4
Басқа да жем-шөптер, кг	2

Күндік сүт сауыны, л	8-9
Жеке тұтынылатын сүт, кг	1-3
Сүт сатылымы, л	5
Сүтті өңдеу, кг	2-5

Жүргізілген сауалнама бойынша, отбасының орташа өлшемі 5-6 адам. Жазда сиырларды азық-тандырудың негізгі көзі-табиғи жайылымдар, жайып бағу. Қыста сиырларды қораларда ұстайды. Сиырлар көп жағдайда асыл тұқымды емес, қарапайым және күніне 8-9 литрге дейін сүт береді. Бір сиырды ұстау кезінде шығындар жылына 394600 теңгені құрайды.

Жылына сүтті сатудан түсетін болжамды кіріс өндірілген сүттің өз тұтынуына 30%-ы тиесілі деп санағанда, 1 л үшін 170 теңге есебімен санағанда 455 мың теңгені құрайды.

Сауалнама бойынша жинақталып, талданған мәліметтергеде, статистикалық мағлұматтарға дасипаттамалар жасай келе, жұртшылық шаруашылығының сүт өндірісінде өзіндік үлесімен орнын айқындап отырғаны байқалады. Әйтсе де, жұртшылық шаруашылығының өнімдерін, соның ішінде, сүт және сүт өнімдерін өткізуде бірқатар қиыншылықтар бар. Мәселен, сүтті өткізгенде оның микробиологиялық сынаптамаға сәйкес болмауы, себебі: қолмен сауылғандықтан, тікелей ауамен жанасқандықтан бактериялардың пайда болуы, сондай-ақ сиыр ауырғанда емдеу үшін берілген дәрілердің әсері кетпей жатып, сүтін сауып өткіздірілуі. Екінші бір өзекті мәселе, өткізуде сүтті өңдеушілердің көтерме бағамен алуы жұртшылық шаруашылықтарының иелерінің табыстарының төмен болып, сиырдың жем-шөбін ақтауға жетіспеушілігі. Осындай бірқатар мәселелерді шешу үшін жұртшылық шаруашылықтарының өзара немесе ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындармен кооперациялануы мәселесі кеңінен көтеріліп жатыр.

Жұртшылық шаруашылықтарының өзара бірігуінің негізгі мақсаты ауыл шаруашылық өнімін өткізуде өзара ықпал ету, яғни ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізуден өзара пайда табуды, өнім өткізуді, несие алуды, ауыл шаруашылық техникасын бірлесе отырып қолдануды қамтамасыз ету болып табылады [8].

Халықтың жұртшылық шаруашылықтарының әртүрлі кооперативтерін талдау бойынша жергілікті орналасу орны мен өндірістік қатынастардың ұзақ мерзімдегі тұрақтылығына байланысты жеке шаруашылықтардың өндіріс саласында да, айналым саласында да сәйкесінше кооперативтің болуы мүмкін және қажет болып табылады. Мұнда халықтың өз шаруашылығын, яғни жұртшылық шаруашылығын тиімдірек жүргізуіне дайындығы маңызды болып табылады.

Кооперативтердің артықшылықтары - жер телімдерінің пайлық қорын біріктіруінде болып табылады. Кооперативтер жергілікті ұйымдармен жерді өзара өңдеу, жем-шөп дайындау, мал жайылымын ұйымдастыру мақсатында құрылады [9].

Жұртшылық шаруашылығының ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен, шаруа (фермер) қожалықтарымен кооперациялануы тиімді болып табылады. Ал ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен бірігуі ауыл шаруашылығымен айналысуға максималды мүмкіндік береді. Олар жеке секторды материалды-техникалық, қаржылық және жер ресурстарымен қамтамасыз етеді.

Тұжырымдар

1. Жұртшылық шаруашылығы қол еңбегін пайдалана отырып, жеке өндіріспен шұғылданатын жеке меншік негіздегі ауыл шаруашылық өндірістің ұйымдық-өндірістік нысаны болып табылады. Жеке тұтынуға арналған ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің негізгі қайнар көзі ретінде және өндірілген өнімнің артылғанын өткізуден табыс табушы болып табылатын жұртшылық шаруашылығы азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешуге маңызды үлес қосады.

2. Фермерлік шаруашылықтар мен ауыл тұрғындары ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен орта есеппен сүт өндірісінен артта қалып отыр.

3. Жеке аулалардағы сиыр сүтін өндіру кезінде шикі сүтті өндіру және сату жеткіліксіз, сүт өндіру мен қайта өңдеуді біріктіру әлдеқайда тиімді болып табылады.

4. Жұртшылық шаруашылықтарының әртекті дамуының себептері ауылдардың әртүрлі табиғи-экономикалық әлеуеті, ірі нарықтардан алыстығы, ауылдың өңірлік салалық экономикасындағы айырмашылықтар болып табылады.

5. Жұртшылық шаруашылығын қолдаудың келесідей жолдары ұсынылды: жұртшылық шаруашылығының да, кооперативтік кәсіпорынның да ауыл шаруашылық өнімін өндіру, өңдеу және өткізуін арттыру мақсатында маманданған кооперативтік кәсіпорын мен жұртшылық шаруашылығы арасында біртұтас экономикалық қатынастар негізінде ауыл шаруашылық территориялық кооператив құру; жұртшылық шаруашылығының техника-экономикалық артта қалушылығын жоюға септігін тигізетін ауылдық несие кооперациясын дамыту; жұртшылық шаруашылығына қызмет көрсету бойынша кооператив құру; жұртшылық шаруашылықтарын біріктіретін дербес құрылым құрып, ондағы өзара ішкі кооперативтік байланыстарды дамыту.

Әдебиет:

1. Баранова. Н.А. Ауыл шаруашылығы мекемелерін дамыту стратегияларын қалыптастыру / Проблемы агрорынка І4 2017, 99-106 бет
2. Григорук В.В. Хозяйство личное – выгода общая / Экономика и статистика №2, 2006, стр.133-137
3. Зерттеу нәтижелері бойынша есеп. Қазақстан Республикасында сүт өңдеу және ірімшік өндіру / Алматы: ЖШС ARG group, 2017, 63 бет
4. Захарова Е. Производство молока в ЛПХ –миф. / 2016 / <http://www.dairynews.ru/news/tsentruizu-cheniya-molochnogo-rynka-proizvodstvo.html> (қаралған күні: 25.06.2019)
5. Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы / 2016 / <http://stat.gov.kz> (қаралған күні: 22.06.2019)
6. Плотников В. Отбасылық шаруашылығы: проблемалары мен келешегі / Агроөнеркәсіп кешені: экономика, басқару №4 2013, стр.3-9
7. Столярова Ю.В., О.А.Столярова. Совершенствование государственной поддержки молочного скотоводства региона / Региональная экономика: теория и практика №5 2017, стр.58-61
8. Шінет Г.Ф., Мунасипова М.Е., Агабекова Г.Н. Түркістан облысында халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудегі үй шаруашылықтарының ролі / Проблемы агрорынка №3 2018, 134-140 бет
9. Шінет Г.Ф. Личные подсобные хозяйства Республики Казахстан: сущность, нынешнее состояние и перспективы развития / Информационное обеспечение эффективного управления деятельностью экономических субъектов: материалы VI междунар. науч. конф. / Краснодар: изд-во «Магарин О.Г. / 2016, стр.587-592
10. Ыдырыс С.С., Шінет Г.Ф. Жұртшылық шаруашылықтарын дамыту проблемалары және оларды шешу жолдары / Проблемы агрорынка №2 2016, 114-119 бет

Резюме:

Мақала мазмұны ауыл шаруашылығы саласындағы жұртшылық шаруашылығының сүт өндірісі және оның жалпы сүт өндірісіндегі орны мен өзекті мәселелерін қарастыруға арналған. Күнделікті ас мәзірінде пайдаланылатын сүт өнімінің маңыздылығы түсіндірілген. Бірнеше жылдық статистикалық мағлұматтар қарастырыла отырып, ондағы сүт өндірісінің өсуі мен кемуіне талданған. Түркістан облысының ауыл тұрғындары арасында жұртшылық шаруашылығындағы сиыр сүті өндірісі бойынша шағын сауалнама жасалынған. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде отбасының орташа мөлшері, мал басы, азық шығыны және басқа да көрсеткіштер анықталынған. 1 бас сиырды ұстауға, тамақтану рационына және жем-шөп түрлеріне жұмсалатын шығындар туралы ақпарат зерттелген. Жұртшылық шаруашылық иелерінің сүтін өткізуде сүттің микробиологиялық талдауға сәйкессіздігі, тікелей қолмен саууға байланысты бактериялар пайда болуы, сондай-ақ сүтті төмен бағамен жинау сияқты бірқатар проблемалар атап өтілген. Сүт сапасын жақсарту және сүт өнімдерін жинау мен қайта өңдеуді жақсарту үшін жұртшылық шаруашылықтарын өзара және ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен кооперациялау ұсынылған.

Негізгі сөздер: сүт, сүт өнімдері, өндіріс, жұртшылық шаруашылығы, қайта өңдеу, жем, азық рационы, мал басы.

Рассмотрено производство молока хозяйствами населения, являющихся хозяйствующими субъектами в сельском хозяйстве и их место в общем молочном производстве. О пользе молока, как о продукте ежедневного питания и о важности его производства. Выявлены рост и падение производства всех видов молока по областям страны на основе статистических данных за нескольких лет. Был проведен небольшой опрос по производству коровьего молока в хозяйствах населения среди сельских жителей Туркестанской области. В результате проведенного опроса выявлены средние размеры семьи, поголовье скота, кормовые потери и другие показатели. Изучена информация о расходах на содержание 1 головы коровы, рационе питания, видах кормов. Перечислены ряд проблем по сдаче молока, такие как несоответствие на микробиологический анализ молока, надоя прямым контактом, при котором появляются бактерии, а также сбора молока по низкой цене. Предложена кооперация хозяйств населения между собой и с крупными сельскохозяйственными предприятиями, для улучшения качества молока и улучшение сбора и переработки молочного продукта.

Ключевые слова: молоко, молочные продукты, производство, хозяйство населения, переработка, корма, рацион питания, поголовье скота.

The content of the article is devoted to the consideration of current problems and the role of agriculture in the production of milk in General. The daily menu explains the significance of the dairy products that are used. According to statistics, for several years there has been an increase and decrease in milk production. A small survey was conducted among rural residents of the Turkestan region on the production of cow's milk in the national economy. As a result of the survey, the average family size, livestock population, feed losses and other indicators were revealed.

Information about the cost of keeping 1 cow, diet and feed types was studied. There are a number of problems, such as non-compliance of milk with microbiological analysis by economic entities, the appearance of bacteria associated with direct manual milking, as well as the collection of milk at low prices. To improve the quality of milk and improve the collection and processing of dairy products, it is proposed that households cooperate with each other and large agricultural enterprises.

Keywords: milk, dairy products, personal husbandries, production, processing, feed, diet, livestock population.

Авторлар туралы мәлімет:

Шінет Г.Ғ. – PhD докторы, Мирас университетінің аға оқытушысы (Шымкент қаласы)

Купешева А.К. – э.ғ.к., Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті кафедрасының меңгерушісі (Шымкент қаласы)

Тұлбасиев Е.Т. – магистр, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Шымкент қаласы Статистика департаментінің өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы статистикасы басқармасының басшысы (Шымкент қаласы)

JEL: Q13

Қазақстан Республикасы қант өнеркәсібі дамуының негізгі мәселелері және оларды шешу жолдары

А. Карипова, А. Егинбаева

Кіріспе

Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз ету аясында өңдеу өнеркәсібі саласының, оның ішінде қант өнеркәсібін дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселенің күрделілігі қант қызылшасының егістік жерлері көлемінің қысқаруымен, жинау кезіндегі шикізаттың көп шығындалуымен, материалдық-техникалық базаның әлсіздігімен, шикізатты өндіруші мен өңдеуші мекемелер арасында әріптестіктің төмен деңгейде болуымен түсіндіріледі. Қант өнеркәсібі саласын дамыту қажеттілігін технологиялық артта қалған қант зауыттарының қоршаған ортаға тигізетін теріс әсері де дәлелдейді.

Қант – бұл адамдардың тек күнделікті рационның құнды азық-түлік өнімі емес, сонымен қатар кондитерлік, наубайхана, консервілеу, сүт өнеркәсібі және басқа да салаларда кеңінен қолданылатын өнім. Ел қауіпсіздігінің экономикалық көрсеткіштерінің шекті мәндеріне сәйкес азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етудің оңтайлы деңгейі – 75%, Германияда бұл көрсеткіш 92%, Англияда 72% құрайды. 2018 жылдың қорытындылары бойынша, Қазақстанда қанттың бұл көрсеткіші 49% құрады [12]. Осы тұрғыда, қант стратегиялық маңызы бар өнім болып табылады және мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Зерттеу мақсаты

Қазақстан Республикасының қант өнеркәсібінің ағымдағы жағдайына талдау жасау және анықталған негізгі мәселелерді шешу бойынша тиімді ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында статистикалық деректерді бағалау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Бүгінгі таңда Қазақстанның қант өндіру саласы халықтың бұл өнімге деген сұранысының шамамен

3-5%-ын ғана қамтамасыз етеді. Еліміздегі 7 қант зауытының тек үшеуі ғана жұмыс істеуде және шикізаттың жетіспеушілігінен шет елдерден әкелінетін қант құрағын өңдеуде.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша, қант өнімін өндіру көлемі 2011-2012 жылдар аралығында шамамен 1,5 есе қысқарып, 146,9 мың тоннаны құрады. Бұл қант қызылшасын өсірумен айналысатын көптеген шаруа қожалықтарының өз жұмысын тоқтатуымен, жалпы егістік көлемінің қысқаруымен байланысты. 2013-2014 жылдар аралығында шетелден импортталған шикізат – қант қамысы көлемінің артуына байланысты елдегі қант өндірісінің көлемі де ұлғайып, 332,3 мың тоннадан 350,7 мың тоннаға жетті. 2014-2015 жылдар аралығында қант қызылшасының егістік көлемінің артуына қарамастан, қант өнімінің өндіріс көлемі 110,8 мың тоннаға қысқарды. Бұның негізгі себебі қант қызылшасының өнімділік деңгейінің төмендеуі. Бірақ 2015 жылдан бастап Қазақстан қант қызылшасының өндірісін ынталандыра бастады. «ҚазАгро» холдингінің деректері бойынша, 2014 жылы ауыл шаруашылық тауар өндірушілері тек 1,2 мың гектар жерге қант қызылшасын егсе, 2016 жылы бұл көрсеткіш 11 есе өсіп – 12,9 мың гектар жерді құрады. 2016 жылы қант қызылшасының егістік жерлері көлемінің артуына байланысты қант өнімінің өндіріс көлемі де артып, соңғы 8 жылдағы ең жоғары көрсеткішке жетті (403 мың тонна). Алайда қант қызылшасының егістік көлемінің соңғы төрт жылда артуына қарамастан, бүгінгі күнде қант өнімі өндірісінің теріс динамикаға ие болып отыр. Атап айтқанда, 2016-2018 жылдары қант өндірісінің көлемі 403 мың тоннадан 223,3 мың тоннаға дейін қысқарды. Бұндай жағдайдың орын алуы шетелдік дайын қант өнімінің импортының соңғы 3 жылда 145 мың тоннаға артуымен түсіндіріледі.

1 кесте

Қант өнімін өндіру және пайдалану көлемі

мың тонна

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Ресурстар – барлығы	578,1	498,3	546,2	572,5	518,9	540,0	513,4	500,0
Өндіріс	244,2	146,9	332,3	350,7	239,9	403,0	306,6	223,3
Импорт	183,7	267,0	107,8	164,8	185,2	104,8	185,0	249,8
ТМД елдері	171,4	241,1	84,0	60,3	116,7	65,7	157,5	233,2
Әлемнің басқа елдері	12,3	25,9	23,7	104,5	68,5	39,1	27,5	16,6
Жыл басындағы қор	150,2	84,4	106,1	56,9	93,8	32,2	21,8	26,9

Жалғасы

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Пайдалану – барлығы	578,1	498,3	546,2	572,5	518,9	540,0	513,4	500,0
Ішкі нарықта тұтынылғаны	487,1	390,0	475,0	476,2	486,0	513,4	448,6	400,7
Экспорт	6,6	2,2	14,3	2,5	0,6	4,8	37,9	51,1
ТМД елдері	6,2	2,0	14,2	1,4	0,4	4,7	37,9	51,1
Әлемнің басқа елдері	0,4	0,2	0,0	1,1	0,3	0,2	0,0	0,0
Жыл соңындағы қор	84,4	106,1	56,9	93,8	32,2	21,8	26,9	48,1

Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері [4].

Қазіргі таңда еліміздің агро-өнеркәсіп кешенін қолдау саясаты және қант өнеркәсібі саласының субъектілеріне субсидияларды бөлудің арқасында қант өнімінің шамамен 50% ел ішінде өндіріліп, қалған 50% импортталады. Шетелден сатып алынатын қант өнімінің шамамен 93% (218 мың тонна) қант импортына нолдік кедендік баж салығы қолданылатын Кеден одағына мүше елдерге: Ресей (60%) мен Белорусияға (33%) тиесілі [7, 10]. Қант өнімінің импорты 2011-2018 жылдары 184 мың тоннадан 250 мың тоннаға дейін артты. Мұндай жағдайдың орын алуы – Қазақстандағы ресейлік жеткізушілердің қантты төмен бағамен ұсынуы және отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейде болуымен түсіндіріледі.

Еліміздегі қант ресурсының жалпы көлемінің орташа мәні 2011-2018 жылдар аралығында 533,4 мың тоннаны құрады. Соңғы 3 жылда қант ресурсының жалпы көлемі қант өндірісінің төмендеуі себебінен 40 мың тоннаға қысқарды. Зерттеліп отырған кезең аралығында қант ресурстарының жалпы көлемінің шамамен 75,4% ішкі нарықта тұтынылды, 2,8% экспортқа шығарылып, қалған бөлігі жыл соңындағы қорды құрады.

Еліміздегі қант өндірісінің көлеміне әсер етуші ішкі нарықтық факторлардың бірі – қант қызылшасының өндіріс көлемі. 2011-2014 жылдар аралығында бұл

көрсеткіштің шамамен 8 есе қысқарған. Бұның негізгі себебі аталмыш дақылдың егістік көлемінің қысқаруымен түсіндіріледі. Бірақ 2015 жылдан бастап, мемлекет тарапынан қант қызылшасын өсірумен айналысатын шаруа қожалықтарына субсидия бөлудің арқасында дақылды өндіру көлемі 150,2 мың тоннаға артты. 2016 жылы жиналған қант қызылшасының көлемі 345,1 мың тоннаға жетті. Бұл дақылдың шамамен 10,3 мың тоннасын шетелге экспортқа шығаруға мүмкіндік берді. 2018 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда қант қызылшасының өндіріс көлемі 41,3 мың тоннаға артып, қарастырылып отырған 8 жылдық кезеңде ең жоғары көрсеткішке жетті (504,5 мың тонна).

Елімізде өсіріліп жиналатын қант қызылшасының 96% халықтың азық-түліктік қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында қайта өңдеуге жіберіледі (2 кесте). Дегенмен, бұл қант өніміне деген ішкі сұранысты толық қамтамасыз етпейтіндігін атап кеткен дұрыс. Қант қызылшасының өндіру көлеміне әлемдік нарықтағы қант қамысының ұсыныс көлемі мен оның бағасы әсер етеді. Себебі қант зауыттарына импортталған қант қамысын өңдеу қаржылай және техникалық себептермен тиімдірек. Тиісінше отандық қант қызылшасына деген сұраныс төмендеп, оның өндірісі де қысқарады.

2 кесте

Қант қызылшасын өндіру және оны пайдалану көлемі

мың тонна

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
I. Ресустар – барлығы	200,4	151,6	64,6	23,9	174,1	345,1	503,2	504,5
Өндіріс	200,4	151,6	64,6	23,9	174,1	345,1	463,2	504,5
Импорт	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	40,0	0,0
II. Пайдалану – барлығы	200,4	151,6	64,6	23,9	174,1	345,1	503,2	504,5
Өндірістік тұтыну	6,0	4,5	1,9	0,7	5,2	10,4	15,1	13,6
Азық-түліктік мақсаттарда қайта өңдеу	190,6	144,2	61,5	22,7	165,6	317,8	478,5	483,3
Шығындар	3,8	2,9	1,2	0,5	3,3	6,6	9,6	7,6
Экспорт	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	10,3	0,0	0,0

Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері [5].

2011-2014 жылдар аралығында егістік көлемі 15 есе қысқарған (2011 жылы – 18,2 мың гектар, 2014 жылы – 1,2 мың гектар). Қант қызылшасы өсіретін егістік жерлерінің қысқаруына қант өндірісі рентабелділігінің төмен болуы себебінен шаруа қожалықтарының өз қарыздарын өтей алмай банкротқа ұшырап, жұмысын тоқтатуы әсер етті. Сонымен қатар, өнімді алдын ала бекітілген бағамен өткізудің кепілі болған жоқ, яғни

нарықтағы қантқа деген бағаның тұрақсыздығы отандық өндірушілерге бірқатар қиындықтар туғызды. Себебі, қант қызылшасының өндірісі қол еңбегін және өндірістік шығындарды көп қажет етеді. Түрлі минералды тыңайтқыштар, гербицидтер, ауа райының өзгермелілігі сияқты мәселелерге қажетті деңгейде көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл өз кезегінде шығындардың артуына әкеледі [11]. 2014-2017 жылдары қант қызыл-


шасының егістік көлемі оң динамикаға ие болды, ал 2017-2018 жылдары бұл көрсеткіш бір деңгейде тұрақтанып 17,4 мың гектар жерді құрады. Жалпы

2011 жылмен салыстырғанда 2018 жылы қант қызылшасының егістік көлемі 800 гектарға артты.

1 сурет

Қазақстан Республикасы қант қызылшасы егіс алқабының көлемі

мың гектар



Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері негізінде авторлар құрастырған [5].


2011-2012 жылдар аралығында қант қызылшасының жиналған жалпы көлемі 200,4 мың тоннадан 151,6 мың тоннаға қысқарған (2 сурет). Дақылдың жиналған жалпы көлемінің қысқаруына осы жылдары қант қызылшасы егіс алқабының, сонымен қатар өнімділік деңгейінің төмен болуы әсер етті. 2012-2014 жылдары қант қызылшасының жиналған жалпы көлемі өзінің теріс динамикасын сақтап, шамамен 6 есе қысқарды (2014 жылы – 23,9 мың тонна). Сонымен қатар, зерттеліп отырған уақыт аралығында отандық қант өнеркәсібін ынталан-

дыру мақсатында шетелдік қант қамысы мен қант қызылшасының импорты баж салығынан босатылды. Бұл өз кезегінде отандық қант қызылшасына деген еліміздің қант өндірушілері тарапынан сұраныстың төмендеуі мен қант қызылшасының жиналған жалпы көлемінің қысқаруына әсер етті. Ал 2015-2018 жылдары мемлекеттік инвестициялар мен субсидиялардың арқасында қарастырылып отырған көрсеткіш шамамен 20 есе артып, 2018 жылы 504,5 мың тоннаны құрады.

2 сурет

Қазақстан Республикасы қант қызылшасының жиналған жалпы көлемі

мың тонна



Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері негізінде авторлармен құрастырылған [5].

Қант қызылшасының өнімділігі екі негізгі көрсеткішпен анықталады – дақыл тамырларының салмағы және олардың құрамындағы қанттың мөлшері. Дақылдардың үлкен салмақты тамырының құрамында қант мөлшерінің деңгейі де жоғары болады. Сәйкесінше,

әр гектардан алынатын қант шығымдылығы да арта түседі. Дақылдың тамырында қант мөлшерінің жоғары болуы зауыттарға қант өндірісі кезінде энергия шығынын азайтуға мүмкіндік береді.


Елімізде өсірілетін қант қызылшасының өнімділік деңгейі тұрақсыз (3 сурет). Соңғы үш жылда орта есеппен алғанда 1 гектар жерден 288,4 центнер қант қызылшасы алынды. Қант қызылшасын өсіру кезінде адамға бағынбайтын табиғи ортаның жағдайлары

орын алады. Қант қызылшасының тамырлары мен олардың құрамындағы қант мөлшері көбінесе температура жағдайларына, түсетін жарықтың мөлшеріне және өсіру кезінде сумен қамтамасыз етілу деңгейіне байланысты болады.

3 сурет

Қазақстан Республикасы қант қызылшасының өнімділігі

ц/г



Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері негізінде авторлармен құрастырылған [5].

2018 жылы Қазақстанда бір гектардан 305 центнерден өнім алынды, бұл соңғы сегіз жылдағы ең жоғары көрсеткіш болғанымен, орташа әлемдік деңгейден (400 центнер/гектар) әлдеқайда төмен. БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының деректері бойынша, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша 50-орында, 1-орында Чили (947 центнер/гектар), Швейцария 2-орында (850 центнер/гектар), Канада 3-орында (719 центнер/гектар) [13].

Ел ішіндегі қант өндірісінің көлемі импортталатын шикізат көзіне қатты тәуелді. Бүгінгі таңда қант өндірісіне қажетті шикізаттың 90% шетелден, ал небары 10% елімізде өндіріледі. Қант қамысы негізінен Куба мен Бразилия елдерінен импортталады [2, 9].

Қазақстанның қант өндірушілерінің отандық шикізатты қолданудағы ынталары төмен. Бұл келесідей факторлармен түсіндіріледі:

- Қант пен қант қызылшасын өндіру үдерісінің күрделілігі мен импортталған шикізатпен салыстырғанды әлдеқайда қымбат болуы;
- Қант қызылшасының зауыттарға тұрақты түрде және уақытында жеткізілмеуі;
- Жеткізумен байланысты транспорттық шығындар;

Өз кезегінде, қант қызылшасы шаруашылығы да интенсивті техника мен технологияның қолданылуын қажетсінеді. Бірақ, қант қызылшасының негізгі өндірушілері шаруа қожалықтар болып табылады. Қаражаттың жетіспеушілігінен және егістік жерлерінің шектеулілігінен шаруа қожалықтар қажетті деңгейде қант шикізатын өндіре алмайды. Қант қызылшасы шаруашылығының дамуын тежеп отырған факторлар ретінде агротехнологияның орындалмауы,

қант қызылшасын өндіру мен өңдеудің еңбекті көп қажет етуі, ирригациялық жүйенің қанағаттанарлық деңгейден төмен болуын атап кетуге болады.

Бірақ, қант қызылшасының өндірісінен толық бас тартуға болмайды. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, елімізде қант қамысы өндірілмегендіктен, қант қызылшасының өндірісін жетілдіру – аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Осы тұрғыда, Қазақстан Республикасының Елбасы Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттауды 5 жыл ішінде кемінде 2,5 есе арттыруды тапсырды. Сонымен қатар, Елбасы қалыптасқан әлемдік үдерістер мен қолда бар әлеуетті ескере отырып, агроөнеркәсіп кешені, оның ішінде қант өнеркәсіп саласы экономиканың жоғары маңызды, табысты салаларының бірі болуы керек екендігін атап өтті. Елдің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі үшін ауыл шаруашылығына және тамақ өнеркәсібіне инвестициялар тартуды ұлғайту қажеттігін баса айтты [3].

Қазіргі уақытта, елімізде 2017-2021 жылдарға арналған «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» және аталған бағдарлама аясында қант саласында ұзақ мерзімді инвестициялық жобалар құрастырылып, жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарламаның нысаналы индикаторы: 2021 жылы отандық қант қызылшасынан 121 мың тонна қант өндірісін қамтамасыз ету болып табылады [1].

Ресейлік сарапшылар қант зауытының табыстылығына байланысты үш факторды атайды [8]:

- қуаттылықты ұлғайту. Осы бағытта біздің елімізде келесідей іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр: жұмыс істемейтін кәсіпорындарды модернизациялау және жаңа зауыттардың құрылысын ынталандыру. Елімізде бүгінгі таңда 2007 және 2010 жылдардан бері жұмыс істемейтін Алматы облысындағы Алакөл және Ескелді зауыттарын қалпына келтіру, Жамбыл облысының Шу ауданында жоғары технологиялық өндіріс салу, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында қант қызылшасын өсіру және оны өңдейтін қант зауыттарын салу бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің болжамы бойынша солтүстік облыстарда қант қызылшасын өндіруді дамыту республиканың ішкі сұранысын қосымша 20%-ға қанағаттандыруға мүмкіндік береді [6].

- энергия шығынын азайту. Қант қызылшасының тамырында қант мөлшерінің жоғары болуы зауыттарға өндірістік энергия шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан жоғары сапалы тұқымдарды егу және заманауи суару жүйесін қолданудың арқасында қант зауытындағы энергия шығынын азайтуға болады. Сонымен қатар, энергияны үнемдеу мақсатында қантты қайта өңдеу зауыттарын газдандыру ұсынылады.

- қантты экстрагирлеудің жоғары дәрежесі. Қант өндірісінің энергетикалық және ресурстық шығындарын төмендетуге ықпал ететін тиімді шаралардың бірі – қызылшадан сахарозаны бөліп алу процесін жақсарту. Дайын өнімнің сапасы мен шығымдылығы қантты экстрагирлеу процесіне байланысты. Қызылшадан сахарозаны алудың заманауи технологиясы ыстық сұйық экстракция әдісімен жүзеге асырылады. Бұл әдістің негізінде қызылшаны алдын ала дайындалған экстракциямен өңдеп, сахарозаны бөліп алады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қант нарығы: отандық өндірістің қауқары қандай? / <https://egemen.kz/article/199987-qant-naryghy-otandyq-ondiristin-h-qauqary-qandai> (қаралған күні: 2.03.2020)
3. Қазақстан Республикасы Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті / Ұлттық шоттар статистикасы / Жарияланымдар / Қазақстан және оның өңірлерінің өнеркәсібі / <https://stat.gov.kz/official/industry/14/publication> <https://stat.gov.kz/official/industry/151/publication> (қаралған күні: 20.02.2020)
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті / Ұлттық шоттар статистикасы / Жарияланымдар / Ауыл, орман және балық шаруашылығы / <https://stat.gov.kz/official/industry/14/publication> (қаралған күні: 20.02.2020)
6. 2018-2027 жылдарға арналған қант өндірісін дамытудың салалық бағдарламасын іске асыру тұжырымдамасы

Қорытынды

Қойылған мақсатқа сәйкес жүргізілген зерттеу және талдау жұмыстары келесі ұсыныстарды дайындауға мүмкіндік берді:

1. Қант қызылшасы өндірісінің тиімділігін көтеру тұқымды өсіру мен сақтаудың жаңа прогрессивті технологиясын енгізу, қызылша өндірісінің техникалық жабдықталу деңгейін көтеру, қызылша шаруашылықтарына қаржы-несиелік қолдау көрсетуді жалғастыру, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің, қант зауыттарының, қызмет көрсетуші шаруашылықтардың салалық байланыстарын қалпына келтіру және жетілдіру үшін сатылас интеграциялануын, отандық қызылша өндірісін қолдаудың келесідей мемлекеттік протекционистік шараларын жүзеге асыр арқылы қамтамасыз етіледі:

- қант қызылшасы мен қант қамысының импортына квота белгілеу;
- дайын қант өнімінің импортына квота енгізу;
- кеден салығы;
- қызылша мен қантқа ең төменгі кепілдік бағаны белгілеу.

2. Қант зауыттарының тұрақты жұмыс істеуі үшін мемлекет тарапынан жеңілдетілген несиелендіру, қант зауыттарының шикізат зоналарын оңтайландыру, техникалық қайта жарақтандыру мен жабдықты жаңартуды жүргізу, ішкі рынокті қалаусыз бәсекеден қорғау, қызылша қант кешенінің жаңа интеграцияланған базасында шикізатты өндірушілер мен өңдеушілер арасындағы экономикалық өзара қарым-қатынасты жетілдіру қажет.

3. Жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу институттарымен өзара тиімді байланыс орнатып, жұмыс істеу қажет. Мысалы, қант өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін мамандарға арнап, жоғарыда аталған мекемелермен бірігіп, кәсіби дайындық пен біліктілік сапасын арттыру бойынша курстарды өткізу. Мамандардың кәсіби деңгейін жоғарылату саланың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі – халықаралық стандартқа сай, сапасы жоғары өнімді нарыққа шығаруға мүмкіндік береді. Саланың біртіндеп инновациялық даму жолына өтуін ынталандырады.

7. Евразийская экономическая комиссия / В ЕЭК состоялись консультации о ситуации на рынке сахара и кондитерских изделий / http://www.eurasiancommission.org/ru/act/prom_i_agroprom/dep_agroprom/actions/Pages/sugar-meeting-eec.aspx (қаралған күні: 24.02.2020)
8. Е. Волкова / Сахарные деньги / Журнал «Агротехника и технологии» / <https://www.agroinvestor.ru/technologies/article/15023-sakharnye-dengi/> (қаралған күні: 1.03.2020)
9. Казахстан: Экспорт и импорт за январь - сентябрь 2018 года, со странами, не входящими в ТС / <http://sugar.ru/node/24951> (қаралған күні: 1.03.2020)
10. Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан о беспошлинном ввозе сахара: Цена на российский сахар была выше, чем на международном рынке / <https://informburo.kz/novosti/msh-o-beshpshlinnom-vvoze-sahara-cena-na-rossiyskiy-sahar-byla-vyshe-chem-na-mezhdunarodnom-rynke.html> (қаралған күні: 25.02.2020)
11. Нарынбаева А. Управление сельскохозяйственным производством региона в условиях усиления агропромышленной интеграции. Автореферат / Новосибирск 2018
12. Необходимы срочные меры по спасению сахарной отрасли Казахстана / <https://kursiv.kz/news/otraslevye-temy/2019-12/neobkhodimy-srochnye-mery-po-spaseniyu-sakharnoy-otrasli-kazakhstan> (қаралған күні: 1.03.2020)
13. OECD-FAO Agricultural Outlook 2018-2027, by country / Sugar beet yield / Retrieved from https://stats.oecd.org/Index.aspx?DataSetCode=HIGH_AGLINK_2018# (қаралған күні: 29.02.2020)

Резюме:

Мақалада Қазақстанның қант өнеркәсібі саласының статистикалық деректер негізінде ағымдағы жағдайына талдау жасалды. Саланың ұзақ мерзімді тұрақты дамуын тежеп отырған негізгі мәселелер анықталып, оларды шешу бойынша тиімді ұсыныстар жасалды.

Негізгі сөздер: қант өнеркәсібі, ауылшаруашылық, қант қызылшасы, қант қамысы, ішкі сұраныс пен ұсыныс, экспорт, импорт, өнімділік.

мөлшерін көтеру ұсынысы да негіз бола алады.

Францияда халықтың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік саясат мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде іске асырылып отырады. Өмір сүру сапасын жоғарғы деңгейде ұстап тұру мақсатында Франция үкіметі әлеуметтік саясатын келесі бағыттарда іске асыруда:

- жұмыс берушілер мен жалданушылар арасындағы еңбектік қарым-қатынастарды реттеу;
- жұмыссыздықты қысқарту және жұмыс бастылықты тұрақтындырып отыру;
- халықтың өмір сүру сапасының құқықтық алғышарттарын қалыптастыру;
- әлеуметтік қызметтердің бағалары мен тарифтерін ұстап бақылау.

Австралияда төмен еңбекақыны анықтау процедурасы еңбек даулары бойынша сот өкілдерінің қатысуымен өтіп, мемлекет қоғамдық мүдделерге қатысты мәселелерді апелляциядан кейін жөнелтіп отырады. Аргентина, Бразилия, Колумбия және Мексикада қалыпты түрде өмір сүруді қамтамасыз ететін төмен еңбекақыны тағайындау Конституция мен заңдардың негізгі мақсаты мен критеріі болып табылады.

Соңғы жылдары әлемде тұрақты және сәтті даму белгілерімен скандинавиялық модель ерекшеленуде. Жоғарғы салықтық жүктемеге негізделген экономикалық қалау халықтың сапалы түрде өмір сүруіне ықпал етуде. Норвегия, Швеция және Дания мемлекеттерінің өзіндік әлеуметтік-экономикалық мәселелері болғанымен, бұл мемлекеттерде адами даму деңгейі ең жоғарғы көрсеткіштерге ие және дамыған институционалды ортасымен ерекшеленеді. Нәтижесінде Скандинавия мемлекеттері Адами капиталының индексі, ғаламдық бәсекеге қабілеттілік, экономикалық еркін елдер және т.б. көрсеткіштер бойынша алға шықты.

1 кесте

Скандинавия мемлекеттерінің халықаралық рейтингтердегі орындары, 2017-2019 жылдар

Рейтингтегі орын	Швеция	Норвегия	Дания	Финляндия	Исландия
Адами капитал индексі (Human Development Index 2018)	7	1	11	15	6
Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік (Global Competitiveness Index, 2017–2018)	7	11	12	10	28
Экономикасы еркін елдер (Index of Economic Freedom 2019)	19	26	14	20	11
Бизнес жүргізу (Doing Business 2019)	12	7	3	17	21
Сыбайлас жемқорлықты қабылдау (Corruption perceptions index 2018)	5	7	1	3	14
Инновациялық экономика (Bloomberg Innovation Index 2019)	7	17	11	-	-
Баспа еркіндігі (World Press Freedom Index 2019)	3	1	5	2	14

Дереккөз: <https://docviewer.yandex.kz/view/1> Бюллетень о текущих тенденциях мировой экономики (қаралған күні: 10.05.2020).

Скандинавиялық мемлекеттер сыбайлас жемқорлығы төмен және ашық мемлекеттік жүйелі мемлекеттердің қатарына кіреді. Дания 180-ден

1 орынға, Швеция - 5 орынды, Норвегия - 7 позицияны иеленді. Сонымен қатар, Скандинавия мемлекеттері баспа еркіндігі бойынша алғашқы бестікке кіріп

отыр. Норвегия үш жыл қатарынан бірінші орында тұрса, Швеция тізімдегі үшінші, ал Дания бесінші орында тұр. Бұл мемлекеттерде денсаулық динами-

касы деңгейі халықтың өмір сүру деңгейін сипаттауда бірінші орынға қойылған, өйткені бұл кез келген адамның басты базистік қажеттілігін құрайды.

2 кесте

Әлем мемлекеттеріндегі орташа өмір сүру деңгейі

Мемлекет	Орташа өмір сүру ұзақтығы	Ерлер	Әйелдер	Жылына 1 адамға бөлінетін шығындар, АҚШ доллар
Швеция	83,33	84,97	87,62	5 600
Норвегия	82,94	84,78		7 464
Қазақстан	75,93	73,90	77,97	379

Дереккөз: <https://ultramodern-home.ru/2019/05/rejting-stran-po-urovnyu-zhizni-v-2019-godu>.


Норвегия мен Швецияда денсаулықтың негізгі көрсеткіштеріне өлім және адам дүниеге келгеннен кейінгі орташа өмір сүру ұзақтығы жатады. Бұл көрсеткіш (Life Expectancy Index) – көптеген мемлекеттерде орташа өмір сүру ұзақтығының негізгі көрсеткіші бола отырып, денсаулықты сақтауға бөлінген қаражаттарға тікелей корреляциялы болып келеді. Бұл көрсеткіш әлем бойынша 2015 жылы – 68,35 болса, 2019 жылы – 72 жасқа жеткен. Жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ) көрсеткіші мен жан басына тұтыну мөлшері бойынша Швеция мен Норвегия алдыңғы саптарда тұр. Бұл мемлекеттер басқару саясатында екі негізгі экономикалық басымдықтарды көздейді: табыстарды теңестіру және толық еңбек бастылық.

Ресми статистикалық деректеріне жүгінетін болсақ, БҰҰ бағалауы бойынша Норвегия өмір сүру деңгейі бойынша алдыңғы қатарда тұр. Норвегия экономикасы мұнай өндірісі негізінде тұрақты түрде дамуға қол жеткізіп, ол табыс мөлшері мен өмір сүру деңгейіне де оңтайлы әсер етуде. Мұнай экспорты 160 млн тоннаға жетіп, одан түскен

жылдық табыстың 20 млрд доллары болашақ игілігі үшін қор ретінде жиналады. Нәтижесінде Норвегия БҰҰ мәлімдемесі бойынша, әлем бойынша өмір сүру сапасы мен адами даму индексінің өмір сүру деңгейі (өмір сүру ұзақтығы, білім мен материалдық игіліктермен қамту) бойынша бірінші орынға шықты. Ондағы еңбекақы норвегия кронымен 5 мың евро болса, аптадағы жұмыс күні 37 сағаттан аспайды. Норвегияда мемлекеттік білім беру тегін жүргізіледі. Жоғарғы білім алғысы азаматарға мемлекеттік білім беруде студенттік қарыздар (заим) мен стипендия да қарастырылған. Мұнай-газ кешенінен түскен мол табыс негізінде тапшылықсыз мемлекеттік бюджет әр түрлі әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға және жаңа өндіріс көздерін құруға мүмкіндік берді Норвегия парламенті 1963 жылы қабылдаған заңына сәйкес су астынан өндірілетін табиғи ресурстарға (мұнайды қоса есептешенде) тек мемлекеттің ғана құқығының болуын қабылдаған болатын. Норвегияның 2009-2019 жылдардағы ЖІӨ көрсеткіштері төмендегі суретте келтірілген.

1 сурет

World Bank Group деректері бойынша Норвегиядағы ЖІӨ



Дереккөз: <https://politikus.ru/articles/politics/> (қаралған күні: 2.05.2020)

Соңғы жылдары қытай экономикасының айтарлықтай артуы халқының өмір сүру деңгейіне оңтайлы әсер етті. ҚХР еңбекақы деңгейі әсіресе ірі қалаларда Еуроодақтың кейбір мемлекеттерімен теңдесті. Әр түрлі аймақтарда еңбекақы деңгейі 1000-2500 юань немесе 158-400 АҚШ долларға жетеді [5]. Дегенімен, Қытайда қала және ауыл тұрғындарының еңбекақы мөлшерінің айтарлықтай алшақтығы бар. Қалай

тұрғындарының еңбекақысы 2000 юаньға дейін жетсе, ауылда тұратын қарапайым жұмысшылар бірнеше есе төмен алады. Сонымен қатар, байлар мен кедейлер табысының арасындағы алшақтық 10-15 есеге дейін жетеді.

Германия мемлекетінің экономикасын ұйымдастыру әлеуметтік-нарықтық қағидатымен, яғни еркін нарықтық қатынастардың мемлекеттің

әлеуметтік сфераларға етене араласуымен ерекшеленеді. Экономикасының даму деңгейі бойынша Германия әлемдегі мықтап дамыған жеті мемлекеттердің қатарына кіреді. Оның салалық құрылымы қызмет аясы (әлеуметтік сала) мен өнеркәсіпке негізделген, өйткені ол мемлекеттің айтарлықтай пайдалы қазбалары жоқтың қасы. Ұлттық экономика-

сының 54% қызметтерге, 46% - өндіріске, 0,1-1,5% агробизнеске тиесілі [6].

Төмендегі кестеде Германия мемлекетінің 2016-2017 жылдардағы ЖІӨ (жиынтық ішкі өнім) мөлшері, инфляция және жұмыссыздық деңгейлері келтірілген.

3 кесте

Германия мемлекетінің ЖІӨ (жиынтық ішкі өнім) мөлшері, инфляция және жұмыссыздық деңгейлері

Көрсеткіштер	2015	2016	2017
Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), млрд. доллар	3 777,0	3 479,0	3 651,0
Инфляция деңгейі, %	0,10	0,4	1,6
Жұмыссыздық, %	4,6	4,2	3,8

Дереккөз: <https://zaganportal.ru/germaniya/> (қаралған күні:10.05.2020).

Германиядағы 2019-2020 жылдардағы өмір сүру деңгейі салыстырмалы түрде жоғары, еңбекақы деңгейі жұмысшының айналысатын кәсібіне, санатына және оның жұмыс орнының орналасқан жеріне байланысты. Орташа еңбекақы мөлшері айына орта есеппен 2500 евроға тең. Мектеп аттестатын алғаннан кейін университетке түсу үшін жас абитуриент екінші дәрежелі секундарлы мектепке баруы тиіс, содан кейін ғана жоғарғы оқу орнына құжаттар тапсыруға болады. Жоғарғы оқу орындарында білім алу тегін болғанымен, келесі шығындарды өтеу қажет:

- жатақхана құны немесе тұрғын үйді жалға алу;
- білім алудағы әр түрлі қосымша төлемдер;

- салықтық төлемдер (кейбір аймақтар үшін);
- қалалық көлік түрлеріне төленетін жол ақысы.

Германиядағы зейнетақы жүйесі ТМД мемлекеттерінің жүйесіне ұқсас келеді. Әр азамат өзінің еңбекақысынан ай сайын тапқан табысының орта есеппен 19,5% зейнетақы қорына аударып отыруы тиіс. Бірақ бұл мөлшердің жартысын жұмыс беруші аударып отыратындықтан, жұмысшы орта есеппен 10% ғана аударды. Зейнетақы алу үшін әлеуметтік қорға бес жыл және одан көп жылдар бойы үздікіз төлемдер аударылып отыруы тиіс.

4 кесте

Кейбір мемлекеттер бойынша орташа зейнетақы мөлшері

доллар айына

Мемлекет	Орташа зейнетақы мөлшері
Дания	2 800
Финляндия	1 900
Норвегия	1 542
Израиль	1 350
Германия	1 200
Испания	1 190
АҚШ	1 164
Швейцария	874
Швеция	833
Жапония	717
Ұлыбритания	700
Франция	700
Ресей	285
Қазақстан	210
Әзірбайжан	202
Өзбекстан	55
Грузия	40

Дереккөз: <https://nonews.co/directory/lists/countries/health-expenditure-capita> (қаралған күні:03.05.2020)

АҚШ, Канада және Ұлыбританияда елдерді дамушы және дамыған елдер түрлеріне жатқызудың халықаралық өмір сүру сапасы мен деңгейін талдауда жан басына шаққандағы ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) және ЖҰӨ (жалпы ұлттық өнім) сияқты көрсеткіштері алынады [7].

Соңғы кездері Біріккен Ұлттар Ұйымы ұсынған Бүкіләлемдік бақыт индексі (World Happiness index). қолданылып жүр. Индекс өмір сүру сапасының келесі маңызды көрсеткіштерінен құралады: жан басына шаққандағы ЖІӨ, коррупция (сыбайлас жемқорлық) деңгейі, саяси еркіндік деңгейі, халықты әлеуметті қолдау, орташа өмір сүру ұзақтығы, өмір сүрудегі қанағаттанушылық деңгейі.5 кесте

Мемлекеттер бойынша бақыт индексі

Рейтингтегі орны	Мемлекет	Индекс көрсеткіші (World Happiness index)
1	Финляндия	7,769
2	Дания	7,600
3	Норвегия	7,554
6	Швейцария	7,480
7	Швеция	7,343
15	Ұлыбритания	7,054
17	Германия	6,985
24	Франция	6,592
30	Испания	6,354
60	Қазақстан	5,809
68	Ресей	5,648
93	Қытай	5,191
116	Армения	4,559

Дереккөз: <https://gtmarket.ru/ratings/world-happiness-report/info> (қаралған күні: 10.05.2020)

Қазақстан әлеуметтік салаларды қамтитын маңызды көрсеткіштер бойынша орташа көрсеткіштерде тұр. Жан басына келетін табыс, орташа айлық еңбекақы, еңбекақының төмен деңгейі, кедейлік шеңберінде өмір сүретін халық саны үлесінің дамыған мемлекеттермен салыстырғанда төмен болуы мемлекеттің әлеуметтік салаларды басқару тетіктерін жетілдіруді қажет етеді.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының әлеуметтік аяларда әлемнің дамыған мемлекеттерінен қалыс қалған көрсеткіштері айтарлықтай. Бірақ елімізде әлеуметтік бағыттағы көрсеткіштерді дамыту әлеуеті жеткілікті: атап айтсақ, халық санының, табиғи өсімінің тұрақты түрде артуы мен халықтың

орташа өмір сүру ұзақтығының артуы байқалады. Сонымен қатар, халықтың сауаттылық деңгейінің жоғарылауы және тағы басқаларының нәтижесінде еліміздің маңызды әлеуметтік мәселелері шешімін тауып, тұрақты түрде даму әлеуетін арттырады.

Халықтың әл-ауқатын бағалауда «Төмен еңбекақы мөлшерін» белгілеу сияқты шет-елдік озық тәжірибені енгізіп, оны жұмыс берушілерден талап ету, субъективті әл-ауқатты бағалауда халықтан сауалнамалар алып, ол нәтижелерді есептеу мен талдауда қолдану, халықтың әл-ауқатын бағалауды шет-елдік озық статистикалық әдістемелерді қолдану қажет.

Әдебиет:

1. Человек, труд, потребление / Под ред. М.А. Можина / АН, институт социально-экономических проблем народонаселения, 1991, стр.15-16
2. Волков А.М. Швеция: социально-экономическая модель / Мысль, 2005, стр.89
3. Бюллетень о текущих тенденциях мировой экономики, июнь 2019г. / <https://docviewer.yandex.kz/view/> (қаралған күні:05.05.2020)
4. Почему в Норвегии самый высокий уровень жизни? / <https://politikus.ru/articles/politics/> (қаралған күні: 2.05.2020)
5. <https://ultramodern-home.ru/2019/05/rejting-stran-po-urovnyu-zhizni-v-2019-godu/> (қаралған күні:12.05.2020)
6. <https://fb.ru/article/381301/uroven-jizni-v-kitae-pokazateli-sravnienie-s-drugimi-stranami> (қаралған күні:05.05.2020)
7. Экономика Германии и перспективы развития в 2020 году / <https://zagranportal.ru/germaniya/finansy-germanii/ekonomika-germanii.html> (қаралған күні:10.05.2020)
8. Расходы стран на здравоохранение на душу населения / <https://nonews.co/directory/lists/countries/health-expenditure-capita> (қаралған күні:03.05.2020)
9. <https://articlekz.com/article/13304/Международный опыт оценки уровня жизни населения> (қаралған күні:10.05.2020)
10. <https://politikus.ru/articles/politics/58083-pochemu-v-norvegii-samy-vysokiy-uroven-zhizni.html> (қаралған күні:10.05.2020)
11. Рейтинг стран мира по уровню счастья Sustainable Development Solutions Network. Гуманитарная энциклопедия: Исследования / Центр гуманитарных технологий, 2006–2020/ <https://gtmarket.ru/ratings/world-happiness-report/info> (қаралған күні:10.05.2020)
12. <https://gtmarket.ru/research/social-progress-index/info> (қаралған күні:10.05.2020)

Резюме:

Мақалада қоғамдағы экономикалық өсім және әлеуметтік теңдікпен тығыз байланысты өмір сүру сапасы мен деңгейлер көрсеткіштері бірқатар шет мемлекеттердің мысалы арқылы беріледі. Сонымен қатар, өмір сүру сапасын қалыптастыруда жауапты негізгі институттары қарастырылып, халықтың өмір сүру сапасының мемлекеттік басқару тиімділігі мен әлемдегі әлеуметтік серіктестік қағидаттарын іске асырудың басты көрсеткіші екендігі атап өтіледі.

Негізгі сөздер: адами даму индексі, әлеуметтік саясат, әлеуметтік ая, халықтың әл-ауқаты, халықтың өмір сүру сапасы, еңбекақыны реттеу әдістері, ЖІӨ, Бүкіләлемдік бақыт индексі.

В статье рассматриваются некоторые показатели уровня и качества жизни населения ряда зарубежных стран, которое в современном контексте становится главным показателем существования прочной связи между экономическим ростом и социальным равновесием в обществе. Кроме того, рассматривается функционирование основных институтов, ответственных за формирование качества жизни, подчеркнуто, что именно качество жизни людей может служить главным показателем эффективности государственного управления и реализации принципов социального партнерства в мире.

Ключевые слова: индекс человеческого развития, социальная политика, социальная сфера, благосостояние населения, уровень жизни населения, методы регулирования заработной платы, ВВП, Всемирный индекс счастья.

The article considers some indicators of the level and quality of life of the population of a number of foreign countries, which in the modern context is becoming the main indicator of the existence of a strong link between economic growth and social balance in society. In addition, the functioning of key institutions responsible for shaping the quality of life and emphasized that it is the quality of people's lives can serve as the main indicator of efficiency of public administration and implementation of social partnership principles in the world.

Keywords: human development index, social policy, social sphere, population welfare, standard of living, methods of wage regulation, GDP, world happiness index.

Авторлар туралы мәлімет:

Дәулетова А.М. – э.ғ.к., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің «Маркетинг және логистика» кафедрасының доценті (Қарағанды қаласы)

Жұманова Н.А. – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасының сарапшысы (Нұр-Сұлтан қаласы)

JEL: G28, H53

Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қолдауды іске асыру механизмдері

Г. Молдабекова, Ж. Раимбеков

Кіріспе

Қазіргі жағдайда мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асыру мәселелері ерекше маңызға ие және өзекті болып отыр, әсіресе Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қолдауды іске асыру тетігінің жұмыс істеуіне назар аударылады. Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі халықты әлеуметтік қорғау және қолдау болып табылады, оған қазіргі уақытта мемлекет тарапынан үлкен назар аударылады. Әлеуметтік қолдау өз кезегінде адамның жынысына, ұлтына, жасына, тұрғылықты жеріне және басқа да жағдайларға қарамастан, оның әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа да құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің саясатын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты әлеуметтік қолдаудың әртүрлі шаралары мен құралдарын іске асыру арқылы жүзеге асып отыр, оған қоса олардың ішінде қоғамдық дамудың ерекше проблемаларын шешу жөніндегі арнаулы әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік даму, экономикалық оңалту және халықтың неғұрлым осал топтарын әлеуметтік қолдау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды, сондай-ақ әлеуметтік саладағы арнайы заңнамалық базаны әзірлеу және іске асыру неғұрлым кең тараған және тиімді болып табылады. Әлеуметтік қолдауды іске асырудың аталған тиімді механизмдері мемлекеттің адам әлеуетін тұрақты дамытуды және ел халқының тұрмыс деңгейі мен сапасын жақсартуды қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты әлеуметтік қорғау үрдістерін кеңейтуге және тереңдетуге, индивидтердің экономикалық өндірісті басқару құрылымына қатысуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған. Қазақстанда әлеуметтік саясатты іске асыру халықты жұмыспен қамту саясатымен, кіріс саясатымен, мемлекеттің аймақтық, фискалдық және монетарлық саясатымен, сондай-ақ макроэкономикалық саясаттың басқа да құралдарымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамаға сәйкес, кірістер қорғау және әлеуметтік көмек көрсету, халықтың осал санаттары үшін әлеуметтік қорғау жүйесі бағдарланатын болады. Әлеуметтік қорғау жүйесінің базалық компоненті мемлекет тарапынан қолдау болып табылады, бірақ бұл ретте жеке сектордың да қатысуы белсенді дамиды болады. Аталған тұжырымдаманың мақсаты - ол, адам капиталының

сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ барлық қазақстандықтар үшін өмір сапасының жоғары стандарттарына қол жеткізуге негізделген. Әлеуметтік даму тұжырымдамасы экономикалық өсуді тиімді әлеуметтік саясаттың негізі ретінде айқындаса, ал әлеуметтік модельдің тиімділігі елдің экономикалық әлеуетімен тікелей байланыстырылады. Бұл өзара байланыс екі өлшемде көрінеді, біріншіден, күшті экономика тұрақты салық базасын қалыптастырады және сол арқылы мемлекеттің әлеуметтік моделінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, екіншіден, адами капиталдың дамуы, жоғары білікті сау ұлт, жоғары өнімді еңбек пен пайданың өсуін қамтамасыз ете отырып, инновацияларды жандандырады [1].

Әлеуметтік қолдау субъектілерінің арасында басты рөл мемлекетке тиесілі болып келеді, өйткені мемлекет әлеуметтік қорғаудың басқа субъектілері қызметінің заңнамалық негіздерін айқындайды. Ол нақты қоғамға әлеуметтік қызмет көрсету үшін ең үлкен ресурстық әлеуетке ие. Алайда, нарықтық қатынастардың дамуымен әлеуметтік қорғаудың басқа да субъектілеріне үлкен мән беріледі, себебі өз тарапынан әлеуметтік қорғаудың түрлі нысандары мен тәсілдерін ұсына отырып, олар әлеуметтік қызметтер нарығында бәсекелестікті дамытуға ықпал етеді. Жалпылама, әлеуметтік қолдау субъектілеріне мемлекеттен басқа кәсіподақтар, одақтар мен жұмыс берушілердің қауымдастықтары, әртүрлі қоғамдар мен бірлестіктер, үшінші сектор ұйымдары, сондай-ақ неғұрлым белсенді және ұйымдасқан тұлғалар жатады.

Зерттеудің негізгі әдістері

Негізгі нәтижелер алуға мүмкіндік берген зерттеудің мынадай әдістері пайдаланылды:

а) макроэкономикалық талдау әдісі, ол арқылы әлеуметтік саясаттың қазіргі жай-күйіне, ерекшеліктері мен даму бағыттарына, сондай-ақ халықты әлеуметтік қолдау механизмін іске асыруға талдау жүргізілді;

б) экономикалық зерттеудің статистикалық әдісі, оның көмегімен кейбір статистикалық мәліметтеріне талдау жүргізілді, мысалы, зейнетақымен қамсыздандыру және халықты әлеуметтік қорғау көрсеткіштеріне, арнайы мемлекеттік жәрдемақыларға, халықтың ақшалай табысының құрылымына және т.б. әлеуметтік көрсеткіштеріне;

в) қазіргі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды анықтау және оларды тиімді шешуді іздестіру үшін институционалдық талдау әдісі;

г) талдау деректерін түсіндіру үшін графикалық әдісі.

Зерттеудің нәтижелері мен болашағы

Әлеуметтік саясат әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерге, халықтың әл-ауқатының өсуіне, олардың өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсартуға, адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жалпы өмір салтын жетілдіруге байланысты әлеуметтік топтар арасындағы, жалпы қоғам мен оның азаматтары арасындағы қатынастарға қатысты мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды бөлігі болып табылады.

Халықты әлеуметтік қолдау экономикалық қайта құру кезеңінде халықтың әлеуметтік осал топтарын материалдық қолдаудың мемлекет кепілдік берген ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені болып табылады. Әлеуметтік қолдауды іске асыру механизмі адамдардың өмір сүруінің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз етуді, қажеттіліктерін қанағаттандыруды, әртүрлі әлеуметтік санаттар мен топтарға жеке адамның тіршілігін қамтамасыз етуді және іскерлігін қолдауды қамтамасыз ететін мемлекет пен қоғам жүргізетін әлеуметтік-экономикалық іс-шаралардың жиынтығын, сондай-ақ азаматтардың ауру, жұмыссыздық, қарттық, асыраушының өлімі сияқты қалыпты өмірдегі тәуекел жағдайларына қарсы бағытталған шаралардың жиынтығын қамтиды.

Әлеуметтік саясаттың негізгі ережелерінің бірі – қоғамның әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің мүддесінде тиісті басымдықтарды әзірлеу және іске асыру механизмін жасау болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты әлеуметтік қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламалары мен әлеуметтік қызметтер жүйесі арқылы іске асырылады.

Халықаралық тәжірибені талдау негізінде әлеуметтік қорғаудың неғұрлым тиімді және кешенді жүйелері келесі негізгі элементтерді қамтиды деген қорытынды жасауға болады:

- әлеуметтік қамтамасыз ету;
- мемлекеттік жәрдемақылар;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- жинақтаушы зейнетақымен қамсыздандыру;
- әлеуметтік қолдау (көмек).

Халықты әлеуметтік қолдау саласында тікелей ұзақ мерзімді саясатқа келетін болсақ, ол келесі басым бағыттарды қамтиды:

- қоғамдағы әлеуметтік ахуалды жақсарту, кедейлікті төмендету және халықтың табыс деңгейі бойынша саралануын азайту;

- балалардың жағдайын жақсарту және отбасын қолдау;

- мүгедектерді оңалту және әлеуметтік ықпалдастыру;

- жоғары жастағы адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету;

- әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы беймемлекеттік коммерциялық емес ұйымдар секторын дамыту;

- қиын өмірлік жағдайдағы адамдарды әлеуметтік қолдаудың тиімді жүйесін және құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру;

- халықты қолдау және әлеуметтік бейімдеу институттарын дамытудың дербес бағыты ретінде жастар саясатын дамыту [2].

Кең мағынада әлеуметтік осал адамдар - ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар адамдар. Адамдардың қандай да бір топтарын әлеуметтік осал топтарға жатқызу кезінде олардың ағымдағы ақшалай табыстарын ғана емес, сондай-ақ «мүліктік ценз» деп аталатын жинақталған байлықты немесе ақша жинақтарын да ескеру қажет. Алайда, адамдардың мүліктік жағдайы туралы шынайы мәліметтер алу қиын болғандықтан, адамның материалдық жағдайын сипаттайтын өлшем ретінде оның ресми ақшалай табысын пайдалануға тура келеді.

Қалыптасқан практикада халықтың әлеуметтік осал топтарына келесі мүшелер жатады: отбасы мүшесіне ақшалай табысы төмен отбасылар (көбінесе бұл көп балалы отбасылар); асыраушысынан айырылған отбасылар; балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған аналар; мүгедектер; қарттар; жеткіліксіз жәрдемақы алатын зейнеткерлер; шәкіртақы алатын студенттер; жұмыссыздар; табиғи апаттардан, саяси және әлеуметтік жанжалдардан, заңсыз құдалаудан зардап шеккен адамдар. Кейбір жағдайларда әлеуметтік жағынан осал топтарға балаларды жатқызады. Бұл адамдардың барлығы Үкімет пен жалпы қоғам тарапынан әлеуметтік қолдауды қажет етеді.

Әлеуметтік қолдау қазіргі уақытта әртүрлі нысандарда іске асырылады: ақшалай көмек түрінде, материалдық игіліктер беру, жетімдер үйінде тегін тамақтану, баспана беру, медициналық, заңдық, психологиялық көмек көрсету, қамқорлық, асырап алу түрінде көрініс табуы мүмкін. Осылайша, әлеуметтік қолдау өзінің функцияларында қоғамның барлық мүшелеріне бағытталған, бірақ объективті себептер бойынша халықтың әртүрлі топтарына қатысты оның нақты іске асырылуы бірдей емес. Еңбекке қабілетті және дені сау азаматтарға әлеуметтік қолдау нарықтық қатынастар жағдайында еңбек қатынастары жүйесіне енгізудің тең мүмкіндігін, экономикалық еркіндік пен кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Барлық еңбекке жарамсыз және халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттары мен топтарына (балалар, оқушылар, көп балалы отбасылар, мүгедектер, зейнеткерлер) әлеуметтік қолдау заңда белгіленген артықшылықтар мен жеңілдіктерді, тікелей әлеуметтік қолдауға, салықтардың төмендеуіне кепілдік беруі тиіс. Бұл шаралар әр түрлі себептерге байланысты өзінің еңбек әлеуетін іске асыру мүмкіндігінен айырылған әлеуметтік субъектілерге өмір сүрудің ең аз қажетті жағдайлары мен алғышарттарын қамтамасыз етуге арналған [3].

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – министрлік) әлеуметтік-еңбек саласында, сондай-ақ құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады. Министрліктің миссиясы азаматтардың еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы конституциялық кепілдіктері мен құқықтарын қамтамасыз ету арқылы халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға жәрдемдесу болып табылады.

Министрліктің қазіргі уақыттағы міндеттері келесі салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және мемлекеттік басқару болып есептеледі:

- 1) еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;
- 2) жұмыспен қамту;
- 3) әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамтамасыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- 4) мүгедектерді әлеуметтік қорғау;
- 5) балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау;
- 6) азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек;
- 7) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 8) өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер [4].

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлеуметтік саясатында халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау және қолдау мәселелері ерекше назар аударуға тұрарлық мәселе. Жұмыспен қамту саясатының мақсаты – кәсіби даярлауды қамтамасыз ету, біліктілікті арттыру, мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі саласын кеңейту және халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған басқа да шараларды іске асыру жолымен толық, өнімді және еркін таңдап алынған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.

Әлеуметтік дамудың қазақстандық моделінің жұмыс істеуі мынадай қағидаларға негізделеді:

- 1) елдің барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер;
- 2) ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу;
- 3) көмек көрсетудің атаулылығы немесе сараланған тәсілі;
- 4) мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың ортақ жауапкершілігі;
- 5) экономикалық өсу тиімді әлеуметтік саясаттың негізі ретінде.

Әрбір азаматтың барынша өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әділ қоғамды қалыптастыру мақсатында Қазақстанның әлеуметтік даму моделі өмірлік циклдің әрбір кезеңінде әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған, атап айтқанда:

- 1) балалар жасындағы бастапқы жағдайлардың теңдігін қамтамасыз ету;

- 2) еңбекке қабілетті азаматтар үшін тең мүмкіндіктер ортасын құру;

- 3) егде жастағы азаматтар үшін лайықты өмір сүруді қамтамасыз ету.

Бұл тәсіл әлеуметтік бағдарламалармен жаппай қамтуды және әлеуметтік дамудың дәйектілігін қамтамасыз етеді.

Мемлекет әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек жүйесін, оның ішінде шартты әлеуметтік көмекті қаржыландырады, қолайлы өмір ортасын және әлеуметтік осал азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін мүмкіндіктер жасайды. Жұмыс берушілер әлеуметтік жұмыс орындарын құруға, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік механизмі арқылы әлеуметтік қызмет көрсету инфрақұрылымын дамытуға қатысады, қайырымдылық бағдарламалары арқылы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін іске асырады. Азаматтар өз балаларына, көмекке мұқтаж ата-аналары мен туыстарына қамқорлық жасайды, әлеуметтік жағынан осал азаматтарды қолдау бойынша қоғамдық қызметке белсенді қызмет етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қамтамасыз ететін іс-шаралар халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша негізделген, соның ішінде:

- қызмет пен жұмыс түрін таңдау еркіндігі;
- кез келген түрдегі кемсітушіліктен қорғау;
- мамандық алу және жұмысқа орналасу, жұмыспен қамту және еңбек жағдайларын таңдау мүмкіндіктерінің тең болуы;
- еңбек жұмыссыздығынан әлеуметтік қорғау.

Ауылдық еңбек нарығы ерекше қиындықтарға тап болуда, ауылдағы жұмыссыздары жұмысқа орналастыру және әлеуметтік қолдау бойынша мемлекеттік шараларды әзірлеу кезінде есепке алуды талап ететін ерекшеліктер жеткілікті [5].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа коронавирус COVID-19 пандемиясын жариялауына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізу туралы» 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында 2020 жылғы 16 наурыздан бастап төтенше жағдай енгізілді. Төтенше жағдай режимі (бұдан әрі - ТЖ) 2020 жылғы 11 мамырда аяқталды.

Елдегі төтенше жағдай кезінде Президент Қ.К.Тоқаев осы күрделі жағдайларда экономиканы, шағын және орта бизнесті, халықты қолдауға бағытталған бірқатар нақты тапсырмалармен халыққа бірнеше рет жүгінді. Ел Президентінің тапсырмасы бойынша, бүгінгі күні әлеуметтік және қаржылық реттеудің қолайлы жүйесін құруға күш салу маңызды. Төтенше жағдайында азаматтар мен экономиканы қолдауға қосымша үш бағыт бойынша шығыстар көзделген:

Бірінші. «Жұмыспен қамтудың жол картасын» іске асыру шеңберінде инфрақұрылымдық жобалар іске асырылатын және 254,3 мың жұмыс орны құрылатын болады.

Екінші. Әлеуметтік төлемдерді индекстеу және шетел валютасы бағамының өзгеруіне байланысты шығыстарды жабу. Бұл мақсатқа 315,4 млрд. теңге бағытталады.

Үшінші. Азаматтар мен экономиканы қолдауға, оның ішінде мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыруға 293,4 млрд. теңге бағыттау ұсынылады.

Осы қаражат шеңберінде бір мезгілде өмір сүру сапасын жақсартумен және табыс пен сұраныстың ұлғаюымен өндірісті ынталандыруға бағытталған бірқатар шаралар мен жобаларды іске асыру жоспарлануда. Төтенше жағдай режимі кезінде ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша халықты жұмыспен қамтамасыз етудің негізгі құралы жаңа «Жұмыспен қамтудың жол картасы» болса, оны іске асыруға 1 трлн. теңге қарастырылған. Бағдарламада 7 мыңнан астам жоба қамтылатын болады. Олардың 300-ден астамы өндірістік, перспективалық жобалар болып табылады, олар жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді [6].

Елдегі ТЖ кезеңінде мемлекет халықты әлеуметтік көмек көрсету және қолдау жөніндегі кең ауқымды шараларды қабылдады және олар қазіргі уақытта іске асырылуда, мысалы өтемақылар, ақшалай төлемдер, азық-түлік жиынтығы, медициналық қорғау құралдары және т.б. түрінде материалдық көмек, сондай-ақ әр түрлі мәселелер бойынша азаматтарға консультациялық көмек, оның ішінде әлеуметтік көмек алу түрінде жүзеге асырылады.

Ең маңызды шаралардың бірі жалақы сақталмайтын демалыста немесе төтенше жағдай кезінде табыстан айырылған Қазақстан Республикасының азаматтарына 42500 теңге мөлшеріндетегі айындалған өтемақы болып табылады. Осы өтемақыны төлеу шарттарының бірі бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) хабарланғанға дейін кемінде 12 ай бұрын төлем болып табылады. Бұл 42500 теңге мөлшерінде төлем алатын азаматтардың тізімі төмендегідей:

1. Шағын және орта бизнес (ШОБ) қызметкерлері.
2. Ірі кәсіпкерлік қызметкерлері (карантин енгізілген елді мекендерде).
3. Жеке кәсіпкерлер.
4. Жеке практикамен айналысатын азаматтар (нотариустар, адвокаттар және т.б.).
5. Төтенше жағдай енгізілгенге дейін 12 ай ішінде ең болмағанда 1 рет БЖТ төлеген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.
6. БЖТ бұрын-соңды төлемеген және төтенше жағдайға байланысты табыстарын жоғалтқан өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.
7. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін азаматтар.

8. Коммерциялық емес ұйымдардың қызметкерлері (мемлекеттік мекемелерден басқа).

9. Мемлекеттік қызметшілерден басқа, бала күтімі бойынша демалыста жүрген әйелдер (егер бала бір жастан асқан болса).

10. Қосымша табысы болған және төтенше жағдайға дейін БЖТ төлеген зейнеткерлер мен мүгедектер.

11. Бос уақытында төтенше жағдайға дейін жұмыс істеген студенттер.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б.Б.Нұрымбетовтың айтуынша, 2020 жылғы 11 мамырына бұл әлеуметтік төлемді 4 млн. 539 мың адам алды. Ағымдағы жылдың мамырайының басынан бастап Министрлік 3 млн. 735 мың адам алатын осы әлеуметтік төлемнің екінші кезеңін өткізеді.

Халықтың жекелеген санаттарын азық-түлік-тұрмыстық жиынтықпен қамтамасыз ету тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 25 наурыздағы №109 «Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің және төтенше жағдай кезеңінде халықтың кейбір санаттарын азық-түлік-тұрмыстық жиынтықпен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен анықталған. Төтенше жағдай кезеңінде халықтың жекелеген санаттарына ұсынылатын азық-түлік-тұрмыстық жиынтығының ең аз құрамы 9 азық-түліктің атауын қамтиды, олар: ұсақталған бұршақ (700гр.); күріш жармасы (1600гр.); ультрапастерленген сүт (2,5%, 1,95л.); ж/с бидай ұны (2кг); макарон өнімдері (800гр.); күнбағыс майы (0,8л.); қант (800 г.); йодталған тұз (1кг); түйіршіктелген шай (250г.) [4].

Сонымен қатар, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б.Б.Нұрымбетов екі айлық ТЖ режиміне және жалғасып жатқан карантинге байланысты елдегі жұмыссыздықтың күтілетін деңгейі бойынша болжам жасады. Оның пікірінше, еңбек нарығындағы жағдай және жұмыспен қамтуды қалпына келтіру, бірінші кезекте, карантиндік шаралардың төмендеуі және әлсіреуі қарқынына және кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін қалпына келтіруге, сондай-ақ экономиканы жандандыруға байланысты болады. Жұмыспен қамтуды қалпына келтіру процестері неғұрлым күрделі болады. Министрлік деңгейінде карантиндік шаралардың әлсіреуінің негізгі көлемі маусым-шілде айларында болса, жұмыспен қамтуды неғұрлым толық қалпына келтіру 2020 жылдың IV тоқсанында басталады деп болжам жасалды. Жыл қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейі төтенше жағдай режимін енгізгенге дейін 4,8%-тен 5,9%-ке деңгейінде болуы мүмкін. Бүгін Үкімет халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша бірқатар шаралар қабылдады. Жұмыспен қамтудың жол картасы іске қосылды, «Еңбек» бағдарламасының мүмкіндіктері кеңейтілді. Басқа 9 мемлекеттік бағдарламалармен қатар, олардың әлеуетін ескере отырып, ағымдағы 2020 жылы жалпы жұмыспен

қамтуды қамтамасыз ету шараларымен Министрлік 1 млн. 200 мыңнан астам адамды жұмыспен қамту жоспарлануда [7].

Жалпы, әлеуметтік көмек туралы айтатын болсақ, онда Министрлігінің деректеріне сәйкес, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында тұрғындарға көрсетілетін әлеуметтік көмек мынадай түрлерін қамтиды:

1. Аз қамтылған азаматтарға кешенді әлеуметтік көмек көрсетуді көздейтін және әлеуметтік қолдаудың осындай түрлерінен тұратын атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК):

- біріншіден, ақшалай төлем;
- екіншіден, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шараларды, яғни оқуға жіберу, жастар практикасы, қоғамдық жұмыс, әлеуметтік жұмыс орындары, шағын несие беру, тұрақты жұмыс орындары;

- үшіншіден, мүгедектерді әлеуметтік оңалтуды қамтитын әлеуметтік бейімдеу шаралары, заң кеңесін өткізу, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша шығындарды өтеуге тұрғын үй көмегін алуға жәрдемдесу, тұрғын үй беру үшін және балабақшаларға кезекке қою, сондай-ақ әйелдер консультацияларында есепке қою және өзге де шаралар (секциялар, үйірмелер, факультативтік сабақтар және мектеп жасындағы балалар үшін тегін тамақ ұйымдастыру);

- төртіншіден, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар үшін кепілді әлеуметтік пакет (азық-түлік жиынтығымен және тұрмыстық химия жиынтығымен қамтамасыз ету; оқу орны бойынша тегін тамақтану, мектеп формасы мен мектеп керек-жарақтары, қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүру).

Атаулы әлеуметтік көмек 2 түрге жіктеледі: шартсыз және шартты ақшалай көмек.

Шартсыз ақшалай көмек еңбекке жарамсыз азаматтары бар отбасыларға немесе отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесі объективті себептермен жұмысқа орналасуға мүмкіндігі жоқ отбасыларға (үш жасқа дейінгі баланы, мүгедек баланы, бірінші немесе екінші топтағы мүгедек баланы, бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж қарттарды күтуді жүзеге асырады) беріледі. Шартсыз ақшалай көмек алу үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына міндетті қатысу талап етілмейді. Шартсыз ақшалай көмек өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және ай сайын төленеді.

Шартты ақшалай көмек өз құрамында кемінде бір еңбекке қабілетті мүшесі бар отбасыларға арналған және әлеуметтік келісімшарт жасалған және адал орындаған жағдайда көрсетіледі. Әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімі 3 айды құрайды. Шартты ақшалай көмек өтініш берген айдан бастап тағайындалады және ай сайын немесе әлеуметтік келісім-шарттың қолданылу кезеңіне бір рет төленеді.

АӘК отбасының әрбір мүшесіне кедейлік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа

табысы бар азаматтарға тағайындалады. Бүгінгі күні кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% деңгейінде немесе 2020 жылғы I тоқсанына орта есеппен 21 302 теңгені құрады. Айта кетейік, АӘК мөлшері бір адамға (отбасына) арасындағы орташа жан басына шаққандағы табысы белгіленген аймақтарда кедейшілік есебінен отбасының әрбір мүшесіне айырмашылық түрінде есептеледі. Бұл ретте отбасының жиынтық табысына мынадай төлемдерден басқа барлық табыс түрлері енгізіледі:

- тұрғын үй және атаулы әлеуметтік көмек;
- жерлеуге бірреттік жәрдемақы;
- он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

- он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

- он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

- он алты мен он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға арнайы мемлекеттік жәрдемақылар;

- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақылар;

- жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының (техникумдар, колледждер) студенттеріне төленетін стипендиялар, оның ішінде мемлекеттік атаулы және атаулы стипендиялар);

- бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар;

- Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдарында көрсетілетін, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек;

- төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығы мен мүлікке келтірілген залалды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек және қаржылық пен материалдық көмек түрінде әлеуметтік қолдаудың басқа да түрлері [4].

Қазіргі уақытта әлеуметтік салада үкіметтік стратегияларды, мемлекеттік бағдарламаларды, тұтастай алғанда елдің әлеуметтік саясатын іске асыру саласындағы даму тұжырымдамаларын іске асыру арқылы өз шешімін табатын бірқатар мәселелер, проблемалар бар. Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 25%-ын құрайтын өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жоғары үлесі, сондай-ақ ауылдық аудандарда «өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамту» сияқты

проблемалар өзекті орын алып отыр. Зейнетақымен қамсыздандыру саласында ынтымақты зейнетақы төлемдерін қолайлы деңгейде ұстап тұру үшін олардың мөлшері жыл сайын инфляция қарқынынан оза отырып индекстеледі. Алайда халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтыған және бейресми жұмыспен қамтылған топтарын жинақтаушы зейнетақы жүйесімен толық қамту проблемасы сақталуда.

Өмір сапасының маңызды көрсеткіші тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады. Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламаларын іске асырудың арқасында соңғы жылдары жыл сайын шамамен 10 млн. шаршы метр тұрғын үй енгізіледі және бүгінгі күні Қазақстанда жан басына шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз ету 21 шаршы метрге дейін өсті. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген), «Нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» басымдығын іске асыруға сәйкес елде жұмыс күшінің еңбек ұтқырлығын қамтамасыз ету, төмен өндірістік салаларда, экономиканың бейресми секторында жұмыспен қамтылғандарды және жұмыссыздарды қолдауға бағдарды сақтау, еңбек

нарығының инфрақұрылымын жетілдіру арқылы қолда бар еңбек ресурстары өнімділігінің жылдам өсуіне жәрдемдесу жалғастырылатын болады. Азаматтардың мүдделерін қорғау сапасын жақсарту мақсатында құқықтық көмегін көрсетудің стандарттары мен қағидаттары заң жүзінде белгіленіп, табыс деңгейі төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету жүйесі жақсартылып, ауылдық жерлерде адвокаттық қызметтерге толыққанды қол жеткізу қамтамасыз етілетін болады.

Атап айтқанда, 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспардың басты мақсаты экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің деңгейіне адамдардың әл-ауқатын арттыруға алып келетін экономиканың сапалы және тұрақты өсуіне қол жеткізу болып табылады [8].

Статистикалық деректерді макроэкономикалық талдау үшін зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау көрсеткіштерін, тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың орташа айлық мөлшерін, Қазақстан халқының ақшалай кірістерінің құрылымын қарастырамыз. Соңғы 3 жылдағы зейнетақымен қамтамасыздандыру және әлеуметтік қорғау көрсеткіштері 1-ші кестеде көрсетілген.

1 кесте

Зейнетақымен қамтамасыздандыру және әлеуметтік қорғау көрсеткіштері

	2017	2018	2019
Зейнетақы алушылардың саны, адам*	2 147 942	2 192 549	2 227 707
Белгіленген зейнетақының орта айлық көлемі, теңге*	50 850	54 387	57 622
Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатындар саны, адам	781 692	779 587	787 092
Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орта айлық көлемі, теңге	30 692	38 011	39 907
Зейнетақының ең аз көлемі, теңге	31 245	33 745	36 108

* Күш құрылымдарын ескере отырып.

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері [9].

Бірінші кестенің деректерінен көрініп тұрғандай, 2017-2019 жылдары аралығында барлық көрсеткіштердің өсудинамикасы байқалады. Зейнетақы алушылар саны 79765 адамға немесе 3,7%-ға өсті. Тағайындалған зейнетақының орташа айлық мөлшері (әлеуетті құрылымдарды ескере отырып) 3 жылда 6772 теңгеге немесе 13,3%-ға көбейді. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны да 5400 адамға немесе 0,6%-ға жоғарылады. Тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері 9215 теңгеге өсті, осы жәрдемақының өсімі 30%-ды құрады. Зейнетақының ең төменгі мөлшері 4863 теңгеге немесе 15,5%-ға өсті.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда ана мен баланы қолдаудың ұлттық моделі құрылған. Қазіргі уақытта ол 8 түрлі мемлекеттік жәрдемақы және 3 төлем түрінде ұсынылған, немесе Қазақстанда ана мен баланы қолдауға жәрдемақы мен төлемдердің жалпы 11 түрі бағытталған. Жалпы алғанда осы мақсаттарға 2020 жылы 682,9 млрд. теңге көзделген. Мәселен, біржолғы жәрдемақы мөлшері бірінші баланың, екінші, үшінші баланың 2020 жылы 38 айлық есептік көрсеткішті

(бұдан әрі – АЕК) немесе 100738 теңгені құрайды, ал төртінші және одан кейінгі балаларға 63 АЕК немесе 167013 теңге төленеді. 2019 жылда бұл төлемнің орташа мөлшері 109370 теңгені құрады, оны 43,8 млрд. теңгеге 400022 адам алды. 2020 жылы төлемнің орташа мөлшері 114788 теңгені құрайды және осы мақсаттарға мемлекет 45,2 млрд. теңге бағыттады.

2006 жылдан бастап жұмыс істемейтін ата-аналарға бір жасқа дейінгі балаға мемлекеттік жәрдемақы түрінде төлем беріледі. Ол отбасының табысына қарамастан тағайындалады және 4 балаға дейін тууына байланысты көбейіп өсіп отырады (бірінші балаға – 5,76 АЕК немесе 15 270 теңге, екінші балаға – 6,81 АЕК немесе 18054 теңге, үшінші балаға – 7,85 АЕК немесе 20811 теңге, төртінші және одан кейінгі балаларға – 8,9 АЕК немесе 23594 теңге). Мысалы, 2019 жылы жалпы сомасы 34,7 млрд. теңге болатын 138466 адам осындай мемлекеттік жәрдемақы алды, төлемнің орташа мөлшері 20886 теңгені құрады. 2020 жылы аталған жәрдемақыны төлеуге 39 млрд. теңге бағытталатын болады, оның орташа мөлшері 22663 теңгені құрайды. Мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру қорынан төлеу (бұдан әрі – МӘСҚ) жұмыс істейтін ата-ана баласының бір жастан асуына байланысты өткен жылы 434 мың адамға жалпы 89,1 млрд. теңге берілді. Биыл төлемдердің жалпы сомасы 100,1 млрд. теңгеге негізделген.

2010 жылдан бастап Қазақстанда мемлекеттік жәрдемақы, ата-аналарға, қамқоршыларға, мүгедек балаларды тәрбиелеушілерге 1,4 ең төменгі күнкөріс деңгейі еңгізілді. 2019 жылы осы жәрдемақының мөлшері 41578 теңгеге жетті, жәрдемақы алушылар 8229 адам болды, жалпы сомасы 38,1 млрд. теңге. 2020 жылы бұл жәрдемақының мөлшері 43657 мың теңге болды, бұл мақсатқа мемлекет 48,1 млрд. теңге бөлді. 2018 жылдан бастап енгізілген 18 жастан асқан жастайынан бірінші топтағы мүгедекке тағайындалатын және төленетін жаңа ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы болады. Оның мөлшері да 1,4 күнкөріс минимумын белгіледі.

2019 жылы осы мемлекеттік жәрдемақыны жалпы сомасы 6,1 млрд. теңгеге 13692 адам алды, ал 2020 жылы осы мақсаттарға 8,6 млрд. теңге қарастырылған.

Сонымен қатар, базалық деңгейде әлеуметтік сақтандыру төлемдері мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар ретінде беріледі. Деректер жәрдемақы жыл сайын өзгеруіне байланысты, ең төменгі күнкөріс деңгейі артады. Мәселен, 2019 жылы асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері 25541 теңгеден 76027 теңгеге дейін болды. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап аталған жәрдемақылар 5%-ға өсті және ағымдағы жылы оларды төлеуге мемлекетпен 75 млрд. теңге арналған.

Көп балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыты болып табылады. Көп балалы отбасыларды қолдау 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларға немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне жаңа мемлекеттік жәрдемақы төлеу есебінен қамтамасыз етілген. Бұл мемлекеттік жәрдемақы Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап отбасының табысына қарамастан сараланған мөлшерде төленеді: 4 баладан – 42496 теңге; 5 баладан – 53127 теңге; 6 баладан – 63757 теңге; 7 және одан да көп баладан – 74388 теңге. Мысалы, 2020 жылдың қаңтар айында аталған жәрдемақы 369 мың отбасына тағайындалды, оларға 17 млрд. теңгеден астам қаражат төленді [4].

Қазақстан Республикасының 5 сәуірдегі 1999 жылғы № 365-І «Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы Қазақстан Республикасындағы» (2020 жылғы 5 мамырдағы өзгертулер мен толықтырулармен байланысты), мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтардың арнаулы мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қатынастарды реттейді. Заңында анықталған арнайы мемлекеттік жәрдемақы ретінде жәрдемақылардың өзге түрлеріне қарамастан ақшалай төлем алуға құқығы бар азаматтарға төлем беріледі. Арнайы мемлекеттік жәрдемақы мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне кіреді және оларды алуға құқығы бар азаматтарға ай сайынғы ақша төлемдерін білдіреді [10].

2-ші кестеде 2017-2019 жылдар кезеңінде тағайындалған арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың саны көрсетілген.

2 кесте

Тағайындалған арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар (алушылар саны)

	2017	2018	2019
Барлығы	1 356 784	794 825	764 878
олардың ішінде:			
ҰОС мүгедектері	638	443	312
ҰОС ардагерлері	1 620	1 193	858
ҰОС мүгедектерге тең адамдар	17 340	16 900	16 274
ҰОС ардагерлеріне тең адамдар	22 807	22 315	21 867
ҰОС жесірлері	54	33	19
ҰОС қаза болған мүгедектердің жұбайлары	6 498	5 907	5 211
Батырлар	87	75	66
Қайтыс болған әскер қызметкерлерінің отбасылары	17 848	18 324	18 044
Тыл еңбекқоры атығын алғандар	128 884	123 175	111 711
ЧАЭС жоюына қатысқандар	959	940	917
I және II топтағы мүгедектер	305 866	26 353	26 939
III топтағы мүгедектер	223 241	42 561	46 133
16 жасқа дейінгі мүгедектер	74 095	189	197
«Алтын Алқа», «Күміс алқа» иегерлері	238 132	236 256	234 918
Кәмелет жасына толмаған 4 немесе одан көп балалы отбасыларға	283 509	264 984	246 972
Ақталған азаматтар	34 905	34 919	34 202
Ерекше еңбегіне сай зейнетақы алушылар	301	258	238

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері [9].

2-ші кестедегі деректер бойынша 2018 және 2019 жылдары I және II топтағы мүгедек арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың күрт азайғанын көріп отырмыз. Бұл 2018 жылғы 1 шілдесінен бастап 18 жастан асқан бала кезінен бастап бірінші топтағы мүгедекке күтім жасау үшін төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының енгізілуімен және төленілуімен түсіндіріледі. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісі №165-VI ҚРЗ «Әлеуметтік қамтамасыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 маусымнан бастау алған.

Осылайша, біз мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен төлемдердің барлық түрлері мөлшерінің жыл сайын ұлғаюын байқаймыз, жүргізіліп

жатқан әлеуметтік саясаттың тиімділігін халықты әлеуметтік қорғаудың ел халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсартуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, халықты атаулы әлеуметтік қолдауға бағытталғанын растайды. Біздің пікірімізше, Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғаудың барлық негізгі қағидаттары сақталады, атап айтқанда - адамгершілік, әлеуметтік әділеттілік, атаулылық, кешенділік, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы халқының ақшалай табыстарының құрылымы (2017, 2018, 2019 жылдардың IV тоқсандағы) табыс көздерінің түрлері бойынша 3-ші кестеде көрсетілген.

3 кесте

Халықтың ақшалай табыстарының құрылымы

пайызбен

	2017 жылғы IV тоқсан			2018 жылғы IV тоқсан			2019 жылғы IV тоқсан		
	барлығы	соның ішінде		барлығы	соның ішінде		барлығы	соның ішінде	
		қалада	ауылда		қалада	ауылда		қалада	ауылда
Ақшалай табыс	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
Еңбек қызметінен түсетін кірістер, соның ішінде	75,7	76,2	74,8	73,7	73,6	74,1	72,2	72,0	72,6
Жалдау бойынша жұмыстан түскен табыс	65,1	68,3	58,5	62,9	65,7	57,3	61,8	64,4	56,4
Дербес жұмыспен қамтылудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс	10,6	7,9	16,3	10,8	7,9	16,8	10,4	7,6	16,2
Әлеуметтік трансферттер	19,9	19,3	21,3	21,9	21,9	22,0	23,8	23,8	23,9
Зейнетақы	16,8	16,7	17,0	18,8	19,2	18,1	20,2	20,8	19,0
Жәрдемақылар	2,7	2,2	3,7	2,7	2,3	3,4	2,9	2,4	3,9
АӘК және тұрғын көмек	0	0	0	0	0	0	0,3	0,2	0,5
Шәкіртақы	0,4	0,4	0,6	0,4	0,4	0,5	0,4	0,4	0,5
Меншіктен түсетін табыс	0,5	0,5	0,3	0,5	0,7	0,3	0,5	0,6	0,2
Туысқандардан материалдық көмек, алименттер, басқа да табыстар	3,9	4,0	3,6	3,9	3,8	3,6	3,5	3,6	3,3

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері [9].

3-ші кестеде көріп отырғанымыздай, 2019 жылғы IV тоқсанында халықтың ақшалай табыстарының құрылымында 23,8% және 20,2% көрсеткен әлеуметтік трансферттер мен зейнетақылар жыл сайын ең көп үлеске ие. Біздің пікірімізше, қала және ауыл халқының ақшалай табыстар құрылымында белгілі бір құрылымдық айырмашылықтар бар, мысалы, өз бетінше жұмыспен айналысудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыста және жалданып жұмыс істеуден түскен табыста, жалпы қалалық және ауылдық еңбек нарығының негізгі ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының коронавирустық инфекцияның пандемиясымен байланысты, көптеген елдерде экономикалық құлдырауға әкелді, мұнай мен мұнай өнімдеріне әлемдік нарықтағы сұраныстың төмендеуі біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің қайта қаралуына әсер етті. Жыл басынан бері әлемде коронавирустық инфекция пандемиясы орын алуына байланысты, көптеген елдерде кәсіпорындардың

іскерлік белсенділігі төмендеді, сәйкесінше өнім өндіру көлемі де қысқарылды, мұнай, металл және т.б. стратегиялық табиғи өнімдергі бағасы төмендеді. Бұл әлемдегі экономикалық дағдырыс құбылыстар Қазақстан экономикасына экзогендік макроэкономикалық түрінде жағымсыз әсерін тигізді. Нәтижесінде Қазақстандық отандық өнімдерге жиынтық сұраныс азайды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Ә.А. Смайыловтың айтуынша, 2020 жылғы сәуірінде макроэкономикалық көрсеткіштер қайта қаралып, 2020 жылға арналған республикалық бюджет нақтыланды, атап айтқанда, номиналды ЖІӨ 4,8 трлн. теңгеге 69,7 трлн. теңгеге дейін төмендеді. Мұнай бағасы жыл соңына дейін барреліне 55-тен 20 долларға дейін Доллардың орташа жылдық есептік құны 440 теңгеге дейін ұлғайтылды және инфляция коридоры деңгейі 9-11%-ды құрады. Бұл болжам нашар жағдайға дайындалу үшін консервативті сценарий болып табылады, бірақ үміттенуге болады.

Бұл бюджетті нақтылаудың негізгі міндеті елдегі жұмыспен қамтуды, халықтың табысын қолдау, бизнесті қолдау және біздің республикалық бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету болды [11].

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, әлеуметтік салаға және кәсіпкерлерді қолдауға көзделген нақтыланған бюджетте қаржы қаражатын түпкілікті алушыларға дер кезінде жеткізу. 2020 жыл ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі табыстар бойынша нақтыланған жоспардың орындалуын олардың өсу қарқынын төмендетпей қамтамасыз ететін болады.

Түрлі ерекшеліктерімен сипатталатын әлеуметтік жүйені дамытудың шетелдік тәжірибесін талдау әлеуметтік саясатын іске асыруға әсер ететін мынадай басты факторларды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

- жалпы мемлекеттік саясаттың стратегиялық мақсаттарындағы әлеуметтік саясаттың маңызды рөлі;
- үкімет, азаматтық қоғам және кәсіпкерлік сектор арасында әлеуметтік функцияларды қайта бөлу;
- қайта бөлінетін ЖІӨ көлемімен де, мемлекеттік сектордағы үлесімен де айқындалатын мемлекеттік сектордың ауқымы;
- әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері (осы критерий әлеуметтік саясаттың мақсаттары мен құралдарындағы айырмашылықтарды болжайды).

Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес экономикалық саясаттың басымдықтарын ескере отырып, орта мерзімді перспективада экономикалық белсенділіктің өсуінің қозғаушы күші өңдеу салалары, агроөнеркәсіп кешені және сервистік экономика болады.

Индустриялық-инновациялық мемлекеттік даму бағдарламасының және АӨК-нің жобаларын іске асырудың барысында жаңа өндірістік қуаттарды ашу, жоғары бөліністі салаларды жедел дамыту, шикізаттық емес экспортты ұлғайту және шикізаттық емес секторларға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту есебінен экономиканы әртараптандыру жалғасатын болады.

2021 жылға арналған республикалық бюджетте шығыстардың жаңа бастамалары көзделген:

- «Ауыл-Ел бесігі» арнайы жобасын іске асыру;
- «Жұмыспен қамту жол картасы» арнайы бағдарламасын жүзеге асыру;
- АӨК субъектілерін субсидиялау;
- «Бизнестің жол картасы - 2025» бағдарлама бойынша субсидиялау және кепілдік беру;
- «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын қаржыландыруды ұлғайту [12].

Қорытынды

Сонымен қатар, Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғау мен қолдау мәселелері өте өзекті болып табылады және мемлекет тарапынан әлеуметтік саясатқа, оның тиімді жүзеге асырылуына үлкен көңіл бөлінуде. Мақалада қазіргі кездегі әлеуметтік қолдауды іске асыру механизмдерінде өзекті мәселелер мен қазіргі заманғы үрдістер зерттелді, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтары үшін әлеуметтік қолдаудың маңыздылығы мен қажеттілігі контекстінде қарастырылды. Алайда, әлеуметтік салада үкіметтік стратегияларды, мемлекеттік бағдарламаларды, тұтастай алғанда елдің әлеуметтік саясатын жүзеге асыру саласындағы даму тұжырымдамалары арқылы өз шешімін талап ететін, табатын бірқатар мәселелер, проблемалар бар.

Жүргізілген зерттеу мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен төлемдердің барлық түрлерінің тұрақты қолайлы динамикасын және жыл сайын ұлғаюын көрсетті. Біздің пікірімізше, бұл Қазақстанда мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың жоғары тиімділігін көрсетеді, халықты әлеуметтік қорғаудың және халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсартуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, атаулы әлеуметтік қолдауына бағдарлануын және бағытталуын растайды.

Осылайша, Қазақстанда халықты әлеуметтік қолдау механизмін іске асыруда әлеуметтік саясаттың барлық негізгі қағидаттары сақталады, олардың негізгілері әлеуметтік әділеттілік, атаулылық, кешенділік, тұрақтылық, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету. Әлеуметтік қолдау механизмін іске асыру әлеуметтік сала мен инфрақұрылымды қаржыландыру және дамыту мәселелеріне, мемлекет ресурстарын, жеке топтар мен топтар арасында кірістерді бөлуге және қайта бөлуге мәселелеріне тікелей түседі.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі №396 қаулысы (2016 жылғы 31 мамырдығы өзгерістер мен толықтырулармен) / https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31543916#pos=3;-50 (қаралған күні: 23.05.2020)
2. Волгин Н.А. Әлеуметтік саясат: оқулық / Н.А. Волгин ред. / 2-ші басылым / Экзамен, 2004, 736 бет
3. Горелов Н.А. Кірістер саясаты және халықтың тұрмыс сапасы: оқу құралы / Питер, 2003, 653 бет
4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсы / <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/about?lang=ru> (қаралған күні: 27.05.2020)

5. Джусибалиева А.К. Қазақстанның еңбек нарығын талдау және жұмыспен қамту мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары / А.К.Джусибалиева, Г.Н.Сүлейменова, А.А.Орынбасарова / Экономика и статистика №1 2020, 84-94 бет
6. Антикризисные меры Правительства: сколько средств будет направлено на поддержку граждан и экономики в условиях ЧП / Жаңалықтар. Пікірлер/ 2020 жылғы 17 сәуір / Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы / <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/antikrizisnyemery-pravitelstva-skolko-sredstv-budet-napravleno-na-podderzhku-grazhdan-i-ekonomiki-v-usloviyah-chp-1731059> (қаралған күні: 26.05.2020)
7. Нұрымбетов Б.Б. 3,7 миллионнан астам қазақстандық 42500 теңгені қайта ала алады / Жаңалықтар. Пікірлер / 2020 жылғы 11 мамыр / Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы / <https://primeminister.kz/ru/news/press/bolee-37-mln-kazahstancsev-povtorno-poluchat-42-500-tenge-b-nurymbetov-114529> (қаралған күні: 27.05.2020)
8. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары / Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген / Қазақстан Республикасының Стратегиялар мен бағдарламалар / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты / https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs (қаралған күні: 21.05.2020)
9. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы / <https://stat.gov.kz/official/industry/66/statistic/8> (қаралған күні: 25.05.2020) / <https://stat.gov.kz/edition/publication/month> (қаралған күні: 27.05.2020) / <https://stat.gov.kz/edition/publication/quarter> (қаралған күні: 26.05.2020)
10. «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 5 сәуірдегі №365-І Қазақстан Республикасының Заңы (2020 жылғы 6 мамырдығы өзгерістермен және толықтырулармен) / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011745> (қаралған күні: 24.05.2020)
11. Смаилов Ә.А. Жұмыспен қамту және халық табысы – ел бюджетін нақтылаудың негізгі міндеті / Жаңалықтар. Пікірлер / 2020 жылғы 11 мамыр / Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы / <https://primeminister.kz/kz/news/press/a-smayylov-zhumyspen-kamtudy-koldau-zhane-halyk-tabysy-el-byudzhetin-naktylaudyn-negizgi-mindeti-1144650> (қаралған күні: 26.05.2020)
12. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған болжамы / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсы / <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/38445?lang=ru> (қаралған күні: 2.06.2020)

Резюме:

Мақалада қазіргі заманғы Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қолдауды жүзеге асырудың өзекті мәселелері мен тетіктері зерттелді. Мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды бөлігі ретінде, әлеуметтік саясаттың іске асырудың құралдары мен бағыттары қарастырылды. Авторлар Қазақстан Республикасының әлеуметтік саланы реттеу облысындағы заңдарына соңғы өзгерістер мен толықтыруларға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің дағдарысқа қарсы шараларына, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес зерттелетін әлеуметтік саладағы өзекті міндеттер мен оларды шешу жолдарын белгіледі. ҚР-да халықты әлеуметтік қорғау мен қолдаудың негізгі индикаторлары мен көрсеткіштерінің деректеріне талдау жүргізілді.

Негізгі сөздер: әлеуметтік саясат, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қолдау, мемлекеттік жәрдемақылар, атаулы әлеуметтік көмек, әлеуметтік қамсыздандыру, айлық есептік көрсеткіш, жұмыспен қамту, жұмыссыздық.

В статье изучены актуальные вопросы и современные механизмы реализации социальной поддержки населения в РК. Рассмотрены инструменты и направления реализации социальной политики населения как важнейшей части экономической политики государства. Авторами обозначены актуальные задачи и пути их решения в исследуемой области в соответствии с последними изменениями и дополнениями в Законах Республики Казахстан в области регулирования социальной сферы, антикризисными мерами Правительства Республики Казахстан, Концепцией социального развития Республики Казахстан до 2030 года, Стратегическим планом развития Республики Казахстан до 2025 года. Проведен анализ данных основных индикаторов и показателей социальной защиты и поддержки населения в РК.

Ключевые слова: социальная политика, социальная защита, социальная поддержка, государственные пособия, адресная социальная помощь, социальное обеспечение, месячный расчетный показатель, занятость, безработица.

The article examined current issues and modern mechanisms for the implementation of social support of the population in Kazakhstan. The tools and directions of the implementation of the social policy of the population as the most important part of the state economic policy are considered. The authors outlined the urgent tasks and ways to solve them in the studied area in accordance with the latest changes and amendments to the Laws of the Republic of Kazakhstan in the field of social regulation, anti-crisis measures of the Government of the Republic of Kazakhstan, the Concept of social development of the Republic of Kazakhstan until 2030, the Strategic development plan of the Republic of Kazakhstan until 2025 of the year. The analysis of the data of the main indicators and indicators of social protection and support of the population in Kazakhstan.

Keywords: social policy, social protection, social support, state benefits, targeted social assistance, social security, monthly calculation indicator, employment, unemployment.

Авторлар туралы мәлімет:

Молдабекова Г.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан қаласы)

Раимбеков Ж.С. - экономика ғылымдарының докторы, «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан қаласы)

JEL:O18

Тұрғын үй қолжетімділігінің статистикалық көрсеткіштері

А. Алхуат

Кіріспе

Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштердің деңгейі мен серпініне әсер ететін маңызды факторлардың бірі - тұрғын үй секторы мен тұрғын үй нарығының жағдайы. Қоғамның әлеуметтік күші, жұмыс күші жетіспеушілігі, еңбек ұтқырлығы және басқа факторлар көбінесе халықтың қазіргі заманғы талаптарына сай келетін тұрғын үйдің жеткілікті мөлшерімен, халықтың әр түрлі топтарының өкілдерінің пәтер алу қабілеттілігіне сәйкес анықталады.

«Тұрғын үй қатынастары» заңына сәйкес, тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (дара тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме). [4]

Тұрғын үй және құрылыс саласы әлеуметтік өндірістің бөлігі, мемлекеттің әлеуметтік әл-ауқатының көрсеткіші болып табылады. Энгельстің пікірінше, баспанаға қанағаттану деңгейін «басқа қажеттіліктердің қанағаттандырылуына байланысты өлшеуге болады». Тұрғын үй құрылысы әрқашан экономикалық дамудың күшті факторы болады. Біріншіден, адамдар өздерінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тамақ, киім және басқа да негізгі қажеттіліктерге ақы төлеуге мәжбүр, бірақ сонымен бірге жинақтарын жинап, баспанамен қамтамасыз етуді қалайды. Екіншіден, тұрғын үй құрылысын дамыту жобалау, құрылыс материалдары индустриясы, инфрақұрылым құрылысы, сауда кәсіпорындары, жол құрылысы, қалалық көлік сияқты қызметтің басқа бағыттарын дамытуды талап етеді. [5]

Тапсырмаларды қалыптастыру

Қазақстан нарығында соңғы жылдары жиі қолданылатын «қолжетімді баспана» ұғымы әлі күнге дейін біртұтас түсінік бермейді. Айта кету керек, бұл термин Қазақстанға жақында келді. Тұрғын үй саясаты саласындағы халықаралық кәсіби айналымда екі түсінік қолданылады: «affordability» және «accessibility», орыс тіліне «қолжетімділік» деп аударылған.

Ағылшын тіліндегі «қолжетімділік» мағынасындағы қолжетімділік әлеуметтік бағдарды бір мәнді түрде түсіндіреді және оны нарықтық жағдайда, яғни әлеуметтік тұрғын үйдің синонимі ретінде өз бетінше ала алмайтын халықтың санаттарына тиісті тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі.

БҰҰ құжаттарында тұрғын үйдің «қолжетімділігі» ұғымы келесідей түсіндіріледі: «қолжетімді баспана дегеніміз - тұрғын үйдің жергілікті нарығында ұсынылғаннан гөрі төмен бағамен ұсынылатын

тұрғын үйдің бағасы. Бұл тұжырымдамада жалға берілетін тұрғын үй, субсидияланған арзан жеке тұрғын үй, оның ішінде жеке меншік, кейбір нарықтық жағдайларда сатылатын арзан баспана болуы мүмкін. Жергілікті өзін-өзі басқару жоспарлары мен тұрғын үй жоспарлары жоғарыда аталған мағынада қолжетімді баспана ұсынуды қамтуы керек.»

«Accessibility» термині «қолжетімділік» мағынасында мүлдем басқа мағынаға ие: оны сатып алуға немесе жалға алуға арналған барлық нарықтық тетіктер үшін еркін нарықта тұрғын үймен жеткілікті түрде қамтамасыз ету. [2]

Біздің нарықтағы қолжетімді баспана мәселесін талқылау кезінде «қолжетімді баспана» категориясын түсінудің келесі тәсілдері жиі кездеседі:

- Тұрғын үй нарығының элементі. Сонымен қатар, қолжетімді тұрғын үй нарығының әрекет ету тетігі келесі процестермен реттеледі: тұрғын үй нарығындағы халықтың сұранысының төлем қабілеттілігі, құрылыс көлемі және құрылыс кешені кәсіпорындарының тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі.

- Тұрғындар сатып ала алатын тұрғын үй, оның ішінде нарықта бар ипотекалық несиелеу, субсидиялар және т.б. арқылы.

- Арзан тұрғын үй, яғни тұрғын үй қорының бағасы төмен болуы мүмкін тұрғын үй бөлігі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету мәселесі елімізде басты мақсаттардың бірі болып отыр. Біздің еліміздің көптеген азаматтары үшін тұрғын үй жағдайларын жақсарту - бұл басым бағыттардың бірі. Мемлекеттің тұрғын үйге қатысуы тұрғын үй құрылысының бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Негізгі мақсат - тұрғын үй құрылысына жеке инвестицияларды тарту және мемлекеттік-жеке меншік серіктестікті ынталандыру, құрылыс аудандарының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын, жеке тұрғын үй құрылысын дамыту, сондай-ақ құрылыс индустриясын дамыту арқылы азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау. Бұл мақсатты орындауда статистика мәліметтері өте маңызды. Себебі, халықтың қажеттілігін білу, қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мемлекеттік шараларының нәтижесі және т.б. мәселелерді қарастырады.

Іс жүзінде БҰҰ мемлекетте баспана қаншалықты қолжетімді екенін анықтау үшін тұрғын үйге қолжетімділік коэффициентін қолданады. Өлемдік тәжірибеде келесідей көрсеткіштер қолданылады:

1) Price to Income Ratio (баға мен табыстың арақатынасы)

2) Mortgage as percentage of income (отбасы табысындағы ипотекалық төлемнің үлесі)

3) Affordable index (тұрғын үй қолжетімділік индексі)

4) Price to rent ratio (жалпы ренталық мультипликатор)

5) Gross Rental Yield (капиталдандыру мөлшерлемесі).

Баға мен табыстың арақатынасы, егер барлық жалақы осы тұрғын үйді төлеуге жұмсалатын болса, үйді сатып алу үшін қажетті жыл санын көрсетеді.

Отбасылық табыстағы ипотекалық төлемнің үлесі отбасылық табыстағы ай сайынғы ипотекалық төлемнің үлесін көрсетеді. Олипотеканың нақтылайлық құнының үй шаруашылығының кірісіне қатынасы ретінде есептеледі. Есептерде ауданы 90 ш.м. тұрғын

үй сатып алу үшін неше жылға 100% ипотека пайдаланылды.

Жалпы ренталық мультипликатор тұрғын үйді сатып алу немесе жалға алу артықшылығын көрсетеді. Тұрғын үйдің орташа құнының оның жалға алу мөлшерлемесіне қатынасын баяндайды. Төмен құны үйді жалға алудан гөрі сатып алу жақсы екенін айтады, ал жоғары құны-жалға алу жақсырақ екенін көрсетеді.

Капиталдандыру мөлшерлемесі жалға алу бағасы мен тұрғын үйді сатып алу арасындағы алшақтықты көрсетеді. Жыл сайынғы тұрғын үй жалдау төлемдерінің тұрғын үй құнына қатынасы. Бұл көрсеткіш төмен болса, тұрғын үйді жалға алу да тиімді.

1 кесте

Мемлекеттер бойынша тұрғын үйге қолжетімділіктің салыстырмалы көрсеткіштері

Дәрежесі	Мемлекет	Баға мен табыстың арақатынасы	Отбасы табысындағы ипотекалық төлемнің үлесі, %	Тұрғын үй қолжетімділік индексі	Жалпы ренталық мультипликатор		Капиталдандыру мөлшерлемесі, %	
					қала орталығында	қала шетінде	қала орталығында	қала шетінде
1	Сауд Арабиясы	2,89	20,64	4,85	13,84	12,43	7,22	8,04
2	АҚШ	3,52	26,35	3,79	9,65	8,90	10,36	11,23
12	Дания	7,45	44,56	2,24	24,77	24,58	4,04	4,07
17	Канада	7,97	56,41	1,77	23,33	18,94	4,29	5,28
32	Германия	9,38	56,33	1,78	31,01	28,25	3,22	3,54
34	Италия	9,71	59,11	1,69	25,92	20,94	3,86	4,78
45	Ресей	10,77	129,82	0,77	16,99	16,82	5,89	5,95
46	Гондурас	10,77	130,96	0,76	40,25	13,50	15,89	6,29
47	Қазақстан	10,86	176,94	0,57	15,45	16,72	6,47	5,98

Дереккөз: numbeo.com сайтының деректері [10].

1 кестеде numbeo.com сайтынан алынған тұрғын үй қолжетімділік көрсеткіштері көрсетілген. Қазақстан бұл аталмыш рейтингте 47 орында. Көріп тұрғандай, орташа жалақы мөлшерімен Қазақстан азаматтарына толықтай 12 жыл тұрғын үйді бастапқы тұрғын үй нарығынан алуға мүмкіндік болады. Ипотекалық төлемнің отбасы кірістеріндегі үлесі 177% құрайды, бұл біздің елімізде тұрғын үйді ипотека арқылы сатып алу қолжетімділік дейгейінің төмендігін байқатады. Сонымен қатар, қала орталығындағы капиталдандыру мөлшерлемесі 6,47% құрайды, яғни үй сатып алуға қарағанда үйді жалға алған тиімдірек. Бірақ, басқа мемлекеттердің аталмыш көрсеткішімен салыстырғанда біздің елімізде бұл көрсеткіш жоғары. Сауд Арабиясы тұрғын үйге қол жетімділіктің деңгейіне байланысты бұл тізімде бірінші орында. Тұрғын үй сатып алу үшін небәрі 3 жылдық толық жалақы мөлшері қажет болады, ал ипотека

жалақының жалпы құнынан 20,64% құрайды. Канада, Германия және Италия сияқты елдерде тұрғын үй сатып алуға басқа мемлекеттермен салыстырғанда аз уақыт кетеді және жалақы мөлшерінен ипотека үлесі 60%-дан төмен болып табылады.

Тұрғын үй қолжетімділік мағынасы көріп тұрғандай маңызды, ауқымды ұғым. Бұл ұғымда тек азаматтардың тұрғын үй сатып алу қабілеттілігі ғана емес, ипотекалық несиелердің қолжетімділігі, тұрғын үйді жалға алу мүмкіндіктері, сонымен қатар, елімізде бар тұрғын үйлердің қазіргі жағдайы және т.б. көрсеткіштерді айтуға болады. Осындай көрсеткіштерді шет елдердің статистика органдарының тәжірибесін қолдана отырып біздің мемлекетте де қалыптастыруға болады. Бүгінгі таңда Қазақстандағы тұрғын үйдің жай-күйін зерттеу, сондай-ақ оны одан әрі дамыту статистиканың шынайы және толық ақпаратынсыз мүмкін емес.

Тұрғын үйдің жалпы алаңы және тұратын бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілуі



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері [3].

Халықтың әл-ауқатының артуына байланысты елдің тұрғын үй қоры артып келеді. 2015 жылы 340,6 млн шаршы метр болған тұрғын үй қоры 2019 жылғы деректер бойынша 364,3 млн шаршы метрды құрады. Ал бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілу 21 шаршы метрден 22,2 шаршы метрге ұлғайған. Алайда, БҰҰ стандарттарына сүйенсек, бір адамға

шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілу 30 шаршы метрді құрау қажет. Дамыған мемлекеттерде бұл көрсеткіш біршама жоғары, мысалы АҚШ-та 70 шаршы метрді құраса, Германияда 43 шаршы метр. Бұл дамыған мемлекеттерде азаматтардың кірісінің жоғары болуымен қатар ипотекалық несиенің қолжетімділігімен түсіндіріледі (1 сурет).

2 кесте

Апатты жағдайдағы тұрғын үйлер және ол үйлерде тұратын адамдар саны


	Барлығы бірлігі	Жалпы алаңы, мың шаршы м	Тұратындар саны, адамдар
Қазақстан Республикасы	3 441	1 449,0	69 389
Ақмола	130	7,5	480
Ақтөбе	64	16,2	1 108
Алматы	303	39,9	2 438
Атырау	163	35,9	1 897
Батыс Қазақстан	162	27,2	1 880
Қарағанды	135	27,3	1 251
Қостанай	8	3,6	0
Қызылорда	12	4,7	343
Маңғыстау	6	3,2	216
Павлодар	107	19,7	985
Солтүстік Қазақстан	187	26,8	1 383
Түркістан	19	7,0	303
Шығыс Қазақстан	219	36,0	2 114
Нұр-Сұлтан қаласы	196	73,4	5 278
Алматы қаласы	1 726	1 118,7	49 589
Шымкент қаласы	4	1,9	124

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері [3].

Қазақстан Республикасында соңғы деректер бойынша 1449 шаршы метрді құрайтын 3441 бірлік апатты үй бар. Бұл жалпы республикалық үй қорының 0,04%

құрайды. Ең үлкен республикадағы үлес Алматы қаласына келеді: 1188 шаршы метрді құрайтын 1726 бірлік.

Тұрғын үй қорын абаттандыру



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика Комитетінің деректері [3].

Тұрғын үй қорының абаттандыру республикамыз бойынша статистикалық деректерге сәйкес қалалық және ауылдық жерлердегі абаттандыруды салыстырсақ ауылдық жердегі абаттандыру жағдайы қалалық көрсеткіштерден төмен. Республикамыз бойынша сүмен жабдықтау және газбен жабдықтау қалалық және ауылдық жерлерде аса айырмашылықта емес, сонымен қатар кәрізбен жабдықтау қалалық жер-

лерде ауылдық жерлерге қарағанда 2,2% жоғары, ваннамен немесе себезгімен жабдықталу бойынша қалалық жерлерде жалпы алаңнан үлес салмағы 62,7% құраса, ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш тек 7,1% құраған. Осылайша, тұрғын үй қолжетімділігімен бірге тұрғын үй жағдайы, абаттандыру сияқты көрсеткіштерде маңызды.

Тұрғын үйдің 1 шаршы метрі бағасы



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері [3].

Тағы бір тұрғын үй қолжетімділігін сипаттайтын көрсеткіш тұрғын үй бағасы. 3 суретте Қазақстан Республикасында соңғы бес жылдағы жаңа тұрғын үй және көркейтілген тұрғын үйді қайта сату 1 шаршы метр үшін орташа бағасы көрсетілген. 2019 жылға жаңа үй бағасы 1 шаршы метр үшін 293518 теңгені құраса, көркейтілген тұрғын үйді қайта сату бағасы 200379 теңгеге тең болған.

Қазіргі таңда халықтың табыс көзі артқанымен тұрғын үй бағасы да көтерілуде. Ипотекалық несиелер арқылы тұрғын үй қолжетімділігін арттыру жайлы айтсақ, қазіргі таңда бірінші кредиттік бюроның мәліметі бойынша қазақстандықтардың 9,23 млн адам экономикалық белсенді халыққа жатады, оның ішінде 7,46 млн қарыз алушылардың қолданыстағы несиелері, кредиттік карталары немесе ашық кредиттік желілері бар. Соңғы мәліметтерге сәйкес,

тұтынушылық несиелер жалпы несиелер қорының 55% құрайды. Мұндай көрсеткіштер ипотекалық несиелер арқылы тұрғын үй алу мүмкіндігін төмендетеді. [9]

Халықаралық тәжірибеде ипотека қолжетімді тұрғын үйдің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Халық табысының өсуімен (жан басына шаққандағы ЖІӨ) тұрғын үй кредиттеріне деген сұраныс өсуде, мысалы Норвегия мен Швецияда үй иелерін халықтың 60% - дан астамын қамтамасыз етеді. Бұл ретте халықтың шамамен бір пайызы тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін ипотеканы пайдаланатын Қазақстанның көрсеткіштері меншікті тұрғын үй үлесінің жоғары болуымен байланысты.

Осы ретте, ипотекалық несиенің қолжетімді болуы мақсатында шет елдік статистикалық органдардың тәжірибесінде статистикалық деректер жинауға болады.

Еуростаттың деректері бойынша тұрғын үйге қолжетімділік бойынша тұрғын үй статистикасында осындай көрсеткіштер бойынша статистикалық ақпарат жарияланады:

- тұрғын үй түрі;
- тұрғын үйді иелену мәртебесі;
- тұрғын үй сапасы;
- тұрғын үйдің қолжетімділігі. [1]

Қауіпсіз ортада қолжетімді бағамен лайықты тұрғын үй маңызды қажеттілік болып табылады және адамның негізгі құқығы болып саналады. Кедейшілік пен әлеуметтік оқшаулауды жеңілдететін осы қажеттілікті қанағаттандыруды қамтамасыз ету әлі де бірқатар Еуропа елдерінде маңызды мәселе болып табылады.

Еуростаттың деректері бойынша тұрғын үй сапасын бағалаудың негізгі аспектілерінің бірі тұрғын үйде жеткілікті кеңістіктің болуы болып табылады. Артық қоныстану коэффициенті үй шаруашылығына қолжетімді бөлме санымен, үй шаруашылығының өлшемімен, сондай-ақ оның мүшелерінің жасымен және олардың отбасының жай-күйімен айқындалатын, толы тұрғын үйде тұратын адамдардың үлесін сипаттайды. Артық қоныстану коэффициенті толып кеткен үй шаруашылығында тұратын халықтың пайызы ретінде анықталады.

Егер үй шаруашылығында ең аз бөлме саны болмаса, адам көп үй шаруашылығында тұратын болып есептеледі:

- үй шаруашылығына арналған бір бөлме;
- үй шаруашылығында жұпқа бір бөлме;
- 18 және одан жоғары жастағы әрбір адам үшін бір бөлме;
- 12-ден 17 жасқа дейінгі бір жыныстағы жалғыз адам үшін бір бөлме;
- алдыңғы санатқа енгізілмеген 12-ден 17 жасқа дейінгі әрбір жеке адамға арналған бір бөлме;
- 12 жасқа дейінгі екі балаға арналған бір бөлме.

Тұрғын үй толық болудан басқа, тұрғын үйдің тозуының кейбір басқа аспектілері - мысалы, ванна немесе дәретхана болмауы, қараңғы болып саналатын тұрғын үйде немесе үйде шатырдың ағуы сияқты аспектілер ескеріліп, тұрғын үй сапасының неғұрлым жан-жақты өлшемін жасау үшін қолданылады. Нашар тұрғын үй депривациясының коэффициенті тұрғын үйде толы тұратын халықтың пайызы ретінде және жоғарыда аталынған аспектілердің біреуі болған жағдайда айқындалады. Депривация-бұл қажеттілікті қанағаттандыру мүмкіндігінің болмауы немесе азаюы. [7]

Тұрғын үйге қолжетімділік тұрғысынан, тұрғын үй шығындарының шамадан тыс жүктелу коэффициенті бар - бұл тұрғын үйдің жалпы құны қолда бар табыстың 40% -дан астамын құрайтын үй шаруашылықтарында тұратын халықтың үлесі. Қазақстанның статистикалық ақпаратында тұрғын үйге, жалға алуға, тұрғын үйде тұруға немесе ипотекаға жұмсалатын шығыстар туралы деректер жоқ. Мұндай ақпараттың болуы тұрғын үйдің қолжетімділігі туралы деректерді толықтырар еді.

Ұлыбританияның статистикалық органы тұрғын үй құрылысының 14 жиынтық көрсеткішіне талдау жасайды, онда жеке жалдау ақысының қолжетімділігіне, сондай-ақ Англия мен Уэльстегі елдер, өңірлер және жергілікті билік органдары үшін тұрғын үйдің қолжетімділігіне және үй иелену мен әлеуметтік жалдаудың қолжетімділігіне шолу беріледі. Тұрғын үй бойынша жиынтық деректер әртүрлі көздерден Англия мен Уэльс бойынша бар деректерді біріктіреді және жылжымайтын мүлікті иеленудің үш түрлі түріндегі соңғы үрдістерді талдайды. Мүмкін болса, Англия мен Уэльсте ағымдағы тұрғын үй нарығы туралы толық түсінік алу үшін географиялық аймақ пен уақыт бойынша салыстыру жүргізіледі.

Тұрғын үйге қолжетімділік статистикасында тұрғын үйге қолжетімділік факторларының екі жиынтығы бар. Олардың бірі қызметкерлердің жұмыс орнындағы жалақыға байланысты, ал екіншісі қызметкерлердің тұрғылықты жеріне байланысты кірістерге негізделеді. Жұмыс орнындағы тұрғын үйге қолжетімділік коэффициенттері тұрғын үйге қолжетімділіктің негізгі көрсеткіші болып табылады және қызметкер жұмыс істейтін жерде қаншалықты қолжетімді баспана туралы түсінік береді. [6]

Тұрғын үйдің қолжетімділігі тұрғын үйдің бағасын жылдық табысқа бөлу жолымен есептеледі. Үйдің бағасы баға статистикасынан алынған. Тұрғын үйге қолжетімділік коэффициенттері жылдық табыс туралы деректерден шығарылады. Жұмыс орнындағы жалақы қызметкер жұмыс істейтін облыс үшін тіркелген табысқа жатады, ал тұру негізіндегі жалақы қызметкер тұратын облысқа жатады. Деректердің екі жиынтығындағы барлық кірістер толық жұмыс күні үшін жалпы жылдық табысқа жатады.

Тұрғын үйдің қолжетімділігі туралы осы статистикалық деректерді орталық және жергілікті билік органдарын қоса алғанда, тұрғын үй саясатын айқындайтын адамдар пайдаланады. Атап айтқанда, олар жергілікті тұрғын үй қажеттіліктерін бағалау үшін, сондай-ақ жергілікті тұрғын үй жоспарларын жасау және мониторингілеу үшін пайдаланылады.

Тұрғын үйге қолжетімділік коэффициенті Ұлыбритания статистика сайтында картада шығарылады және визуалды көрініс елдегі жағдайды анық түсінуге мүмкіндік береді.

Еліміздің алғашқы статистикалық мәліметтер бойынша тұрғын үй туралы барлық ақпарат құрылыс және инвестициялар статистикасы, тұрғын үй тіркелімі және баға статистика әдістемесінде ұсынылған. Бұл есептерде елдің тұрғын үй базасы, абаттандыру, тұрғын үйді пайдалануға беру, тұрғын үй құрылысына инвестициялар, тұрғын үй бағасы туралы ақпарат қалыптастырылады. Сондай-ақ, тұрғын үйге мұқтаж үй шаруашылықтары мен үй шаруашылықтарының тұрғын үйге деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын мәліметтер қарастыру да өзекті болар еді. Тұрғын үй саласындағы статистика органдарын зерттеудің негізгі мақсаты алынған ақпаратты мемлекеттік деңгейде

басқару шешімі үшін табысты қолдану болып табылады. Тиісінше, кейбір себептер бойынша өзінің тұрғын үй жағдайларын дербес жақсарту алмайтын немесе тұрғын үй сатып ала алмайтын азаматтарды жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етуде көмек көрсету қажеттілігінің белгілерін анықтау, сондай-ақ тұрғын үй беруді жүзеге асыратын органдардың қызметіне тұрақты бақылауды іске асыру негізгі міндет болып табылады.

Ең алдымен, тұрғын үй қорына бағдарланған тұрғын үй статистикасы халықтың өмір сүру жағдайларына неғұрлым орташа сипаттама береді және қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік бермейді. Оларға жауап беру үшін неғұрлым барабар ақпарат халықтың толық санағы мен іріктеп тексерулерінен тұрады. Халықаралық танылған стандарт болып табылатын халық санағы мен тұрғын үй қоры санағының үйлесімі тұтастай халықтың және оның жекелеген топтарының өмір сүру жағдайларын неғұрлым егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік береді.

Халық санағы-бүкіл әлем бойынша жүйелі түрде және біздің елде де жүргізіліп жатқан ең ірі статистикалық рәсім. Егер санақ әдістері туралы айтатын болсақ, бұл күнделікті ақпарат жинау, деректерді талдау және пайдаланушыларды елдің әрбір азаматын сипаттайтын нақты кезеңге арналған әлеуметтік, демографиялық деректермен қанағаттандыру.[8] Қазақстандық халық санағы бағдарламасында тұрғын үй типологиясы, құрылыс уақыты, сыртқы қабырғалардың материалдары, тұрғын үй көлемі, абаттандыру, бөлмелер саны, сонымен қатар тұрғын аумақтың өлшемі туралы бірқатар жеке сұрақтар бар. Сондай-ақ 2009 жылы халық санағы кезінде тұрғын үй тізіміне бірқатар толықтырулар енгізілді. Мысалы, тұрғын үйді жіктеу:

- жеке үй;
- жеке үйдің бөлігі;
- жеке пәтер;
- жалпы коммуналдық пәтер;
- пәтердегі, жатақханадағы бөлме;
- саяжай үйі.

Тұрғын үй статистикалық ақпаратын жақсарту, толықтыру үшін халық санағына:

- екінші, маусымдық және бос тұрғын үйлердің болуы және сипаттамасы;
- бір тұрғын үйдегі үй шаруашылықтарының саны;
- тұрғын үй орналасқан ғимаратқа кіру мүмкіндігі;
- лифт және тұрақ болуы;
- тұрғынүйшығындары(тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық есебі, жалға алу, ипотека);
- егер жалға берілетін тұрғын үй болса, жалға берілетін тұрғын үй үшін төлем;
- ғимаратты жөндеу қажеттілігі бойынша; - тұрғын үй жайлы ақпараттармен толықтыру қажеттілігі.

Тұрғын үй туралы ақпарат жинаудағы санақтың мақсаты халық пен тұрғын үй сипаттамаларының арасындағы өзара байланысты бағалау болады. Алайда, онда тұратын үй шаруашылықтарына қарамастан,

тұрғын үй және тұрғын үй орналасқан ғимараттың сипаттамасы туралы ақпарат та жиналады.

Тұрғын үй орналасқан ғимаратқа кіру мүмкіндігі дегенімізде ғимаратта пандус, лифт, баспалдақ түрлерінің бар немесе жоқ болуы туралы сұрақтардың қосылуы тиіс. Себебі, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, балалы аналарға ғимаратта жағдай жасалғаны жайлы ақпараттармен толықтырылады. Көп қабатты ғимараттардағы лифтің жағдайы және олардың қолжетімділігі туралы ақпарат жинау ұсынылады. Сондай-ақ, ол қалай жұмыс істейді және қаншалықты жиі жұмыс істейді, жөндеу және техникалық қызмет көрсету уақытылы орындалады ма, оған үнемі қызмет көрсетіледі ме? Сонымен қатар, лифтің өлшемін де ескеру қажет, өйткені лифтің мүмкіндігі шектеулі адамдар пайдаланады және науқастарды жедел жәрдем машиналарына тасымалдауға керек.

Тұрғын үйді жөндеудің жай-күйі мен қажеттілігі туралы сұрақтар, мысалға ғимаратқа жөндеу керек пе, керек болса қай түрі: күрделі жөндеу немесе орта, жөндеу қажет емес деректері, жөндеу қаншалықты қажет екенін білуге көмектеседі.

Бұл сұрақ ғимараттың жөндеуді қажет ететініне және қажетті жөндеудің сипатына қатысты. Бұл сұрақ құрылымның өзінше бірегей жеке сәйкестендіру номері болған жағдайларда қолданылады. Егер санақ осындай сәйкестендіру әдісін ұсынса (мысалы, ғимараттың мекен-жайындағы нөмірі), онда бұл сұрақты қолдануға болады. Пайдалану жағдайларына сәйкес ғимараттарды жіктеу келесі категорияларды қамтуы мүмкін: жөндеу қажет емес, орташа, күрделі жөндеу қажет, және ғимаратта жөндеу мүмкін емес.

Жалға алу мөлшері тұрғын үй шығындарының үй шаруашылығының жалпы шығыстарына қатынасын білуге, сонымен қатар ел азаматының кірісі мен шығыстарын зерттеуге көмектеседі. Жалдау - бұл үй шаруашылығымен айналысатын аудан үшін төленетін тұрақты (апта сайын, айлық және т.б.) сома. Бұл мәселе бойынша ақы төленген абсолютті соманың негізінде емес, жалдау шкаласы бойынша алу оңайырақ. Алынған ақпаратты үй шаруашылығының сипатына немесе тұрғын үйдің сипаттамаларына байланысты қарастыруға болады. Соңғы жағдайда, егер бірнеше үй бір тұрғын үй кешенін иемденсе, онда барлық тұрғын үй жалдау ақысын алу үшін барлық үй шаруашылықтары төлеген жалдау ақысын есептеу қажет. Егер баспана жартылай жалданған болса және оның иесі ішінара иелік етсе, онда санақ мәліметтеріне меншік иесі алып жатқан тұрғын үйдің бір бөлігі үшін жалдау ақысын қосу қажет болуы мүмкін. Тұрғын үйді жалдайтын үй шаруашылықтары төлейтін жалдау ақысының мөлшерімен қатар, оның меншігінде тұратын меншік иесіне тұрғын үй құны туралы ақпарат жинау пайдалы болуы мүмкін. Мұндай шығындар туралы ақпарат ай сайынғы ипотекалық төлемдер, салықтар, коммуналдық төлемдер және т.б. туралы ақпаратты қамтуы мүмкін. Санақ бойынша жалдау ақысы төленетін

тұрғын үйлердің жиһазбен жабдықталғанын немесе жиһаздалмағандығын, сонымен қатар газ, электр, жылу, су және басқа да коммуналдық төлемдерді де ескеретіндігін байқау қажет. Сондай-ақ, сауалнамаға осындай мәселелерді қосу тұрғын үй статистикасының егжей-тегжейлі зерделеуге көмектеседі.

Қорытынды

Тұрғын үйге қолжетімділік - бұл тұрғын үй нарығының қазіргі жай-күйін ғана емес, сонымен бірге тұтастай алғанда экономиканың қазіргі көрінісін, тұрғын үй нарығындағы халықтың динамикасы мен оның үміттерін көрсететін күрделі жан-жақты индикатор. Тұрғын үйге қолжетімділіктің негізгі өлшемі - бұл халықтың төлем қабілеттілігін ескере отырып, оның нақты құны, ол кірістерге, жинақ пен несие алу мүмкіндігіне байланысты. Осылайша, тұрғын үйге қолжетімділік - бұл әртүрлі әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мінез-құлық қатынастарын біріктіретін көп факторлы категория.

Тұрғын үй нарығы нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі болып саналады. Тұрғын үй нарығындағы жағдай көбінесе мемлекет тұрғындарының өмір сүру сапасын анықтайды.

Жылжымайтын мүлік нарығын дамыту саясатын тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту міндеттерімен ғана шектеуге болмайды. Қойылған мәселелерді кешенді шешу халықтың орташа сұранысына ие Қазақстан үшін қолжетімді тұрғын алаңының көлемі мен көлемі жағынан халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет.

Қазіргі заманғы тұрғын үй нарығының қалыптасуына қаржылық тетіктерді дамыту кіреді. Ипотекалық несие мен тұрғын үй жинақ ақшасының қолжетімділігін арттыру, алғашқы төлемдер мен несиелеу мөлшерлемесін төмендету маңызды.

Статистикалық есеп - бұл кәсіпорынның, саланың, экономикалық аймақтың немесе елдің барлық аумағында жаппай, сапалы біртекті әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды тіркеу, қорыту және зерттеу жүйесі. Статистикалық ақпаратты билік пен басқару органдары басқарушылық шешімдер қабылдау үшін пайдаланады.

Тұрғын үйге қолжетімділік мәселелерін шешу, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін статистикалық көрсеткіштер, сондай-ақ осы көрсеткіштердің дұрыс түсіндірілуі маңызды. Тұрғын үй статистикасының әлемдік тәжірибесінде көптеген адамдар үшін тұрғын үйге қолжетімділікті сипаттайтын көптеген көрсеткіштер бар. Тұрғын үй қорының негізгі көрсеткіштері негізінен халық санағы бойынша қалыптасады. Санақ - бұл мемлекеттің белгілі бір уақытта халықтың демографиялық, экономикалық

және әлеуметтік деректерін жинау, жинақтау, талдау және жариялау жөніндегі шарасы. Сондай-ақ құрылыс, тіркеу, баға және тұрғын үй туралы статистика мәліметтері де бар.

БҰҰ стандарттарына сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз етудің стандарты адам басына шаққанда кемінде 30 шаршы метр болуы керек, бұл Қазақстандағы қазіргі адам басына шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етумен салыстырғанда жоғары болып табылады. Ресейде бүгінде бір адамға шаққандағы баспана 24,4 шаршы метрді құрайды, бұл біздің елмен салыстырғанда 13% -ға көп, ал АҚШ-та ол 70 шаршы метр деңгейінде, Германияда әр адамға шаққанда 43 шаршы метр. Дамыған елдердегі бұл көрсеткіштің жоғарылығы кірістердің жоғарылауына және қолжетімді ипотекалық несиеге байланысты.

Сондай-ақ, тұрғын үйге мұқтаж үй шаруашылықтары мен үй шаруашылықтарының тұрғын үйге деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын мәліметтер қарастыру да өзекті болар еді. Өкінішке орай, бізде мұндай деректер статистика органдарында қарастырылмаған. Тұрғын үй саласындағы статистика органдарын зерттеудің негізгі мақсаты алынған ақпаратты мемлекеттік деңгейде басқару шешімі үшін табысты қолдану болып табылады. Тиісінше, кейбір себептер бойынша өзінің тұрғын үй жағдайларын дербес жақсарту алмайтын немесе тұрғын үй сатып ала алмайтын азаматтарды жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етуде көмек көрсету қажеттілігінің белгілерін анықтау, сондай-ақ тұрғын үй беруді жүзеге асыратын органдардың қызметіне тұрақты бақылауды іске асыру негізгі міндет болып табылатын еді.

Сонымен, тұрғын үй қолжетімділік ұғымы тек тұрғын үйді пайдалануға беру жыл сайынғы деректері, тұрғын үй бағасы, тұрғын үй жағдайы деректерін ғана қамтымай, жан-жақты дереккөздерден алынған көптеген көрсеткіштердің жиынтығы. Мақалада көрсетілгендей, шет елдік статистика органдары тұрғын үй қолжетімділігіне байланысты көптеген көрсеткіштер қалыптастырады. Тұрғын үй қолжетімділік коэффициенті, ипотекалық несие қолжетімділігі, тұрғын үй шығындары және ипотеканың жалпы үй шаруашылығындағы шығыны, тұрғын үй жағдайы бойынша пандус, лифт, баспалдақтың болуы, жөндеу жұмыстарының қажеттілігі деректерін халық санағындағы тұрғын үй жайлы сұрақтарына қосып, тұрғын үй қолжетімділігі жайлы деректерді жаңартуға болады. Себебі, статистикалық деректер шегінде көптеген мемлекеттік шешімдер қабылданады, ал дұрыс және жан жақты деректер шешім қабылдауға өз көмегін тигізеді.

Әдебиет:

1. Еуростаттың ресми сайты - https://ec.europa.eu/eurostat/statistics-explained/index.php?title=Housing_statistics (қаралған күні: 27.04.2020)
2. Кошман Н. Пономарев В. Глинский К. Актуальные вопросы жилищной политики в Российской Федерации / УрФО: Строительство. ЖЖК №8 2017г.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресим интернет-ресурсы - <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>. (қаралған күні: 15.04.2020)
4. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары» 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Заңы
5. Қондыбаева С.Қ. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй саясатының жаңа бағыттары – әлеуметтік-экономикалық дамудың негізі / 2013 №3 (97), 122-131 бет
6. Ұлыбританияның мемлекеттік статистика ресми сайты -<https://www.ons.gov.uk/peoplepopulationandcommunity/housing/qmis/housingaffordabilityinenglandandwales> (қаралған күні: 20.04.2020)
7. Уикипедия ресми сайты - <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B5%D0%BF%D1%80%D0%B8%D0%B2%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F> (қаралған күні: 27.04.2020)
8. Уикипедия ресми сайты -https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D1%81%D0%B0%D0%BD%D0%B0%D2%93%D1%8B (қаралған күні: 28.04.2020)
9. Inbusiness.kz ресми сайты - <https://inbusiness.kz/ru/news/govorit-o-zakreditovannosti-naseleniya-stalopromoj>. (қаралған күні: 29.04.2020)
10. Numbeo.com ресми сайты - https://www.numbeo.com/property-investment/rankings_by_country.jsp. (қаралған күні: 30.04.2020)

Резюме:

Мақалада тұрғын үй қолжетімділік мағынасына түсіндірме беріліп, Қазақстан статистика мәліметтеріне сәйкес тұрғын үй қолжетімділік көрсеткіштері талқыланған. Еуростат және Ұлыбритания статистика органдарының тұрғын үй қолжетімділік көрсеткіштеріне талдау жасалынған. Зерттеу нәтижесі тұрғын үйге қол жеткізу мәселелерін халық санағының сауалнамасына, тұрғын үй сипаттамасының бөліміне енгізу болып табылады.

Негізгі сөздер: тұрғын үй қолжетімділігі, тұрғын үй қоры, тұрғын үйдің орташа бағасы, ипотекалық несиелердің қолжетімділігі, тұрғын үйді жалға алу.

В статье дается разъяснение значения доступности жилья, обсуждаются показатели доступности жилья согласно данным статистики Казахстана. Проведен анализ показателей доступности жилья органами статистики Евростата и Великобритании. Результатом обследования является включение вопросов доступности жилья в опросник переписи населения, в раздел жилищных характеристик.

Ключевые слова: доступность жилья, жилищный фонд, средняя цена жилья, доступность ипотечных кредитов, аренда жилья.

The article explains the importance of housing affordability, discusses housing affordability indicators according to Kazakhstan statistics. Indicators analysis of housing affordability has been conducted by statistical authorities of Eurostat and the UK. The result of the survey is the inclusion of housing affordability issues in the census questionnaire in the housing characteristics section.

Keywords: housing affordability, housing stock, average housing price, availability of mortgage loans, rental housing.

Автор туралы мәлімет:

Алхуат А.Қ. – экономика магистрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Алматы облысының Статистика департаменті Талдықорған қаласындағы АОСД өкілдігінің басшысы (Талдықорған қаласы)

JEL: R11

Теоретические аспекты особенностей устойчивого развития экономики регионов Казахстана

Л. Сорокина, Г. Кунафина

Введение

Keywords: small and medium business; small and medium-sized enterprises; economic indicators of enterprises; cluster analysis; cluster profiles.

Сведения об авторе:

Касенов А.А. – магистр экономики Академии государственного управления при президенте Республики Казахстан, руководитель управления социальной и демографической статистики Департамента статистики Восточно-Казахстанской области Комитета по статистике Министерства Национальной экономике Республики Казахстан (г. Усть-Каменогорск)

JEL: R11

Исследование и оценка потенциала развития кластера строительных материалов в экономике региона Казахстана на примере города Нур-Султан

Н. Досмаганбетов, Н. Молдашов

Важную роль в обеспечении развития экономики страны играет формирование и оценка преимуществ, повышающих конкурентоспособность. В качестве одного из механизмов реализации новой промышленной и научно-технической политики, определяющей эффективность успешной хозяйственной деятельности отдельных стран и регионов, предусматривается создание экономически эффективных кластеров и систем кластеризации. Кластеры работают как инструмент повышения конкурентоспособности региональных экономик любой страны, создают условия для производственного процесса с высокой добавленной стоимостью, способствуют формированию взаимовыгодных отношений между предприятиями, научно-исследовательскими, образовательными, финансовыми организациями и учреждениями и органами власти. На сегодняшний день увеличение интереса к созданию start-up проектов, бизнес-инкубаторов, научно-технических, инновационных центров и технопарков является новой частью экономической политики, основанной на кластеризации регионов, так как появление таких организаций отражается в обеспечении производственно-технологической инфраструктуры, необходимой для доступа предприятий к производственным ресурсам.

Новизна и преимущества системы кластеризации объясняются тем, что она придает особое значение территориальным и социальным аспектам развития региональных экономик, превращаясь в микроэкономическую составляющую. Кроме того, данная система предоставляет наиболее эффективные инструменты для стимулирования развития региональных экономик, которые выражаются в повышении конкурентоспособности региональных производств, повышении занятости и росте доходов бюджета.

Однако данное направление является малоизученным в экономической практике территории Казахстана, например, недостаточная информация, позволяющая мобилизовать кластерообразующие объекты; отсутствие согласованной системы измерителей, свидетельствующей об их эффективном функционировании; требование доказательств концепций о влиянии каких-либо внутренних и внешних факторов, влияющих на успешность функционирования организационно-правовых форм кластерных направлений промышленного производства в регионах. Эффективное функционирование созданного кластера на основе мультипликативного и синергетического эффекта создаст основу повышения конкурентоспособности страны и ее регионов.

В этой связи возникает необходимость разработки механизмов определения экономического потенциала промышленного производства в регионах на основе применения системы кластеризации. Сложность и недостаточная разработанность вопросов формирования конкурентоспособной экономики регионов, основанной на кластерной системе, а также необходимость дальнейшего углубления теории и практики ее приоритетного развития предопределили актуальность темы исследования.

Значительный вклад в развитие теории кластеров внес американский экономист и ученый Майкл Портер. В его трудах рассмотрены проблемы совершенствования организационно-экономического механизма управления инновационным развитием на уровне отдельных отраслей, регионов и предприятий, научно обоснованы кластерные механизмы и инициативы, определены приоритетные научные направления, связанные с управлением инновационными процессами и построением инновационных систем [1].

В странах СНГ по вопросам конкурентоспособности и кластерному подходу посвящены труды А. П. Градова, Р. А. Фатхутдинова, А. П. Агаркова, В. Тарасенко, Е. А. Стрябковой, О. А. Баулиной, Л. А. Карякиной, Ф. В. Шутилова, М. В. Винокуровой, Т. Ш. Абдырова. В Республике Казахстан проблемы повышения конкурентоспособности национальной экономики и развития кластерного подхода исследованы в работах ряда авторов – А. А. Алимбаева, Т. П. Притворовой, А. А. Таубаева, О. Сабдена, К. А. Сагадиева, С. С. Еспаева, А. А. Киреевой и др [2]. Как правило, большинство авторов сходятся во мнении, что методы и средства исследования оценки эффективности внедрения системы кластеризации региональных экономик способствует повышению конкурентоспособности экономики в целом. Однако исследования, отражающие экономический эффект от внедрения кластеризации, представлены в научно-исследовательской литературе недостаточно полно, поэтому требуют дополнительного изучения и совершенствования.

Основными методами исследования для оценки кластеризации регионов отечественной экономики являются системный, экономико-статистический, расчетно-конструктивный методы. В качестве методики оценки потенциала кластеризации экономики региона используются расчеты коэффициента локализации производства на территории региона, коэффициента душевого производства

региона и коэффициента специализации региона в конкретной отрасли.

Формирование и развитие кластеров в строительной отрасли оценивается инновационным потенциалом кластеризации производства строительных материалов и проведением исследования количественного анализа с целью определения наличия условий для создания необходимого кластера.

В качестве количественной оценки потенциала кластеризации строительной отрасли экономики региона используются расчеты коэффициента локализации производства строительных материалов на территории региона, коэффициента душевого производства строительных материалов региона и коэффициента специализации региона в строительной отрасли.

1. Коэффициент локализации производства строительных материалов на территории региона рассчитывается как отношение удельного веса производства строительных материалов, созданной в строительной отрасли промышленности региона, в общем объеме промышленного производства региона и удельного веса производства, созданной в отдельной отрасли промышленности страны, в общем объеме промышленного производства страны.

$$K_L = (q_r / Q_R) \times 100\% / (q / Q) \times 100\%$$

где,

q_r – объем производства строительных материалов в регионе r ;

q – объем производства строительной отрасли в стране;

Q_R – объем обрабатывающей промышленности в регионе r ;

Q – объем обрабатывающей промышленности в стране.

2. Коэффициент душевого производства строительных материалов региона определяется отношением удельных весов объема производства строительной отрасли региона в объеме производства соответствующей отрасли страны и численности населения региона в численности населения страны.

$$K_D = (q_r / Q_R) \times 100\% / (H_r / H) \times 100\%$$

где,

q_r – объем производства строительных материалов в регионе r ;

q – объем производства строительной отрасли в стране;

H_r – численность населения в регионе r ;

H – численность населения в стране.

3. Коэффициент специализации региона в строительной отрасли определяется как отношение

удельных весов объема производства строительной отрасли региона в объеме производства соответствующей отрасли страны и валового регионального продукта региона в валовом внутреннем продукте страны.

$$K_S = (q_r / Q_R) \times 100\% / (GRP_r / GRP) \times 100\%$$

где,

q_r – объем производства строительных материалов в регионе r ;

q – объем производства строительной отрасли в стране;

GRP_r – объем валового регионального продукта в регионе r ;

GRP – объем валового регионального продукта в стране.

Если расчетные показатели данных коэффициентов больше единицы, следовательно, рассматриваемые отрасли выступают как отрасли рыночной специализации. При формировании кластеров и выборе из них наиболее приоритетных необходимо оценить динамику коэффициентов локализации, так как увеличение значения показателей в динамике свидетельствует о возможных дальнейших перспективах роста кластеров, а снижение – об их возможной неперспективности [2].

Для оценки экономической эффективности и потенциала кластеризации строительной отрасли, в качестве объекта исследования используем вид экономической деятельности обрабатывающей промышленности «Производство прочей неметаллической минеральной продукции» города Нур-Султан, так как этот регион считается одним из лидирующих по суммарному вкладу в валовой региональный продукт. В официальной статистике Казахстана производство строительных материалов называется как «производство прочей неметаллической минеральной продукции».

Для расчета показателей коэффициентов оценки кластеризации отрасли производства строительных материалов нам нужны исходные данные рассматриваемого региона и республики в целом. В качестве исходных данных мы используем статистические показатели Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан об объеме обрабатывающей промышленности и производства строительных материалов, о численности населения и валового регионального продукта за 2014-2018 годы (Таблица 1), [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9].

Таблица 1

Исходные данные для расчета показателей оценки кластеризации производства строительных материалов

	2014	2015	2016	2017	2018
Республика Казахстан					
Объем производства строительных материалов, млн. тенге	423 497,4	402 389,7	442 975,4	446 638,2	601 367,1
Объем обрабатывающей промышленности, млн. тенге	5 872 833,5	5 750 815,1	8 046 844,4	9 156 308,7	10 427 355,7
Численность населения, человек	17 160 855	17 415 715	17 669 896	17 918 214	18 157 337
Валовой региональный продукт, млн. тенге	39 675 832,9	40 884 133,6	46 971 150,0	54 378 857,8	61 819 536,4

Продолжение

	2014	2015	2016	2017	2018
г. Нур-Султан					
Объем производства строительных материалов, млн. тенге	72 186,9	70 356,6	65 013,9	54 964,3	62 971,4
Объем обрабатывающей промышленности, млн. тенге	270 794,8	282 539,2	376 719,3	465 823,3	505 132,3
Численность населения, человек	814 419	852 803	872 584	972 692	1 030 577
Валовой региональный продукт, млн. тенге	4 019 602,8	4 809 636,5	4 865 315,4	5 775 621,1	6 705 993,3

Примечание. Составлено авторами на основе данных Комитета по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9].

Таким образом, с помощью расчетов коэффициентов локализации, душевого производства и специализации отраслей промышленности оценим потенциал кластеризации строительной отрасли региона отечественной экономики на примере города Нур-Султан (Таблица 2, Рисунок 1) [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9].

Таблица 2

Показатели коэффициентов оценки кластеризации отрасли производства строительных материалов в г. Нур-Султан

	2014	2015	2016	2017	2018
Коэффициенты локализации производства строительных материалов (K_L)	3,7	3,5	3,1	2,3	2,2
Коэффициенты душевого производства строительных материалов (K_D)	3,5	3,6	2,8	2,2	1,8
Коэффициенты специализации региона в строительной отрасли (K_S)	1,7	1,5	1,4	1,2	1,1

Примечание. Составлено авторами на основе данных Комитета по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9].

Коэффициенты локализации производства строительных материалов, коэффициенты душевого производства строительных материалов и коэффициенты специализации региона в строительной отрасли в городе Нур-Султан за 2014-2018 годы принимают значение больше единицы и полагаем, что отрасль развита более чем в среднем по стране.


Однако, как видно из таблицы 2, значения коэффициентов снижаются из года в год, в частности, значения коэффициентов локализации снизились с 3,7 в 2014 году до 2,2 в 2018 году. Также, значения коэффициентов душевого производства снизились с 3,5 до 1,8 и значения коэффициентов специализации региона с 1,7 до 1,1, соответственно.

Снижение значений расчетных коэффициентов из года в год связано с уменьшением производства строительных материалов в Нур-Султане, т.е. его объем в 2014 году составил 72 186,9 млн. тенге и уменьшился в 2018 году до 62 971,4 млн. тенге (-12,7%). Если смотреть таблицу 1 выше, то мы увидим, что наибольшее снижение приходится на 2016-2017 годы.

На наш взгляд, можно определить ряд факторов, ограничивающих деятельность производства строительных материалов, и соответственно, оказывающих доминирующее влияние на развитие производства отечественных строительных материалов. К таким факторам можно отнести конкурирующий импорт, ограниченность ресурсов, недостаток квалифицированных кадров, административные ограничения и погодные условия [10].

Особое положение, занимает фактор «конкурирующий импорт». Потому что, мы полагаем, что ассортимент отечественной продукции строительных материалов не полностью удовлетворяет потребности современного строительства рассматриваемого региона, как по объему, так и по качеству. В этой связи, необходимо ограничить конкурирующий импорт в регионе, увеличить объемы и повысить качество производства строительных материалов.

Показатели коэффициентов г. Нур-Султан по производству строительных материалов



Примечание. Составлено авторами на основе данных Комитета по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9]

Полученный результат помог сделать вывод о том, что отрасль производства строительных материалов в городе Нур-Султан развито более, чем в среднем по Казахстану. Следовательно, в данном производстве целесообразна реализация кластеризации на региональном уровне.

На основании проведенных расчетов и анализа можно сделать вывод, что отрасль производства строительных материалов соответствует кластерному типу, имеются все необходимые потенциальные участники кластера, в связи с чем его создание на территории в городе Нур-Султан возможно и желательно.

Выводы

В обрабатывающей промышленности города Нур-Султан самым высоким потенциалом формирования и развития кластеров обладает производство строительных материалов – все коэффициенты в данном производстве больше единицы. Следо-

вательно, в данном производстве целесообразна реализация кластеризации на региональном уровне.

Таким образом, на наш взгляд, в результате оценки потенциала кластеризации региональных экономик в Казахстане достигаются следующие цели:

- разрабатываются механизмы модернизации и технологического развития экономики региона или отрасли;
- повышается конкурентоспособность сектора, отрасли, комплексного проекта;
- формируются механизмы кооперации научнообразовательного комплекса и взаимосвязей участников;
- организуется взаимопольное сотрудничество и снижается уровень недоверия;
- получает развитие инфраструктура региона;
- увеличиваются доходы бюджетов;
- достигаются рост доходов населения и увеличение занятости.

Литература:

1. М. Портер. Конкурентная стратегия: Методика анализа отраслей и конкурентов / Пер. с англ. 4-е изд. Альпина Паблишер / Москва 2011, стр.453
2. Т.Ш. Абдыров, Н.С. Досмаганбетов. Assessment of clustering potential of regional economies in Kazakhstan / Scientific journal «The science of person: humanitarian researches» №4(38) Omsk: 2019, pp.176-184
3. Промышленность Казахстана и его регионов, 2014-2018 / Статистический сборник. – Нур-Султан, 2019. - 200 стр. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.stat.gov.kz/edition/publication/collection> (дата обращения: 25.05.2020)
4. Валовый региональный продукт Республики Казахстан / Статистический бюллетень. – Нур-Султан, 2014. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/5> (дата обращения: 26.05.2020)
5. Валовый региональный продукт Республики Казахстан / Статистический бюллетень. – Нур-Султан, 2015. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/5> (дата обращения: 26.05.2020)
6. Валовый региональный продукт Республики Казахстан / Статистический бюллетень. – Нур-Султан, 2016. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/5> (дата обращения: 26.05.2020)

7. Валовый региональный продукт Республики Казахстан / Статистический бюллетень. – Нур-Султан, 2017. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/5> (дата обращения: 26.05.2020)
8. Валовый региональный продукт Республики Казахстан / Статистический бюллетень. – Нур-Султан, 2018. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/5> (дата обращения: 26.05.2020)
9. Демографический ежегодник Казахстана, 2014-2018 / Статистический сборник. – Нур-Султан, 2019. - 279 стр. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/61/publication> (дата обращения: 27.05.2020)
10. Досмаганбетов Н.С., Алиев М.К. Экспертная оценка доминирующих факторов развития кластеров в сфере производства строительных материалов // Конкурентоспособность национальных экономик и регионов в контексте глобальных вызовов мировой экономики: сборник научных трудов [Текст]: / под. ред. Т. В. Ворониной, А. Б. Яценко; Южный федеральный университет. – Ростов-на-Дону; Таганрог: Издательство Южного федерального университета, 2019. – стр. 431-436

Резюме:

Мақалада Нұр-Сұлтан қаласы мысалында Қазақстан өңірлерінің экономикасын дамытуда кластерлеу жүйесінің әлеуетін анықтау және бағалау мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты болып Нұр-Сұлтан қаласы мысалында өңірлік экономикалардың дамуын қамтамасыз ету үшін кластерлеу жүйесін енгізудің экономикалық тиімділік көрсеткіштерін бағалау және оны пайдалану тиімділігін негіздеу табылады.

Негізгі сөздер: бәсекеге қабілеттілік; кластеризация; құрылыс материалдары кластері; құрылыс материалдары өндірісі; локализация коэффициенті; мамандандыру коэффициенті; жан басына шаққандағы өндіріс коэффициенті.

В статье рассматривается вопрос выявления и оценки потенциала кластерной системы в развитии экономики регионов Казахстана на примере г. Нур-Султана. Целью исследования является оценка показателей экономической эффективности внедрения системы кластеризации для обеспечения развития региональных экономик на примере города Нур-султана и обоснование эффективности его использования.

Ключевые слова: конкурентоспособность; кластеризация; кластер строительных материалов; производство строительных материалов; коэффициент локализации; коэффициент специализации; коэффициент душевого производства.

The article considers the issue of identifying and evaluating the potential of the cluster system in the development of the economy of the regions of Kazakhstan on the example of Nur-Sultan. The purpose of the study is to assess the economic efficiency of implementing a clustering system to ensure the development of regional economies on the example of the city of Nur-Sultan and justify the effectiveness of its use.

Keywords: competitiveness; clusterization; cluster of building materials; production of building materials; localization coefficient; specialization coefficient; coefficient of per capita production.

Сведения об авторах:

Досмаганбетов Н.С. – м.э.н., старший преподаватель кафедры «Экономика и предпринимательство» Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (г. Нур-Сұлтан)

Молдашов Н.О. – к.э.н., и.о. профессора кафедры «Экономика и предпринимательство» Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (г. Нур-Сұлтан)

ЖЕЛ: 018

Нұр-Сұлтан қаласының инфрақұрылымдық дамуының қазіргі жағдайын талдау

Б. Жабытай, Ш. Турмаханбетова, М. Жетесова

Кіріспе

Жер шарының немесе ғаламның қай жерінде болмасын, адамзат баласы өмір сүріп жатқан ортада бірінші кезекте өзінің тұрғын үй мәселесін қамтамасыз етуді қарастырады. Тұрғын үй адамның өмір сүруінің және еңбек етуінің ортасы болып табылады. Егер ол іргетасынан бастап тұрғызылса, онда онымен бірге су құбыры, жолдар, электр энергиясы, газ, жылу желілері бар абаттандыру үшін қажетті барлық жағдайлар жасалады. Тұрғын үй құрылысы салынған аумақтың кеңеюіне қарай қалалық көлікті дамыту қажеттілігі де туындайды. Осылайша, қалыпты өмір сүру және жұмыс жағдайын қамтамасыз ететін коммуникациялық нысандар мен қызметтер желісі пайда болады. Қала аумағының өсуіне байланысты тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге қажеттілік те өседі, бұл қалалық инфрақұрылымның үздіксіз өсуіне ықпал етеді.

Өңірлік экономика үшін инфрақұрылым желісінің белгілі бір дәрежеде қолжетімділігінің деңгейі сол өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты. Өңірдің жалпы өңірлік өнімінің (ЖӨӨ)

үлесі және ондағы тұрғындар табыстарының деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, оның инфрақұрылымға деген қол жетімділік деңгейі де соғұрлым жоғары болады [1]. Осыған байланысты, Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасап, өңірдің қаншалықты қалыптасқан жүйе болып табылатындығы мен кемелдену сатысына қалай өтіп жатқандығын анықтауға тырысамыз.

Нұр-Сұлтан қаласы ел астанасы болғаннан бері оның инфрақұрылымдық дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі уақытта, қала елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында 10%-дан астам үлеске ие және инфрақұрылымы аса жақсы дамыған өңірлердің алғашқы үштігіне кіреді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сүйенсек, Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық даму деңгейін ЖӨӨ көлемі, оның республика деңгейіндегі үлес салмағы және жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіштері сипаттайды (1 кесте).

1 кесте

ЖӨӨ көлемі және жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіштері

	2016	2017	2018
ЖӨӨ көлемі, млн. теңге	4 865 315,4	5 775 624,1	6 705 993,3
Өңірдің ЖӨӨ-дегі үлес салмағы, пайызбен	11,1	10,6	10,6
Жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге	5 273,3	5 766,2	6 359,6

Ескерту: [2] әдебиет негізінде авторлар құрастырды.


1-кестеде келтірілген деректер бойынша, өңірдің ЖӨӨ көлемі 2018 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 4865315,4 млн. теңгеден 6705993,3 млн. теңгеге

дейін және жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі де үш жыл аралығында 5273,3 млн. теңгеден 6359,6 млн. теңгеге дейін өскен.

1 сурет

Нұр-Сұлтан қаласының ЖӨӨ көрсеткішінің даму тенденциясы

млрд. теңге



Ескерту: [2] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

1-суреттен өңірдің ЖӨӨ көлемінің он жылдағы даму тенденциясын көруге болады. 2009-2018 жылдарда ел астанасының ЖӨӨ көрсеткіші бес есеге жуық артқан және оның қарқыны ұзақ мерзімге бағытталған ұлғаймалы өспелі тенденция түрінде сипатталады.

Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық даму деңгейінде ЖӨӨ құрылымына да көңіл бөлу қажет. Төмендегі суреттен

байқайтын болсақ, өңірдің ЖӨӨ құрылымында негізгі басым үлестерді сауда саласы (18,6%), жылжымайтын мүлікпен байланысты операциялар (11%), кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (11,6%), құрылыс (7,9%), көлік пен қоймалау (6,8%) және өнеркәсіп (5,8%) салалары иемденеді (2 сурет). Олай болса, өңірдің даму жағдайы осы салаларға мамандандырылғандығымен түсіндіріледі.

2 сурет

2018 жылғы Нұр-Сұлтан қаласының ЖӨӨ көрсеткішінің құрылымы

пайызбен



Ескерту: [2] әдебиет негізінде авторлар құрастырды.

Әрі қарай, Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қарастырайық.

2 кесте

Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері

	Млн. теңге			Өсу қарқыны, %	
	2016	2017	2018	2017/2016	2019/2018
Өнеркәсіп өндірісінің көлемі, млн. теңге	454 412,0	573 927,2	646 674,5	126,3	142,3
Өңдеу өнеркәсібі, млн. теңге	376 719,0	484 886,4	546 873,7	128,7	145
Тамақ өнімдерін өндіру, млн. теңге	29 767,7	35 038,0	36 635,9	117,7	12,2
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау, млн. теңге	65 554,0	74 426,6	87 330,7	113,5	133,2
Сүмен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау, млн. теңге	12 139,0	14 614,2	12 470,1	120,3	102,7
Барлық көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау, млрд. т-км	10,6	9,0	10,2	84,9	96,2
Барлық көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау, млн. тонна	142,6	151,6	154,2	99,3	108,1
Барлық көлік түрлері бойынша жолаушылар айналымы, млн. ж-км	18 916,2	19 131,7	19 239,4	101,1	101,7
Барлық көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау, млн. адам	2 441,1	2 528,5	2 566,0	103,5	105,1
Көлік қызметтері, млн. теңге	560 225,9	605 615,5	634 625,6	108,1	113,2
Байланыс қызметінің көлемі, млн. теңге	145 814,6	159 528,6	172 370,7	109,4	118,2
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге	858 679	956 891	1 067 455	111,4	124,3
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	572 990,0	610 970,2	508 515	106,6	88,7
Тұрғын үйлерді пайдалануға беру, жалпы ауданның мың шаршы метрі	2 256,9	2 359,7	2 378,10	104,5	105,3

Ескерту: [3], [4], [5] әдебиеттер негізінде авторлар құрастырды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Нұр-Сұлтан қаласы Статистика департаментінің деректеріне сәйкес, берілген кестеде 2016-2018 жылдары өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын көрсет-

кіштер қарқынының әртүрлі болғандығын көреміз. Құрылыс жұмыстары мен көліктің барлық түрлері бойынша жүк тасымалдаудан басқа барлық көрсеткіштер өскен.

Нұр-Сұлтан қаласында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі және оның құрылымы өңірдің инфрақұрылымдық дамуында аса маңызды рөл ойнайды. Негізінен, инвестициялар көлемінің

жартысынан астамын жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар қамтамасыз етеді. Төмендегі кестеде 2016-2018 жылдардағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың құрылымы келтірілген.

3 кесте

Нұр-Сұлтан қаласында негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Млн. теңге			Өсу қарқыны, %	
	2016	2017	2018	2017/2016	2018/2017
Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар	837 691,9	944 647,5	1 056 733,7	112,7	126,1
үйлер мен ғимараттар салу және күрделі жөндеу жүргізу бойынша жұмыстар	624 529,6	759 225,7	727 952,2	121,5	116,5
өзге де күрделі жұмыстар мен шығындар	26 203,4	22 229,9	26 084,1	84,8	99,5

Ескерту: [6] әдебиет негізінде авторлар құрастырылды.


Негізгі капиталға салынған инвестициялар 2018 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 837691,9 млн. теңгеден 1056733,7 теңгеге дейін өскен, оның ішінде өзге

де күрделі жұмыстар мен шығындардың көлемі біршама азайған.

3 сурет

Нұр-Сұлтан қаласында негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымының үлес салмағы

пайызбен



Ескерту: [6] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

3-суреттегі деректерге сәйкес, жоғарыда атап өткеніміздей, инвестициялар құрылымында басым бөлігін өңір кәсіпорындарының жеке қаражаттары алады, атап айтқанда, 2016 жылы 45,6%-дан 2018 жылы 65,4%-ға өскен. Ал бюджет қаражатының үлесі, керісінше, 41,9%-дан 11,3%-ға төмендеген.

Әрі қарай, Нұр-Сұлтан қаласының қалалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейін талдау аталған өңір халқының тұрғын үй жағдайы, көлік және байланыс, сауда және қызметтер көрсету, білім беру және ғылым, денсаулық сақтау сияқты салалардың көрсеткіштерін зерттеу арқылы жүзеге асырылады.

Халықтың тұрғын үй жағдайы

Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй нарығы қалалық инфрақұрылымның дамуы үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанда бірінші орында (мысалы, 2018 жылы жалпы ауданы бір адамға 29,8 шаршы метр), бірақ дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Бұл ретте халықтың басым бөлігінің төмен табыстары тұрғын үй сатып алуға немесе құрылысқа несие алуға мүмкіндігі шектелген.

Төмендегі кестеде 2018 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көрсеткіштері туралы статистикалық деректер келтірілген.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру

	2018 жыл			Оның ішінде халықпен	
	жалпы алаңы, шаршы метр	2017 жылға пайызбен	пайдалануға берудің жалпы көлемдегі үлес салмағы, пайызбен	тұрғын жайлардың жалпы алаңы, шаршы метр	2017 жылға пайызбен
Нұр-Сұлтан қаласы	2 378 052	100,8	100,0	164 858	103,8
Алматы ауданы	635 407	118,7	26,7	64 083	126,2
Байқоңыр ауданы	27 338	-	1,2	3 416	-
Есіл ауданы	1 611 851	97,2	67,8	79 134	93,2
Сарыарқа ауданы	103 456	62,3	4,3	18 225	79,0

Ескерту: [6] әдебиет негізінде авторлар құрастырды.

4-кестедегі деректері бойынша, Нұр-Сұлтан қаласында Есіл және Алматы аудандарының тұрғын үйлерді пайдалануға берудің жалпы көлемдегі үлес салмағы салыстырмалы жоғары және сәйкесінше, 67,8% және 26,7% болып табылады. Ал Сарыарқа және Байқоңыр аудандары бойынша үлесі салмағы өте төмен болып отыр. Бұл көрсеткіштер қала аудандары бойынша инфрақұрылымның біркелкі дамымағандығын көрсетеді және қала тұрғындарының оң жағалаудан сол жағалауға (әкімшіліктік орталыққа) қарқынды түрде қоныс аударуымен түсіндіріледі. Дегенменде, тұрғын үйді пайдалануға берудегі үлесі төмен аудандардың инфрақұрылымын көтеру мәселесін шешу қажеттілігі туындайды.

2018 жылы тұрғын үй құрылысына 285 731,6 млн. теңге салынды, бұл 2017 жылғы деңгейімен салыстырғанда 15,4% төмен. Тұрғын үйлердің жалпы санынан 443 жеке үйлер, 170 көппәтерлі үйлер пайдалануға берілді. 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда көппәтерлі тұрғын үй құрылысының 1 шаршы метрінің орташа нақты құны 154,9 мың теңге және халықтың тұрғызыған тұрғын үйлері 78,9 мың теңгені құрады [6].

Көлік және байланыс

Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көлік бағдарлар жүйесінің жалпы ұзындығы 3 мың шақырымнан

асады. Қалада 1223 аялдама пункттері бар. 2015 жылдан бері 38 шақырымнан астам арнайы автобус жолағы бөлінді. Бөлінген жолақтарды енгізу есебінен магистральды көшелердің 70 пайызын қамтитын маршруттық желінің көліктік қаңқасы қалыптастырылды, бұл аялдамалардағы қарбалас сағаттарында автобустардың күту уақытын 24 пайызға азайтуға мүмкіндік берді.

Жақын арада Нұр-Сұлтан қаласында 25 автомобиль жолы, 6 көпір, 9 қозғалыс жолағы, 50-ге жуық инфрақұрылым нысандары салынады. Қазір қалада 1 134 автобустың 35% жаңартылды. Ал 2020 жылдың аяғына қарай бұл көрсеткішті 60%-ға жеткізу жоспарлануда.

Нұр-Сұлтан қаласында жұмыс істеп тұрған сапаржайдың өткізу қабілеті айына 36 мың жолаушыны құрайды. Алдағы уақытта, Нұр-Сұлтан қаласында қала аралық автобустармен жолаушыларды тасымалдау қажеттілігінің өсуіне байланысты 2 жаңа бір типті сапаржай салу жоспарлануда. Әр сапаржайдың өткізу қабілеті айына 135 мың жолаушы деңгейінде болады. Осыған байланысты, қалада халықтың өсуі есебінен жылына 3 миллионға жолаушыға қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін 3 сапаржай жұмыс істейтін болады.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері

	2016	2017	2018	Өсу қарқыны, %	
				2017/2016	2019/2018
Тасымалданған жүк, багаж, жүк-багажы, мың тонна	125 169,51	151 616,76	153 140,64	121,1	122,3
Жүк айналымы, мың ткм	7 432 742,62	9 040 281,8	9 832 329,0	121,6	132,2
Тасымалданған жолаушылар, мың адам	2 204 187,48	2 528 500,97	2 558 045,55	114,7	116
Жолаушылар айналымы, мың жкм	16 123 362,4	19 131 675,6	19 239 445,4	118,6	119,3
Тасымалдаудан түскен кәсіпорын табысы, барлығы, млн. теңге	555 227,8	820 734,0	1 086 240,3	147,8	195,6


Ескерту: [7] әдебиет негізінде авторлар құрастырды.

5-кестедегі деректер бойынша, өңірдегі көлік жұмыстарының экономикалық қызмет түрлері бойынша барлық көрсеткіштері 2018 жылы

өткен екі жылмен салыстырғанда өскен. Әсіресе, тасымалдаудан түскен кәсіпорындар табыстары екі есеге жуық артқан.

Көлік құралдарының саны

бірлік



Ескерту: [7] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

4-суреттегі деректер бойынша, 2018 жылы алдыңғы екі жылмен салыстырғанда жеңіл автокөліктер саны 14266 бірлікке, жүк автокөліктерінің саны 868 бірлікке және автобустар саны 381 бірлікке артқан.

Нұр-Сұлтан қаласының байланыс саласына келетін болсақ, жергілікті телефон байланысы қызметтерінің көлемі 2018 жылы 21607,4 млн. теңгені құрады, бұл 2017 жылғы салыстырмалы бағаларда 7,3% төмен. Интернет желісі қызметтері және ұялы байланыс қызметтері – 160905,5 млн. теңге (12,5% артық) және тиісінше 124871,4 млн. теңге (3,3% кем). Байланыс қызметтерінің жалпы көлеміндегі ең көп үлесті Интернет желісі қызметтерінің (35,7%), ұялы байланыстың (27,8%), өзге де телекоммуникациялық қызметтердің (17,9%), жергілікті телефон байланысының (4,8%), кабельдік инфрақұрылым бойынша, сымсыз желілер бойынша және спутник арқылы бағдарламаларды тарату бойынша қызметтердің (4,6%) көлеміне қатысты көрсеткіштер.

2018 жылғы тіркелген телефон желілерінің саны 3254,9 мың бірлікті, ұялы байланыс абоненттерінің саны 2581 мың бірлікті, интернетке қолжетімділігі бар ұялы байланыс абоненттерінің саны – 1476,5 мың бірлікті, тіркелген Интернет абоненттерінің саны – 2519,2 мың бірлікті құрады.

2018 жылғы жедел деректер бойынша пошта және курьерлік қызмет 20680,5 млн. теңге сомасында көрсетілген.

Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі тиісінше 64,3%-дан 64,5%-ға дейін және 66,2%-ға өсті. Жас топтарының құрылымында ең үлкен өсім 6 жастан 15 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер арасында 2017 жылы 40,7%-дан 2018 жылы 41,3%-ға дейін өскендігі байқалады.

2015 жылдың басындағы жағдай бойынша жалпы қала бойынша халықтың көп баратын нысандар интернет желісіне қоғамдық қолжетімділіктің 33 пункті орнатылды. Халыққа Интернет желісіне тегін кең жолақты қолжетімділікті ұсынуға бағытталған

«Wi-Fi Bus Astana» жобасы шеңберінде, 550 автобус қайта жабдықталды. Осы жоба бойынша ай сайын орта есеппен пайдаланушылар шамамен 2 565 Гб деректерді пайдаланады [8].

Сауда және қызметтер көрсету

Жоғарыда атап өткеніміздей, сауда мен қызметтер көрсету салалары қаланың ЖӨӨ құрылымында басым бөліктерін құрайды және негізгі нарықтық үдерісті ұйымдастырушылық және материалдық жағынан қамтамасыз етуші нарықтық инфрақұрылымға жатқызылады.


Осылайша, сауда және қызметтер көрсету салаларының нарықтық инфрақұрылым ретіндегі экономикалық мақсаттары қаланың экономикалық дамуының нарықтық жұмыс істейтін бөлігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Статистика департаментінің деректерін талдайтын болсақ, өңірде көтерме және бөлшек саудадан тұратын өзара сауда айналымының негізгі көрсеткіштері мынадай болды. Атап айтқанда, көтерме сауда көлемі 2016 жылы 2233203,1 млн. теңге, 2017 жылы 2409758,6 млн. теңге, 2018 жылы 2799679,1 млн. теңге болды. Ал, бөлшек сауда көлемі 2016 жылы 913071,2 млн. теңгені, 2017 жылы 1043940,6 млн. теңгені және 2018 жылы 1143750,3 млн. теңгені құрады. Демек, аталған жылдары өзара сауда айналымының қарқыны оң көрсеткіштерге ие болған [9].

Қызметтер көрсету саласына келетін болсақ, Нұр-Сұлтан қаласының кәсіпорындары мен мекемелері негізінен жылжымайтын мүлікті сатуға, сатып алуға және жалға беруге байланысты қызметтерді; шығармашылық, өнер және ойын-сауық, спорт саласындағы қызметтерді; компьютерлік қызметтер, зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы қызметтерді; басқа да коммерциялық қызметтерді жүзеге асырады.

Қызметтер көрсету саласының кәсіпорындары мен ұйымдары көрсеткен қызметтердің көлемі

млн. теңге



Ескерту: [10] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

5-суретте Нұр-Сұлтан қаласының кәсіпорындары мен мекемелері қызметтер көрсетудің барлық түрлері бойынша 2018 жылы жалпы сомасы 409075,8 млн. теңгеге қызметтер көрсеткен және бұл 2016 жылмен салыстырғанда 110665,6 млн. теңгеге көп немесе жалпы өсімі 27% құрайды [10].

Білім және ғылым

Білім және ғылым саласы қала тұрғындарының рухани-танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Білім және ғылым мекемелері әлеуметтік инфрақұрылымның құрамдас бөлігі болып табылады және білім беру-рухани кіші жүйесіне жатады.

Нұр-Сұлтан қаласының білім және ғылым саласының қазіргі жағдайы жоғары оқу орындары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) жүзеге асыратын ұйымдар саны арқылы талданады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Статистика департаментінің деректеріне сәйкес, қала жоғары оқу орындарының (ЖОО) саны бойынша Алматы қаласынан кейін екінші орынды алады. Нақтырақ айтсақ, 2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласында 15 ЖОО жұмыс істеді, оның ішінде, 3-і мемлекеттік университеттер, 11-і жеке меншік және 1 университет шетелдік меншік нысанындағы мекемелер болып табылады. Сонымен қатар, колледждер саны - 33, оның 12-сі мемлекеттік және 21-і жеке меншік колледждер болды және 1 училище тіркелді. Осылайша, Нұр-Сұлтан қаласы тіркелген оқу орындарының аса көп саны бойынша еліміздің ең ірі мегаполистерінің қатарына жатады [11].

Нұр-Сұлтан қаласында жұмыс істеп тұрған ғылыми ұйымдар, олардың салалық тиістілігіне қарамастан, ғылымның барлық салаларында озық, қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелерді қамтитын ғылыми

зерттеулерді орындайды. Ғылыми мекемелер әлеуметтік инфрақұрылымның құрамдас бөлігі болып табылады және біз атап өткендей, білім беру-рухани кіші жүйесіне жатады.

Нұр-Сұлтан қаласы өңірлік аспектіде республикадағы Алматы қаласынан кейін ҒЗТКЖ-мен айналысқан ұйымдар (кәсіпорындар) неғұрлым көп шоғырланған қала ретінде саналады және 2018 жылы ғылыми ұйымдардың саны 60-қа жетті. 2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы ғылым мекемелерінің ҒЗТКЖ-ға жұмсаған шығындары 24469170,7 мың теңгені құрады. Оның ішінде, бұл шығындардың шамамен 84%-ы, яғни, 20545553,4 мың теңге Есіл ауданында жүзеге асырылды. Соңдай-ақ, 1799492,5 мың теңге Алматы ауданында (7,3%), 1597792,5 мың теңге Байқоңыр ауданында (6,5%) және 526332,3 мың теңге Сарыарқа ауданында (2,2%) орындалды.

ҒЗТКЖ-ға кеткен шығындарды қаржыландыру көздері құрылымының көп үлесі 35% - республикалық бюджет құралдарына, 59% - кәсіпорынның меншікті қаражаттарына, ал 5,5% - басқа дереккөздер құралдарына келеді.

Ұйымдардың қызметтерін талдаудың нәтижесі ҒЗТКЖ басым бағытының инженерлік әзірлемелер және технологиялар саласындағы зерттеулер болып табылатынын көрсетті, олардың ҒЗТКЖ-ға кеткен шығындар сомасындағы үлес салмағы – 51,2% құрады. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы зерттеулерге жұмсалған шығындар – 24%, ауыл шаруашылығы ғылымдары саласындағы зерттеулер – 2,1%, гуманитарлық ғылымдар – 9,7%, медицина ғылымдары – 5,3% және әлеуметтік ғылымдар – 7,7% болды.

2018 жылы ҒЗТКЖ-мен 3081 адам айналысты, оның ішінде, 2342 адам зерттеуші-маман болып табылады. ҒЗТКЖ-ы орындаған ғылым докторлары - 223 адам, бейіні бойынша докторлар - 90 адам, философияның PhD докторлары - 149 адам, ғылым кандидаттары - 419 адам және магистрлар - 592 адам болды [12].

Денсаулық сақтау

Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік инфрақұрылымның - денсаулық сақтау мекемелерінің болуы халыққа қызмет көрсетуге және қызметтер өндіруге мүмкіндік береді. 2018 жылы денсаулық сақтау қызметтерін жүзеге асыратын ауруханалық ұйымдардың саны 34-ке жетті.

Аталған жылы денсаулық сақтау ұйымдарымен негізгі қызмет бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 54411,4 млн. теңгені құрады, оның ішінде 67,5% - бюджет есебінен, 15,7% - халықтан түскен қаражат есебінен, 16,8% - кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалды.

Қызметтердің ең үлкен көлемі ауруханалық мекемелердің қызметі есебінен қалыптасты, олар 28775,8 млн. теңге (52,9%) сомасында қызмет көрсетті. Жалпы дәрігерлік тәжірибемен айналысатын ұйымдар, 8077,1 млн. теңге (14,8%) сомасында, басқа да адам денсаулығын қорғау жөніндегі қызметті жүргізетін ұйымдар – 13218,3 млн. теңге (24,3%) сомасында, тұруды қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар – 1002,2 млн. теңге (1,8%) сомасында қызмет көрсетті [13].

Қорытынды

Сонымен, өңірдің инфрақұрылымдық дамуын сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің қарқынын талдай келе, қала аудандарының тұрғындары арасында инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу бойынша айтарлықтай ерекшеліктердің байқалатынын атап өтуге болады. Бұл, өз кезегінде, білім алу, медициналық қызмет көрсету қызметтеріне қол жеткізу, мәдени орталықтарда лайықты бос уақытты өткізу, тиісті өмір сүру жағдайларын және басқа да қызметтерді қамтамасыз

ету мүмкіндіктерінің теңсіздігіне әкеледі. Осылайша, Нұр-Сұлтан қаласының инфрақұрылымдық даму жағдайын талдау бізге келесідей ой-түйіндеуге мүмкіндік береді.

Бірінші жағдайда, Нұр-Сұлтан қаласы ірі бизнес және қаржы орталығы ретінде қалалық аудандар бөлінісінде қалалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейлері бойынша келтірілген деректерге сәйкес, инфрақұрылымның барлық түрлерімен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген өңірлер қатарына жатқызылады. Дегенменде, қала аудандарында инфрақұрылым нысандарының әрқелкі орналасуы мәселесі болашақта шешілуді талап етеді және осы дамыған өңірге жан-жақтан қоныс аударған қарапайым ел тұрғындары және тұрғылықты халық үшін инфрақұрылымға деген қол жетімділікті де тиімді түрде қамтамасыз ету қажет.

Екінші жағдайда, біз Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстан Республикасының өркендеген бас қаласы ретінде жеткілікті деңгейде тиісті дамыған инфрақұрылыммен, әсіресе тұрғын үйлермен, үй-жайларды абаттандырудың жекелеген түрлерімен, көлік және байланыс инфрақұрылымымен, әсіресе, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарымен қамтамасыз етілгендігі туралы айта аламыз. Алайда, қаланың инфрақұрылымдық даму деңгейін әріқарай жетілдіру мәселесі де туындайды. Ол үшін инфрақұрылымның жаңа түрлерін қалыптастыру және дамыту, соның ішінде, дамыған елдердегі қалалық дамудың озық тәжірибелерін қолға алу және пайдалану, «ақылды қала» үлгісінің сандық жетістіктерін игеру арқылы қала тұрғындарының және қонақтарының инфрақұрылым түрлерінің қарапайым қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыру қажет.

Әдебиеттер:

1. Б. Жабытай, Н. Досмағанбетов Қазақстан Республикасы өңірлерінің қалалық инфрақұрылыммен қамтылу деңгейін салыстырмалы талдау / «Экономика және статистика» ғылыми-ақпараттық журналы №4 2019, 148 бет / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <https://stat.gov.kz/edition/publication/quarter> (қаралған күні: 08.02.2020)
2. «Қазақстан өңірлері» кітапшасы / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> (қаралған күні: 08.02.2020)
3. «Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы» ақпаратты-талдамалық журналы / 2016 / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы https://stat.gov.kz/region/268012/statistical_information/publication (қаралған күні: 08.02.2020)
4. «Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы» ақпаратты-талдамалық журналы / 2017 / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы https://stat.gov.kz/region/268012/statistical_information/publication (қаралған күні: 09.02.2020)
5. «Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы» ақпаратты-талдамалық журналы / 2018 / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы https://stat.gov.kz/region/268012/statistical_information/publication (қаралған күні: 09.02.2020)
6. «Қазақстан цифрларда» кітапшасы / 2018 / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> (қаралған күні: 09.02.2020)

7. «Қазақстан Республикасындағы көлік» статистикалық жинағы / 2018 / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресим интернет-ресурсы <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> (қаралған күні: 10.02.2020)
8. «Қазақстан Республикасында байланыс және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту» статистикалық жинағы / 2018 / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресим интернет-ресурсы <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> (қаралған күні: 10.02.2020)
9. «Қазақстан Республикасындағы бөлшек және көтерме сауда» статистикалық жинағы / 2018 / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресим интернет-ресурсы <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> (қаралған күні: 11.02.2020)
10. «Халықтың өмір сүру деңгейі» статистикалық жинағы / 2018 / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресим интернет-ресурсы <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> (қаралған күні: 11.02.2020)
11. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы / Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки. Білім беру статистикасы / 2018 / <https://stat.gov.kz/official/industry/62/statistic/6> (қаралған күні: 12.02.2020)
12. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы / Өңірлер / Нұр-Сұлтан қаласы / Ғылым статистикасы / 2018 / Нұр-Сұлтан қаласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстары / https://stat.gov.kz/region/268012/statistical_information/ (қаралған күні: 12.02.2020)
13. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы / Өңірлер / Нұр-Сұлтан қаласы / Денсаулық статистикасы / 2018 / Нұр-Сұлтан қаласы бойынша денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер көрсету саласында көрсетілген қызметтер көлемі туралы / https://stat.gov.kz/region/268012/statistical_information/ (қаралған күні: 13.02.2020)

Резюме:

Мақалада Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласының мысалында өңірдің қалалық инфрақұрылымын дамыту мәселелері қарастырылады. Қаланың жалпы өңірлік өнімі, халықтың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім, инвестициялар көлемінің көрсеткіштері, халықтың тұрғын үй жағдайы, көлік және байланыс, сауда және қызметтер көрсету, білім және ғылым, денсаулық сақтау сияқты салалардың кейбір әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне зерттеу жүргізу жолымен өңірдің инфрақұрылымдық дамуы мен инфрақұрылымдық қамтамасыз етілу деңгейін талдау басты мақсаты болып табылады.

Негізгі сөздер: инфрақұрылым; жалпы өңірлік өнім; инвестициялар; тұрғын үй нарығы; әлеуметтік инфрақұрылым; көлік; байланыс; сауда; қызмет көрсету саласы; білім және ғылым; денсаулық сақтау.

